



Б. Керімбекова, Ә. Қуанышбаева

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

Жалпы білім беретін мектептің
5-сыныбына арналған оқулық

*Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрлігі бекіткен*

5



Алматы «Мектеп» 2017

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 83.3Қаз – 922
К32

Керімбекова Б., Қуанышбаева Ә.

К32 **Қазақ әдебиеті. Жалпы білім беретін мектептің 5-сыныбына арналған оқулық.** – Алматы: Мектеп, 2017. – 120 б., сур.

ISBN 978–601–07–0863–1

К $\frac{4306020-061}{404(05)-17}$ 4(1)–17

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 83.3Қаз – 922

© Керімбекова Б., Қуанышбаева Ә., 2017
© «Мектеп» баспасы, көркем
безендірілуі, 2017
Барлық құқықтары қорғалған
Басылымның мүлкілік құқықтары
«Мектеп» баспасына тиесілі

ISBN 978–601–07–0863–1

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз.....	4
Шартты белгілер	5
Әдебиет туралы түсінік	6



Таза, мінсіз асыл сөз.....8

«Керкұла атты Кендебай» ертегісі	11
«Қобыланды батыр» жыры	17
Асанқайғы	28
«Асанқайғының жерге айтқан сыны» аңызы	29



Тәрбиенің қайнар бұлағы.....36

Дулат Бабатайұлы	37
«О, Ақтан жас, Ақтан жас!» өлеңі	38
Ыбырай Алтынсарин	41
«Қыпшақ Сейітқұл» әңгімесі	42
«Атымтай жомарт» әңгімесі	44
«Дүние қалай етсең табылады?» әңгімесі	48



Адамгершілік – асыл қасиет.....54

Ахмет Байтұрсынұлы	55
«Егіннің бастары» мысал өлеңі	56
«Адамдық диканшысы» өлеңі	60
Бердібек Сокпақбаев	63
«Менің атым – Қожа» хикаяты	64
Марат Қабанбай	77
«Бауыр» әңгімесі	–



Отбасы құндылықтары.....90

Тынымбай Нұрмағамбетов	91
«Анасын сағынған бала» әңгімесі	–
Нұрәулет Ақыш	102
«Нағыз әже қайда?» әңгімесі	–
Джек Лондон	108
«Мексика ұлы» әңгімесі	109



Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	117
Тақырыптар бойынша қосымша дереккөздер	–

АЛҒЫ СӨЗ

Сүйікті достарым!

Біз бастауыш сыныпты аяқтап, орта буынға кадам бастық. Бойымыз да, ойымыз да өсіп, бір жасқа есейдік. Біздің маңызды пәндердің бірі – әдебиетпен танысатын уақытымыз келді. Бұған дейін көптеген акын-жазушылардың шығармаларын оқып, ата-аналар мен ұстаздардың көмегімен ой түйдік. Сол оқыған туындылардың бәрі *әдебиет* деген ұғым ішіне сыяды.

Қолымыздағы «Қазақ әдебиеті» оқулығын оқи отырып, ең алдымен, халқымыздың ауыз әдебиеті мұраларымен танысамыз. Ауыздан-ауызға таралып, бүгінгі күнге жеткен ертегілер, батырлар жыры, аңыздар, мақал-мәтелдер және жұмбақтар арқылы туған еліміздің салт-дәстүрінен, тарихы мен мәдениетінен көптеген мағлұмат аламыз. Төл әдебиетімізді оқи отырып, біз өз ұлтымыздың тарихи тамырын танимыз. Өз ойымызды, пікірімізді анық айтуға, түсінгенімізді әдемі жеткізе білуге, шығармашылық ойлау қабілетімізді дамытуға үйренеміз.

Белгілі бір тақырыпқа қатысты ой-пікірімізді, толғаныстарымызды шеберлікпен жаза алуды да осы пән арқылы қалыптастырамыз.

Оқулық арқылы ата-бабаларымыздың басынан өткен түрлі тарихи оқиғалардан хабардар боламыз. Д.Бабатайұлы, Ы.Алтынсарин, А.Байтұрсынұлы, Б.Сокпақбаев және т.б. акын-жазушылардың шығармаларымен танысамыз.

Сонымен бірге бұл оқулықта біздің шығармашылық қабілетімізді дамытып, қызығушылығымызды арттыруға арналған әдеби материалдар мен сол шығармаларды оқуға бағытталған тапсырмалар, сұрақтар дайындалған. Мысалы, «Жас ғалымға көмек» айдары біздің теориялық білімімізді кенейтуге көмектеседі.

Әдебиет акын-жазушылардың шығармаларын оқытып, өмірді тануға баулиды. Әлемдегі түрлі қызықтарды да осы пәнді оқу барысында, яғни «Қызық екен!» айдары арқылы білетін боламыз.

Сондай-ақ біз әр тақырып соңында берілген «Кері байланыс» кезеңі арқылы алған білімімізге баға беріп, танымымызды таразылай аламыз. Адамның өзін-өзі бақылауы, үйренгені мен болашақта үйренетінін саралауы – мақсатқа жетудің негізгі құралдарының бірі.

Пайдаланылған әдебиеттер мен электрондық ресурстардың тізімі оқулық соңында берілді.

Достар, сендер үшін қазақ әдебиеті сүйікті пәндердің бірі болатынына сенеміз!

Біз – рухы биік, бәсекеге қабілетті Мәңгілік Елдің ұрпағымыз! Сондықтан да бәрін білуге біздің шамамыз жетеді.

Олай болса, іске сәт, достар!

Шартты белгілер:



Тыңдайық



Оқиық



Айтайық



Жазайық



Жас ғалымға көмек



Зерттейік



Қызық екен



ӘДЕБИЕТ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

Әдебиет – араб сөзі, қазақ тіліне аударғанда *көркемсөз*, *сөз асылы* деген мағынаны білдіреді. Әдебиет – сөз өнері. Қазақ ғалымы, ақын-аудармашы, тілші, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлы әдебиетке: «Бір нәрсенің жайын, күйін, түрін, түсін, ісін сөзбен келістіріп айту өнері», – деп баға берген.

Әдебиет *ауыз әдебиеті* және *жазба әдебиеті* болып екіге бөлінеді.

Ауыз әдебиетінің ең басты ерекшелігі – авторы болмауы, яғни ол кезде жазу-сызу болмағандықтан, ауыз әдебиетін шығарушылардың аты-жөні ұмыт болған. Сондықтан ауызша шығарылып, халық жадында сақталған ауыз әдебиетінің авторы қашанда халық деп есептеледі. Ауыз әдебиетінің түрлеріне *тұрмыс-салт жырлары, мақал-мәтелдер, жұмбақ-жаңылтпаштар, ертегілер, дастандар, аңыздар, шешендік сөздер, айтыстар* және т.б. жатады.

Ауыз әдебиетінің тағы бір ерекшелігі – ақындық, ән-күй, жыршылық сияқты бірнеше өнер түрлері бірігіп келеді, мұны *синкретизм*¹ деп атайды.

Ауыз әдебиеті туындысының көп жағдайда бірнеше нұскасы кездесе, жазба әдебиетінде автордың өзі жазған бір ғана нұсқа болады.

Жазба әдебиеттің авторы, олардың өмірбаяны, шығармаларының қашан, қандай тақырыпқа арналғандығы белгілі.

Қазақ халқының жазба әдебиетінің ең алғашқы үлгілері көне түркі ескерткіштерінен көрініс табады. Бұл туралы ғалым Бейсенбай Кенжебаев: «Қазақ халқы жазба әдебиетінің тарихын VIII–IX ғасырлардан бастау керек, содан бергі қазақ жерінде жасалған, қазаққа ортақ, бір кезде түсінікті болған жазу-сызуларды, жазба әдебиет нұскаларын зерттеу қажет деп білем»², – деп жазған болатын. Қазақтың төл жазба әдебиетінің қашан және кімнен басталатындығы жөнінде ғалымдар арасында түрлі пікірлер бар. Мәселен, қоғам қайраткері, ғалым Халел Досмұхамедұлы: «Қазақтың жазба әдебиетінің негізін мұсылманша оқыған сауатты ақындар салғаны сөзсіз. Сондықтан да жазба әдебиеттің алғашқы үлгілерін халық поэзиясының діни және ғиبراتтық түрлерінен іздеу қажет»³, – деп жазса, академик Рәбиға Сыздықова: «Қазақтың жазба поэзиясының алғашқы нышандары Дулат өлеңдерінен көрінеді»⁴, – дейді.

¹ *Синкретизм* – өнер түрлерінің бірігуі. Мысалы, айтыс – синкретті өнер. Ол суырыпсалмалық, ақындық, әншілік т.б. өнердің бірігуі.

² *Әдеби мұра және оны зерттеу*. Алматы: Ғылым, 1961.

³ *Досмұхамедұлы Х.* Аламан. Алматы: Ана тілі, 1991.


⁴ *Сыздықова Р.* Қазақ әдеби тілінің тарихы (XV–XIX ғғ.). Алматы: Ана тілі, 1993.



*Жақсы сөз – бейне шам-шырақ
Орнаған мықтап көңілге...*

*Жақсы сөзді ел жаттар,
Ел жаттар сөзде салмақ бар...*

Жамбыл Жабаев






ТАЗА, МІНСІЗ АСЫЛ СӨЗ

Қадірлі достар!

«Таза, мінсіз асыл сөз» тарауында біз:

 Қиял-ғажайып оқиғаларға толы «Керқұла атты Кендебай» ертегісін оқып, ертегілер әлеміне саяхат жасаймыз.

Ертегі – ерте замандардан бері ауыздан-ауызға тарап, бүгінгі күнге жетіп отырған ауыз әдебиетінің бір түрі. Ертегіде түрлі қиял-ғажайып оқиғалар баяндалады. Ертегілер арқылы әрбір халықтың бақыт, өмір, адамдық қасиет туралы көзқарастары көрінеді. Ертегілердің басты кейіпкерлері халық арманынан туған қаһарман бейнелер болып келеді. Олар жақсылықты жақтап, зұлымдыққа қарсы күреседі.

М.Әуезов қазақ ертегілерін мазмұны жағынан *қиял-ғажайып, хайуанаттар, шыншыл* ертегілер деп үшке бөледі¹.


Қиял-ғажайып ертегілер. Ертедегі адамдар табиғат және оның құбылыстары туралы, адам еңбегі, тіршілік көзі, кәсібі, дүниеге көзқарасы, жаратылыс туралы неше түрлі керемет қиял-ғажайып ертегілер тудырған. Олар өздерімен алысқан жаулары мен сол жауларды жеңу жолдары туралы түрлі ертегілер шығарған. Оларды жалғыз көзді дәу, жын-пері, мыстан, Жалмауыз кемпір, жезтырнақ, жетібасты айдаһар және т.б. бейнесінде алған.

Хайуанаттар жайлы ертегілер. Қазақ халқы ерте заманнан бері мал шаруашылығымен, аңшылықпен айналысып келе жатқандықтан, хайуанаттар жайлы әр алуан оқиғаларды ойлап тапқан. Хайуанаттар жайлы ертегінің шығу төркіні жануарларды киелі деп санаған көне дәуірлерге барып тіреледі. Кейін келе жануарлардың образы арқылы адамдарды бейнелеу, оларға ой салып, жол көрсету тәсілдері қалыптасты. Мұны «Ақ қасқыр», «Жігіт пен қасқыр», «Сырттандар» ертегілерінен көреміз.

Сонымен бірге хайуанаттар жайлы ертегілерге «Бөдененің құйрығы неге қысқа?», «Түлкі мен қоян», «Қасқыр мен кірпі» және т.б. ертегілерін жатқызуға болады.

¹ Әуезов М. Шығармаларының елу томдық жинағы. 43-том. Алматы: Дәуір, 2004.

Қазақ ертегілерінің ең мол тараған түрі – **шыншыл ертегілер**. Мұндай ертегілер өмір шындығына жақындау болып келеді. Шыншыл ертегінің кейіпкерлері – көбінесе хан, уәзір, бай, би сынды өмірде болатын адамдар. Мысалы: «Аязби», «Хан мен уәзір», «Ақылды етікші» және т.б.

 Елі мен жерін жауға бермеген батырларымыздың ерлік істеріне «Қобыланды батыр» жырын оқи отырып көз жеткіземіз.

Эпос (грек. *epos* – сөз, баяндау, әңгіме, өлең) – халық ауыз әдебиетінің бір саласы. Эпостың басты ерекшелігі – өмір құбылыстарын кең көлемде қамтып, кейіпкер образын, күрделі оқиғаларды мейлінше мол беру арқылы суреттеу. Халық ауыз әдебиетінде эпикалық жанрдағы шығармалар көп ұшырасады. Оларды төмендегідей топтарға жіктеуге болады: *қисса-дастандар, лиро-эпостық жырлар, батырлар жыры, тарихи жырлар*.

Батырлар жыры – ауыз әдебиетіндегі ең бай да көне мұралардың бірі. Батырлар жыры халық өмірінің тұтас бір дәуірін жан-жақты қамти отырып, сол кезеңдегі батырлардың сыртқы жауларға қарсы ерліктерін бейнелеп береді.

Батырлар жырын кім жазды?

Батырлар жыры жазу-сызу болмаған кезде туды. Оны жыршы-ақындар шығарып, ел арасында қобызға немесе домбыраға қосып, белгілі бір мақаммен айтып таратып келген. Бұл жырлардың желісін о баста кім шығарғанын табу мүмкін емес. Барлық жырда да оны шығарған жыршының аты аталмайды.


Қандай батырлар жыры бар?

«Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр», «Ер Тарғын», «Қамбар батыр» және т.б. жырларда қалмақ-қазақ шабуылдары баяндалып, қазақ батырларының ерен ерлігі жырланады. Олардың отаншылдығы мен адалдығы, уәдеге беріктігі зұлымдық пен қиянатқа қарсы қойылады.

Батырлар жырының кейіпкерлері кімдер?

Қазақ батырлар жырындағы басты қаһарман – елін сүйген батыр, ал оның басты мақсат-мұраты – халқын, Отанын басқыншы жаудан қорғау. Батырдың халыққа қамқор болу арманы, сол жолдағы іс-әрекетін жырлау арқылы оның үй ішіне, еліне деген сүйіспеншілігі де айқындалады. Батырлар жырларында ерте замандағы баласы жоқ қарттың, басшысы жоқ елдің басқадан жәбір-жапа көретіні де баяндалады. Жаудан қорғайтын батыр жайлы жырлар ел қиялында осындай зарығу, торығу тұсында туады. Мұндай батырды халық ел амандығы үшін қажет деп біліп, оның көршілес елдермен күш біріктіруін көздейді.

Бас кейіпкердің жүріс-тұрысына, өзге елге ерлік сапарға шығуына және өз елін жаудан азат етуіне байланысты оқиғалар бір қаһарманның маңына топталып, соның бейнесін ашуға қызмет етеді.

 Аңыздар бізге не дейді? Аңыз ойдан құрастырылатын әңгіме ме, әлде өмірде болған оқиға ма? Бұл сұрақтарға жауапты «Асанқайғының жерге айтқан сыны» аңызын оқу барысында табамыз.

Аңыз халықтың өзі айтып берген ауызекі тарихы десек те болады. Олай дейтініміз, тарихта аты белгілі ұлы тұлғалар мен ірі тарихи оқиғаларға катысты аңыздар көп.

Тарихта қалған мұндай адамдардың өміріне катысты мәліметтер көп сақталмаған. Тек қана олардың халыққа жасаған қызметтері мен әр алуан істері ел аузында аңыз-әңгімеге айналып, ұрпақтан-ұрпаққа жеткен. Бірақ аңызды еш өзгермеген, нақты тарихи оқиға деп қабылдауға болмайды. Аңыз да ауыз әдебиетінің басқа түрлері сияқты ауызша таралғандықтан, ондағы оқиғалардың көптеген нұсқалары пайда болған.

Уақыт өте келе әртүрлі қоғамдық жағдайларға, халық тілегіне байланысты аңыздарға жаңа оқиғалар қосылып, дамып отырған. Өйткені халық аңыз кейіпкерлері арқылы өз арман-мұраттарын да көрсетуді мақсат етсе керек.

Ғалым Ахмет Байтұрсынұлы аңыз өлеңдер жөнінде былай деген екен: «Адамның бал ашқанға, ырымға, Қыдырға, аян бергенге, түс көргенге планудан шыққан ел ішінде аңыз қылып айтылатын түрлі әңгімелері болады. Сол әңгімелерді ақындар ажарлы тілмен әдемілеп, өлең етіп шығарғаны *аңыз өлең* болады. Мысалы: Мағжанның «Қорқыты», «Орман патшасы», «Масадағы» «Данышпан Аликтің өлімі», Абайдың «Ескендір» поэмасы»¹.

Сонымен қатар осы тарауда әдебиет теориясына байланысты көптеген теориялық ұғымдарды түсініп, олардың қызметін ажырата алатын боламыз.

Келіндер, достар!

Әдебиетімізді ң тереңде жатқан таза, асыл сөздерін бірге іздейік!

¹ *Байтұрсынұлов А. Ақжол* (Құраст. Нұрғалиев Р.). Алматы: Жалын, 1991.

«КЕРҚҰЛА АТТЫ КЕНДЕБАЙ» ЕРТЕГІСІ



Достар, келіңдер, қызық бір ертегінің үзіндісін тыңдайық (1-аудио).

Тыңдалым тапсырмалары

1. «Ата-анасына біржылдық азық дайындап беріп, сауыт-сайманын киіп, жау-жарағын¹ асынып, азығына атыс құтынның қазысын атып, баяғы жетім баланың әке-шешесін іздеуге шығады...» Әрі қарай не болды деп ойлайсыңдар? Өз болжамдарымызды айтып көрейік.
2. Өз болжамдарымызды ертегінің толық нұсқасымен салыстырып, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын айтайық.
3. Ертегінің біз тыңдаған үзіндісінде қандай оқиғалар баяндалады? Негізгі үш оқиғаны тауып, дәптерімізге жазайық.

Тірек сөздер:

кедей
батыр
хан
жетібасты дәу
арыстан
Жалмауыз кемпір
алтын құйрықты
құлын



Тақырып – әдеби шығармада сөз болатын басты мәселе – шығарма мазмұнының негізгі арқауы, айтылатын жай-жағдайлардың бағыт-бағдары. Мәселен, батырлар жырының тақырыбы отаншылдық, ерлік, елдік болса, лиро-эпостық шығармалардың тақырыбы – махаббат, жастардың бас бостандығы. Қазақ әдебиетіндегі Отан, ана, өлім мен өмір – ешқашан маңызын жоймайтын мәңгілік тақырыптар.

Идея (грек. *idea* – түсінік, елес, бейне) – көркем шығармадағы жазушының айтқысы келген ой-пікірі мен көзқарастары. Автор идея арқылы өзінің айтар негізгі ойын жеткізеді.



Ертегінің жалғасын түсініп оқыық.

... Керқұла ат құстай ұшып құйғытып барады, айлық жерді алты-ак аттайды... Сонымен Кендебай күн жүреді, түн жүреді, ай жүреді, апта жүреді, бір жерлерге келгенде аспанмен тірескен бір биік тау көрінеді. Таудың етегіне келгенде, Керқұла атқа тіл бітіп сөйлейді: «Достым Кендебай, іздеген жоғың алыста емес... Мына таудан әрі ассаң, ағып жатқан өзенді көресің. Өзеннің ортасында бір арал бар. Ол аралда адам перісінің ханы тұрады... Баяғы койшы баланың әке-шешесі де осы ханның қолында. Олар терең зынданда жатыр. Зынданның аузы құлыптаулы. Оның кілті қолға түспейді. Ол кілт алпыс өзен құйылған терең дарияның түбінде жатыр. Адам баласы оның түбіне жете алмайды. Таудың арғы беткейінде сиыр бағып жүрген зор денелі бір адам бар. Ол – жорықта қолға түскен адам, қазір ханның құлы. Сен сол адамға бар да, жо лына жетерлік пұл бер. Оның киімін өзің ки де, өзіңнің

¹ Жау-жарағы – көне сөз, қару-жарағы деген.

ки імінді оған киіз. Сөйтіп, әлгі адамды азат ет те, өзін сиырды бағып қал. Қазір құйрығымнан бір тал қыл ал да, мені қоя бер, сауыт-сайман, құрал-жабдыктарыңды менің үстіме сал. Әзірге саған менің де, құралдың да керегі жоқ. Егер керек бола қалсам, құйрығымнан алған қылды тұтат. Сонда мен дайын боламын. Ендігі әңгімені барған соң көрерсің», – дейді. Кендебай Керкұла аттың құйрығынан бір тал қыл жұлып алды да, қоя берді. Оның айтқанының барлығын істеді. Малшыны азат етеді. Жолына пұл береді. Оның киімін киіп, сиырды өзі бағып қалады. Кешке жақын өзеннен айдап өткізейін десе, сиырлар суға түспейді. Кендебай ашуланып кетіп, сиырларды сирағынан ұстап алып бір-бірлеп лақтыра бастайды. Лақтырған сиырлар өзеннің ортасындағы аралға томпылдап түсіп жатады. Сол кезде ханның кіші қызы судың арғы жиегінде көріп тұр екен.

– Ой, онбаған-ау, қырасың ғой малды. Неге күндегідей: «Айырылғырдың суы айырыл!» деп айтпайсың? – деп айғай салады. Кендебай: «Айырылғырдың суы айырыл» деп еді, өзеннің суы екіге айырылып, ортадан жол ашылады. Сөйтіп, Кендебай мал бағып жүре береді.

Күндерде бір күн хан өзінің екі баласын шақырып алып:

– Бүгін кара бие құлындайды. Бұл – тоғызыншы құлындауы. Құлындаған күні түнде құлын жоқ боп кетеді. Бүгін осы биені өздерің күзетіндер. Не болғанын көздеріңмен көріндер, – дейді. Мұны Кендебай естіп тұрады. Кешке ханның екі баласы биені күзетуге барғанда, Кендебай да жасырынып барып отырады. Біраздан кейін ханның екі баласы қорылдап ұйықтап қалады. Кендебай ұйықтамай отыра береді. Таң біліне берген кезде бие алтын құйрықты, құндыз жүнді арғымақ құлын туады. Бір кезде аспаннан бір бұлт түйіліп келеді де, құлынды көтеріп ап жөнеледі. Кендебай шап беріп құйрықтан ала түседі. Кендебайдың қолында алтын құйрық жұлынып қала береді. Кендебай алтын құйрықты қойнына тығып ұйықтап қалады.



Ертеңіне таң сәріден хан екі баласын шақырып алып, не көргендерін сұрады. Балалары тұрып:

– Бие құлындаған да жоқ, еш нәрсе болған да жоқ, – деп жауап береді.

Хан тағы да танғалып отырғанда Кендебай есіктен кіріп келіп:

– Дат, таксыр! – дейді.

– Датың болса, айт! – дейді хан ақырып.

– Мен айтсам, бұлардың айтып отырғаны өтірік. Бұларға көрінбей мен де күзеттім. Түн ортасы кезінде екі балаңыз ұйықтап қалды. Таң алдында бие бір алтын құйрықты, құндыз жүнді құлын туды. Аспаннан бір

бұлт түйіліп келді де, оны көтеріп ала жөнелді. Мен құйрықтан шап беріп ұстай алдым. Бұлтпен араласқан үлкен құс құлынды алып кетті де, құйрық менің қолымда қала берді, – дегенде, сөздің аяғын күтпей:

– Құйрық қайда? – деді хан.

– Таксыр, сабыр етіңіз. Мен алтын құйрықты пайда қылғым келсе, сізге айпаймын ғой, міне, құйрық, – деп Кендебай құйрықты қойнынан суырып алғанда, үйдің іші жап-жарық болып кетеді. Ханның балалары ұялып жерге қарайды.



– Қазір үшеуің де іздеп шығып құсты да, құлынды да тауып келіңдер. Таба алмасандар, менің маңымды көрмендер! – дейді хан.

Кендебай өзеннен өтіп алып, құйрықтың қылын тұтатқан кезде Керқұла ат жетіп келеді. Құла атты мініп алып, қару-жаракты іліп алып, сауыт-саймандарды киіп алып Кендебай жөнөп береді...

Бірталай қиындықтарға тап болып, алтын құйрықты құлындарды тауып, оларды соңынан ертіп, Кендебай тағы жолға шығады. Бір уақытта алдарынан бір үлкен тау көрінеді. Тау теңселіп, қозғалып, бұларға қарай жақындап келеді. Бұл жетібасты дәу еді... Кендебай қолына жүз батпан шокпарын алып, Керқұла аттың барлық шабысымен дәуге қарсы шаба жөнеледі. Көзді ашып-жұмғанша ағып өтіп бара жатып салып кетеді. Дәудің бір басы ұшып түседі. Кейін қарай шауып, тағы соғып өткенде екінші басы ұшып кетеді. Осылай ерсілі-қарсылы жеті өтіп, жеті рет соққанда жеті басы бірдей ұшып кетіп, дәу төңкеріле құлайды. Кендебай дәудің көзін ойып, қоржынға салып алады...

Екпініне шаң ілеспей, әйт дегенде алты қырдан бірақ асып, Керқұла ат зымырап келеді. Бір кезде алыстан арыстанның ақырған дауысы естіледі... Кендебай алты құлаш алмас қылышын көлденең ұстай

қояды. Алмас қылыш арыстанды екі бөліп, Кендебайды ар жағына бір-ақ түсіреді. Кендебай арыстанның азуын қағып алып, тағы жүріп кетеді... Бір кезде жер-дүниені қап-қара тұман басып кеп кетеді. Тек алтын құйрықтардың сәулесі ғана бұлардың жолын жарық қылып көрсетіп тұрады. Сол екі арада қараңғылық серпіліп жүре бергенде, сылаңдаған бір сұлу қыз шыға келеді. Кендебай атынан түсіп, қызға қарсы жүреді. Қыз мұның бетіне ұзақ қарайды да:

– Ұзақ жүріп шаршаған шығарсыз, ордама жүріп тынығып кетіңіз, – дейді. Жәдігөй кемпірдің қыз болып қарсы алатынын, оның ордасына кірген кісі кері шықпайтынын Керқұла ат айтқан болатын.

– Шаршағаным рас. Демалуға қарсы емеспін, бастаңыз, – дейді Кендебай. Қыз алға түсіп аяндай бергенде, Кендебай алмасын сермеп кеп қалады. Алмас қылыштан от жарқ ете түседі де, дүниені тағы да тұман басып кетеді. Тұман ашылғанда, қыздың орнында екі бөлінген кемпір жатады. Кендебай кемпірдің басын кесіп, қоржынға салып алады...

Кендебай сол арада үш-төрт күн тынығып, кемпірдің асыл қазынасын жинап алып, Керқұла аттың алдына алтын науаны өңгеріп, алтын құйрықты құлындарды ертіп, аман-есен ханның үйіне жетеді. Хан қуанып, үлкен той жасайды. Той үстінде түк таба алмай сандалып, мойындары ырғайдай, сирақтары шидей болып, азып-тозып ханның екі баласы келеді. Хан Кендебайды төрге отырғызып, оның аты-жөнін сұрайды.

– Мен хан баласы емеспін, адам баласымын. Өз атым – Кендебай, ел мені Керқұла атты Кендебай деп атайды. Сіздің еліңізге ерігіп келгенім жоқ, жұмыспен келдім. Екі бірдей жоқ іздеп жүрмін... Намыс іздеп жүрмін, рұқсат болса айтайын, – дейді Кендебай.

– Айт, айт, балам! – дейді хан.

– Бұдан бірнеше жыл бұрын сіздің жорықшыларыңыз елімізді шауып кетіпті, малымызды айдап, қолға түскен батырымызды байлап алып кетіпті. Міне, сол батырды босатып әкетпек болып келдім...

Хан:

– Дұрыс, балам! Сіздің елдің малын айдатып, батырын байлатып алдырғаным рас. Мергенбай батыр әйелімен екеуі біздің қолда. Зынданда жатқан Мергенбай батырға: «Маған қызмет етсең, босатам» деп елші жіберіп едім, қарысқан ¹ батыр екен. «Жауыма қызмет істемеймін. Бірақ қол-аяғымды босатсаң, содан кейін сөйлесем» деп қарысып



¹ Қарысқан – тіресу, ерегісу, тайталасу, тырысу.

жатып алды. Босатуға қорықтық. Ондағы мақсат сені қолға түсіру еді... Енді сенің алдына қоятын тағы бір шартым бар. Ол мынау: дүниеде жетібасты дәу бар, ақырған арыстан бар, Жалмауыз кемпір бар. Осы үшеуін өлтіріп, бастарын алып кел. Осыны орындасаң, батырыңды босатып беремін, малыңды өзіңе қайтарамын. Кіші кызымды беріп, күйеу етемін, – деді. Кендебай Керкұла аттың қанжығасындағы қоржынын алып келіп, арыстанның азуын, кемпірдің басын, жетібасты дәудің көздерін ханның алдына төгіп тастайды. Хан разы болып, зынданда жатқан Мергенбай батырды, оның әйелін, қолға түскен басқа адамдарды азат етеді. Шауып алған малын қайтарып береді. Кіші кызын Кендебайға қосып, отыз күн ойын, қырық күн тойын істеп, көп сыйлықтар беріп, Кендебайды еліне аттандырады. Кендебай елдің малын айдап келіп, иелеріне табыс етеді. Ата-анасына қосылып, бала қуанады. Баласына қосылып, ата-ана қуанады. Ұлы думан, үлкен той істейді. Кендебай тұрғанда елге батып ешбір жау тие алмайды. Сөйтіп, бұл ел Керкұла атты Кендебай батырдың елі болып атаныпты.

Сөз маржан

- Пері** – мағынасы өте көп: 1) діни сенім бойынша жамандықтың, зұлымдықтың иесі; 2) жыңды, есерсоқ, долы т.б.; 3) ауыспалы мағынада әдемі, ерекше сұлу; 4) атақты, даңқты адам. *Бұл жерде: бірінші мағынада.*
- Зындан** – тұтқынға түскен адамдарды қамау үшін жер астынан қазылған терең ор.
- Жорық** – *бұл жерде: шабуыл, шайқас, соғыс.* Қазіргі кезде саяхат, серуен сөзінің синонимі ретінде де қолданылады.
- Пұл** – *бұл жерде: ақша, қаржы мағынасында.* Бұдан басқа бұл, яғни мата, ақы, баға, құн сөздерінің орнына да қолданылады.
- Шоқпар** – қатты ағаштан жасалған, басы жұмыр келген ерте кездегі қол қаруы.
- Қоржын** – зат салуға арналған жүннен, мақтадан тоқылған, матадан тіп-ген немесе теріден жасалған екі басы бар қапшық, қалта.
- Жорықшы** – жалпы жорық сөзінің мағынасы өте көп. *Бұл жерде: шабуыл. Ал оған қатысушы жорықшы деп аталады.*

Оқылым тапсырмалары

- «Керкұла атты Кендебай» ертегісінің негізгі идеясын үш сөйлеммен тұжырымдап, ойымызды мақал-мәтелдермен түйіндейік.
- Ертегіде кездесетін *құлдан, құралай, сауыт-сайман* сөздерінің мағынасын түсініп, осы сөздерді қатыстырып сөйлем құрап жазайық.
- Үш топқа бөлініп, ертегінің мазмұны бойынша басқа топтағы сыныптастарымызға сұрақтар қояйық.
- «Керкұла атты Кендебайды» қандай ертегілер қатарына жатқызамыз? Ойымызды дәлелдейік.
- Кендебай қандай адам? Төмендегі сызба көмегімен басты кейіпкеріміздің образын сипаттап көрейік.



6. Ертегіні бөлімдерге бөліп, оларға ат қояйық. Неге осылай атағанымызды түсіндірейік. Үлгі :



«Керқұла атты Кендебай» ертегісімен бүгін өзіміз көріп жүрген мультфильм кейіпкерлерін салыстырып көрейікші. Қайсысы бізге жақынырақ деп ойлайсыңдар? Не себепті? Басты ерекшеліктері неде?




Айтылым тапсырмалары

1. Бізге Кендебайдың бойындағы қандай қасиеттер керек болады деп ойлайсыңдар?
2. Достар, ертегіге еніп, өз жұбымызбен берілген кейіпкерлердің рөлін сомдайық. Мысалы: Кендебай мен Тазша бала, Кендебай мен хан, Кендебай мен Керқұла ат және т.б.
3. Тобымыздағы оқушылармен бірге Кендебайдың жол картасын жасап, басынан кешкен оқиғаларын баяндайық. Үлгі :

_____ Қарасудың бойы _____ ... _____ ... _____
 _____ ... _____ ... _____ Кендебайдың елі.

4. Суреттегі ертегі кейіпкерлерін танымыз ба? Олардың қандай ерекшеліктері бар?



5. «Керқұла атты Кендебай» ертегісінен басқа тағы қандай ертегілерді білеміз? Білетін ертегілерімізді айтып, ойталқы өткізейік.
6.  бағдарламасының көмегімен «Менің сүйікті ертегі кейіпкерлерім» тақырыбына презентация немесе слайд-шоу жасайық. Өзіміз көр сөзден кейіпкерлердің бойындағы жақсы қасиеттер туралы сыншп-тастарымызға айтып берейік.

7. ХХІ ғасыр ертегісінің кейіпкері өзінің қандай қасиеттерімен адамдарды таңғалдыруы мүмкін? Бір ғажайып кейіпкерді бірге ойлап табайық!
8. Қазақ ертегілері сюжетіне түсірілген мультфильмдер туралы не білеміз? Сыныпта үш топқа бөлініп, жарыс өткізейік. Бір-бірімізге баға берейік, достар.
9. Берілген мақал-мәтелдердің мағынасын түсініп, өз жұбымызға баяндайық.
 1. Өзін ғана ойлаған – Жамандықтың белгісі.
 2. Басына іс түссе, Жаксы көмек етеді.
 3. Өзгені де ойлаған – Жаман күліп кетеді.
 4. Адамдықтың белгісі.
 3. Өнер – ағып жатқан бұлақ.
 - Ғылым – жанып тұрған шырақ.
 4. Наданмен дос болғанша, кітаппен дос бол.

Қызық екен!



Сендер ертегі арқылы адамды емдеуге болатынын білесіңдерме? Батыста арнайы ертегі арқылы балаларды емдеу тәсілі бар екен. Ол ертегі терапиясы деп аталады. И.В. Вачков деген зерттеушінің жазуынша, ертегігерлермен психологтердің педагогтердің қызметінде түрлі кәсіби мәселелерді шешуде көп көмектесетіні көрінеді.



Жазылым тапсырмалары

1. Кендебай көмектескен ертегі кейіпкерлерінің бірінің атынан оған алғыс айтып, хат жазайық.
2. Достар, «Кендебай қалай батыр болды?» тақырыбына әдеби эссе жазайық.
3. Мен «Керқұла атты Кендебай ертегісінен не үйрендім?» тақырыбына сыни хабарлама жазайық.

Кері байланыс

✓	+	?
Бұрыннан білемін	Мен үшін жаңа ақпарат	Білгім келеді

«ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР» ЖЫРЫ

«Қобыланды батыр» жыры – қазақ халқының ең көлемді батырлар жырының бірі. Жырдың негізгі тақырыбы – жері мен елін сыртқы жаудан қорғау, осы жолда ерлік көрсеткен ер-азаматтардың батырлық істерін көрсету.

«Қобыланды батыр» жырының ең көне түрі бізге жетпеген. Өйткені жырды жырлаған акын, жырау, жыршылар өзі өмір сүрген дәуір тұрғысынан толықтырып, өңдеп отырған. Сондықтан «Қобыланды батыр» жырының бірнеше нұсқасы бар. Аталған жырды Марабай жырау, Мергенбай жырау, Біржан Толымбайұлы, Мұрын Сенгірбайұлы сынды жыршы-ақындар жырлаған.



Бізге жырдың 29 нұсқасы жеткен. Осы 29 нұсқасының 26 нұсқасы Қобыланды батырдың ерлігі жайында, ал 3 нұсқасы Қобыландының балалары Бөкенбай мен Киікбай батырлар туралы жазылған. Қазіргі күнде бұл жырдың нұсқалары Мәскеу, Алматы, Орынбор, Қазан, Ташкент, Нүкіс қалаларының мұрағаттарында сақтаулы.

Қарақыпшақ Қобыланды – батыр, тарихи тұлға. Шамамен XV ғасырда өмір сүрген. Тарихи деректер бойынша Көшпелі өзбек мемлекетінің негізін қалаушы Әбілқайыр ханның бас батырларының бірі болған. Қазақ шежіресіне сүйенсек, Қобыланды Қарақыпшақтан тараған Токтарбайдан туған¹.

Мұның бәрі Қарақыпшақ Қобыланды батырдың аңыздық негізде қиялдан туған кейіпкер емес, өмірде болған, ерлік істерімен еліне танылып, құрметіне бөленген батыр болғанын дәлелдейді.



Достар, ерлікке баулитын батырлар жырын оқиық.

Тірек сөздер:

батыр
қызылбас елі
теңге ату
Құртқа сұлу
тұлпар
қалмақ

Кешегі өткен заманда,
Дін мұсылман аманда.
Қарақыпшақ Қобыланды,
Атасы мұның Токтарбай
Халықтан асқан болды бай.
Байлығында есеп жоқ,
Айдалып бағып жайылды
Төрт түлік малдың бәрі сай.

Жаз жайлауы – Көздікөл,
Көздікөлді жайлаған
Қалың қыпшақ жағалай.
Токтарбайдың дәулеті –
Ішкені де, жегені де тоқ,
Бай-кедейдің көңілі жай.
Қыс қыстауы – Қараспан,
Қараспан көкке таласқан,
Ат үйірінен адасқан...
Сексенге жасы келгенше
Бір бала көрмей Токтарбай,

¹ *Бағаларға базарлық. Не? Қайда? Қашан?* Көркемсуретті энциклопедия. Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2013.

Қайғыменен қан жұтып,
 Ақылынан адасқан.
 Шөл пәсі сұңқар қияксыз,
 Еш нәрсе көрмей дүниеден
 Өткенім бе деген тұяксыз?
 Токтарбайдың зарына
 Қалың қыпшақ қайысқан.
 Әулие қоймай қыдырып,
 Етегін шеңгел сыдырып,
 Жеті пірге танысқан.
 Әулиеге ат айтып,
 Қорасанға қой айтып,
 Қабыл болған тілегі,
 Жарылғандай жүрегі,
 Аналықтай бәйбіше
 Қабырғасы майысқан.
 Елуге жасы келгенде
 Көзімді ашпай дүниеден
 Өтемін бе дегенде,
 Сонда көрген арыстан –
 Бір ұл, бір қыз атадан.
 Қыздың аты – Қарлығаш,
 Қобыландыға қарындас.

Алты жасқа келгенде
 Арыстан туған Қобылан
 Қазынадан камқа кнеді.
 Өзімнің еншім болсын деп,
 Тобылғы менді торы атты
 Енші қылып мінеді.
 Қобыландының тілегін
 Бүкіл қыпшақ тіледі.
 Өзі алты жасында
 Кәмшат бөркі басында,
 Тобылғы торы ат астында,
 Қаршығасы қолында,
 Тазысын ерткен соңында,
 Жеті пірге сиынып,
 Баратұғын жолында
 Токтарбайдың жылқыда
 Токсан құлы бар еді.
 Токсанының бастығы
 Естеміс деген ер еді.
 Естемісті көруге
 Жылқыға бала жөнелді.
 Жылқыға бала барғасын,
 Баурап малын алғасын,





Токсан құл мен Естеміс
 Риза тауып қалғасын,
 Қолғанат пен құйрыққа
 Енді тоқсан кенелді.
 Қобыландыны барғасын
 Естеміс ерің баулиды.
 Күнде кпік аулайды,
 Кездессе жауын жаулайды,
 Жылқыда жатып Қобыланды
 Екпіні оттай қаулайды.
 Қаршығасы қолында,
 Құмай тазы соңында.

Естеміс пен екеуі
 Қонып жатса бір тауда,
 Намазшамнан өткенде,
 Құтпан мезгіл жеткенде,
 Құлағына батырдың
 Бір дауыс кеп шулайды.
 Арғы астында сол таудың
 Бұркыраған бу шықты,
 Шуылдаған шу шықты.
 «Бұл не қылған дауыс?» деп
 Естемістен сұрайды,
 Айтпас ына қоймайды...

Оқылым тапсырмалары

1. Тоқтарбайдың қайғыдан қан жұтуына не себеп болды?
2. *Тұяқсыз өту* деген тіркесті қалай түсінесіңдер?
3. «Қобыланды батыр» жырынан басқа қандай батырлар жырын білесіңдер?
4. Достар, мақал-мәтелдердің мағынасын талқылайық.

1. Батыр туса – ел ырысы,
 Жаңбыр жауса – жер ырысы.
2. Ерге лайық ат туар.
3. Батыр қол бастайды,
 Шешен сөз бастайды.

5. *Ауыздық, қол, шешен* сөздерінің мағыналарын, қолданылу аясын біліп алайық.



Достар, келіңдер, жырдың жалғасын тыңдайық (2-аудио).

Тыңдалым тапсырмалары

1. Үзіндіге ат қояйық.
2. Тыңдалған мәтін бойынша төмендегі сұрақтарға жауап берейік:
 - а) Қобыланды қайда барды?
 - ә) Қобыланды не үшін барды?
 - б) Қобыланды қандай ат мінді?
 - в) Қобыланды қалай жеңді?
3. Мына қалпақтардың бірін таңдау арқылы жырды тыңдаған уақытта қандай сезімде болғанымызды білдірейік.



Қызыл қалпақ – шабыттанып, менің де жыр жазғым келді.

Сары қалпақ – көңіл күйім түсіп, мұнайып қалдым.

Сұр қалпақ – ойланып, түсінуге тырыстым.

Жасыл қалпақ – көп жана мәліметтер алдым.

Қара қалпақ – кемшіліктер байқадым, жырға қызықпадым.

Көк қалпақ – осы тақырып бойынша зерттеу жүргізгім келді.

Недіктен сол түсті таңдағанымызды жыр оқиғасымен байланыстыра отырып түсіндірейік.



Жырдың жалғасын оқиық.

...Құртқаға келіп сөйледі,
 Көңілі ердің желпініп,
 Сұлтаным не қылды екен деп,
 Құртқа сұлу жүгіріп,
 Алдынан шыққан ентігіп,
 Көктімге хабар береді.
 Дұшпанынан құтылып
 Көңілдері жайланды.
 Жөнелтуге Құртқаны
 Көктім Аймақ ойланды.
 Алтынмен ішін безеген,
 Сырты күміс ақ отау
 Келістіріп түзеген.
 Арттыруға сайланды
 Қырық түйе қазына.
 Қырық құл мен қырық күң
 Қосып берді қызына...

Бірнеше күн жол жүріп,
 Азғана емес, мол жүріп,
 Өткен күнді санады.
 Бір күндері болғанда
 Қара жолдың үстінен
 Қалың жылқы жарылып,
 Екі жақта қалады.
 Құртқа сынды сұлуың
 Күймеден басын шығарып,
 Жылқыға көзін салады.
 Ортасында жылқының
 Көк ала бие жусап тұр –
 Құртқаның көзі шалады.
 Токтатып күймесін,
 Ағытып тастап түймесін,
 Шақырып алып сұлтан деп,
 «Мынау жатқан көп жылқы
 Кімдікі?» деп сұрады.
 «Сонау тұрған биені
 Мені берсең де алғын» деп,
 Батырға әмір қылады...
 Құртқа сұлу күймеден
 Қарғып түсіп биені
 Маңдайынан сүйеді.
 Көшіне тіркеп жөнелді,
 Көк ала бие дөнбекшіп
 Домалана сұлады.
 Тұншығып тұлпар қалар деп,

Құртқаның жаны шығады,
 Тонын жарып тұлпардың
 Құлыңға тыныс қылады.
 Сонда жатып құлындап,
 Бурыл тұлпар туады.
 Тұяғын жерге тигізбей,
 Құртқа сынды сұлуың
 Алтын тонға орады...
 Бурылға қыз Құртқа
 Түндікпенен күн көрді,
 Түтікпенен су берді...
 Жиылған жұртпен қоштасып,
 Қобыланды сынды батырын
 Тайбурыл атқа мінеді,
 Беліне семсер іледі.
 Ақ сауытын бөктеріп,
 Дүйсенбі күні сәскеде
 Қараспан тауын бөктерлеп,
 Кешегі кеткен қияттың
 Қобыландыдай батырын
 Соңынан желіп жөнелді...
 Қобыланды сынды батырдың
 Көңілі бітіп Бурылға
 «Шырағым, Бурыл, шүү!» деді,
 Құбылып Бурыл гуледі...
 Кеткен қолдың соңынан
 Жетемін деп Қобыланның
 Жоқ еді тіпті есінде.





Бұлаңдаған Бурылмен
 Артық туған Қобыланды
 Аңқытып жетті бесінде...
 Қобыланды гулеп жөнелді
 Көп киятқа карамай.
 Қалың кият – көп қосын,
 Бәрі қалды артында
 Бірі еруге жарамай.
 Сонда Бурыл гуледі,
 Табаны жерге тимеді.
 Көлденең жатқан көк тасты
 Тіктеп тиген тұяғы
 Сазбалшықтай іледі...
 Қобыландыдай батырың...
 Бурыл атқа «шүү» деді,
 Бүктеле беріп жазылып,
 Бурылы бұлқып гуледі.
 Алты қабат орнынан
 Жетінші қабат қалаға
 Қояндай ырғып жөнелді.
 Ортасына шаһардың
 Бурыл барып топ етті,
 Жердің шаңы бұрқ етті.
 Төрт аяғы тиген жер

Тесіле барып солқ етті.
 Қалаға Қобылан кіргесін,
 Іркілмей кіріп кеткесін,
 Бала да болса келбетті
 Ене алмай қалды Қобылан
 Ордың сыртын айналып...
 Арыстан туған Қобыланды
 Ақ білегін сыбанып,
 Көңілі тасып келеді,
 Жауды көріп қуанып.
 Сол уақытта алдынан
 Қара каска ат мінген,
 Алдынан шықты ер Қазан...
 Жайықтың бойы қамыс-ты,
 Батырлар қылды намысты.
 Ырғай сапты сүңгіме,
 Ырғай-ырғай салысты...
 Ұлы сәске болғанда
 Ортасында қаланың
 Ер Қазанның аузына
 Қобыланды құйды балшықты.
 Қазан аттан құлады,
 Көріп елі шулады...

Топтанып тұрған нөпірге
 Қобыланды жалғыз тиеді.
 Бөлек-бөлек қылады,
 Бөлінген қойдай қырады.
 Жалғыз өзі батырын
 Жойып кетіп барады.
 Қойға тиген қасқырдай
 Сойып кетіп барады.
 Жолбарыс шапқан құландай
 Жойып кетіп барады.
 Үш мың атты бір сайға,
 Төрт мың атты бір сайға
 Қойып кетіп барады.
 Қайтарында алмаққа,
 Тізгінінен қосақтап
 Түйіп кетіп барады.
 Ақ білегі қан болып,
 Жау үстіне жол салды,
 Үкімін жауға мол салды.

Көмегі жоқ сонында,
 Жаны Құдай қолында.
 Туырлықтай ту алып,
 Туды қанға суарып,
 Қырық мың атты қызылбас
 Әрі-бері қозғалды,
 Қырылмағаны аз қалды...
 Артық туған Қобыланның
 Ісі келді жөніне,
 Келмеді дұшпан шеніне.
 Қалмақтан алған көп олжа,
 Әділдікпен батырын
 Жыпып алып көп халқын,
 Бөліп берді еліне –
 Пақыр, кедей, кеміне.
 Кедейі байға теңеліп,
 Риза болды бәрі де
 Қобыланды сынды еріне...

Сөз маржан

1. **Қорасан** – көне сөз. *Бұл жерде:* Құдайға жалыну, жалбарыну.
2. **Қамқа** – 1) зерлі жіптен тоқылған жібек мата; 2) қара түсті, терісі қымбат, суда өмір сүретін аң.
3. **Енші** – мағынасы көп. *Бұл жерде:* өзімнің жеке затым болсын деген мағынада.
4. **Пір** – діни сөз. *Бұл жерде:* адамдарды желеп-жебеуші, *әулие* ұғымында қолданылып тұр.
5. **Намазшам** – кешкі намаз оқылатын кез, ақшам мезгілі.
6. **Құтпан** – бес уақыт оқылатын намаздың ең соңғысы, яғни бесінші намаз аты.
7. **Әмір** – мағынасы өте көп: 1) бұйрық, жарлық; 2) Шығыс елдеріндегі атақ; 3) билеуші, билік иесі. *Бұл жерде:* өтініш айтты, сұрады деген мағынада.
8. **Күйме** – зат. Үстін, жан-жағын былғарымен немесе қалың матамен қаптаған сәнді жеңіл арба.
9. **Қосын** – көне сөз. *Жауынгерлер тобы, әскер, қалың қол* деген мағынада.

Оқылым тапсырмалары

1. Жырдың негізгі идеясын үш сөйлеммен тұжырымдап, ойымызды мақал-мәтелдермен түйіндеік.
2. *Қамқа, енші, пір, қабырғасы қатпау* сөздерінің мағынасын түсініп, олардың синонимдерін тауып сөйлем құрайық.
3. Өзімізге ерекше әсер еткен бір оқиғаны жұбымызға баяндап берейік.

4. Төменде берілген жыр үзіндісінде айтылған ойдан бұрын және кейін қандай оқиға болды?

...Айбатынан сескеніп,
Баланы келген сынады.
Қобыландыдай төрені
Қазақтың ері келді деп,
Көктім Аймақ патшасы
Кезекті бұған береді.

Кәміл пірлер жебеді,
Қолына алып толғанып,
Қозыжауырын жебені
Ат үстінен шіреніп
Сонда тұрып тартады,
Кәміл пірлер сенгені...



Гипербола (грек. *hyperbole* – күшейту) – әдебиеттегі белгілі бір нәрсені шамадан тыс ұлғайтып, асыра суреттеу тәсілі. Шығарманың көркемдігін, әсерлілігін арттыру үшін қолданылады. Ауыз әдебиетінде, ақын-жазушылар шығармаларында жиі кездеседі. Мысалы, «Аққан жасы сел болған, Етегі толып кел болған...» (Д.Бабатайұлы).

Литота (грек. *Litotes* – қарапайым, қораш) – әдебиеттегі белгілі бір нәрсені шамадан тыс кішірейте, құлдырата суреттеу тәсілі. Батырлар жырларында, өтірік өлеңдерде литота жиі қолданылған. Литотаның мақсаты – тосын әсер туғызу. Мысалы, «От орнындай тұяқтан, оймақтайы қалыпты» («Ер Тарғын» жырынан).

5. Жыр мәтінінен көркемдеу құралдарын тауып, мысалдармен дәлелдеп жазайық.
Үлгі:

Көркемдеу құралдары	Мысалдар
Гипербола	
Литота	



Айтылым тапсырмалары


1. Тобымызбен ақылдасып, Венн диаграммасы арқылы батырлар жыры мен ертегіні салыстырайық. Үлгі:




- Сендердің ойларыңша, Қобыланды мен Құртқа қандай кейіпкерлер? Жырдан мысал келтіре отырып, кейіпкерлер образын ашып сипаттайық.
- Ақтамберді жыраудың төмендегі даналық сөзіне көңіл бөліп, өз жұбымызға мағынасын ашып айтайық. Мұндағы *шерік* сөзі «әскер», «көп жасақ» дегенді білдіреді.

Ағайының көп болса,
Ұлы шерік қолмен тең,
Білімді туған жақсылар
Аз да болса, көппен тең.

4. Ұл мен қыздың бойында болуы тиіс жақсы қасиеттерді жинақтайық. Сол қасиеттер біздің бойымыздан табыла ма? Үлгі:



5. Тобымыздағы оқушылармен бірге «Батырлар жыры» атты сөзжұмбақты шешейік.



1. Қобыланды батырдың тұлпары –
2. Қобыланды батырдың анасы –
3. «Токтарбайдың жылқыда
Токсан құлы бар еді,
Токсанының бастығы деген ер еді».
4. Қобыланды батыр шыққан ру.
5. «Бір ұл, бір қыз атадан,
Қобыландыға қарындас». Ол кім?
6. «... жасқа келгенде
Арыстан туған Қобыланды
Қазынадан қамқа кнеді».
7. Жырдағы Қобыланды батыр айқасқан ерлердің бірі.
8. «Қаракыпшақ Қобыланды,
Атасы мұның –

9. Қобыланды батыр сапарға шыққанда кімге спынады?
10. Бурыл тұшардың тұяғын жерге тигізбей Құртқа сұлу неге орады?
11. Қыпшақтардың қыс қыстауы –
12. Садақ, найза, қылыш өтпейтін батырлардың соғыс киімдерінің бірі.



Жазылым тапсырмалары

1. Қазақ тарихында болған қандай батырларды білеміз? Қосымша ақпараттар жинақтап, «Біздің қазақ батырлары» тақырыбында әдеби эссе жазайық.
2. «Батырлар жырының маңызы қандай?» тақырыбында сыни шолу жазайық.
3. Суретші Қ.Омарханның картинасын пайдаланып, өз ойымыздан әңгіме құрас тырайық.



Қызық екен!

Біз қорқақ адамдардың тез қартаятындығын білеміз бе? Өмірде қорықпайтын адам жоқ шығар, сірә. Біріміз қараңғыдан қорықсақ, енді біріміз жыланнан, судан, оттан қорқамыз. Өзгелерге білдірмеуге тырысқанымызбен, ішкі жан дүниеміздің түкпіріндегі қорқыныш сезімінің біздің дегенімізге бағынбайтын көздері болады. Адамның басқаруынан тыс бұл үрей фобия деп аталады. Әлемде фобияның 40 мыңға жуық түрі бар екен. Үрейленулерден болатын психикалық ауытқу адамды ерте қартайтады екен. Американың Бригам Янг есімді дәрігері осындай қорытындыға келген.

Otyrar.kz сайтынан



«Ерқанаты – ат». Қосымша ақпарат көздерін пайдаланып, қазақ халқының өміріндегі жылқының орны туралы мәліметтер жинайық. Қазақ ауыз әдебиетінде кездесетін жылқылар бейнесіне шолу жасайық.





Кері байланыс: «Жетістік ағашы»

«Қобыланды батыр» жыры тақырыбы бойынша алған біліміміз бен іс-әрекетімізді қалай бағалаймыз? Жетістік ағашынан өзімізді тауып, бояп, қорытынды тұжырымдарымызды жазайық.

АСАНҚАЙҒЫ

Асанқайғы – қазақтың ақын-жырауы, философы әрі бпi ретінде танылған тұлға. Ол XIV ғасырдың аяғы мен XV ғасырдың басында Еділ бойында өмір сүрген. Қазақтың алғашқы хандары Керей мен Жәнібектің ақылшысы болған. Асанқайғының негізгі есімі – Хасан Сәбитұлы. Халқының камын ойлап күніренген оны халық *Асанқайғы* деп атап кеткен. Оның Асанқайғы атануының себебіне байланысты да түрлі аңыздар бар.

Асанқайғының шығармаларын жинап, зерттеумен Ш.Уәлиханов, Г.П.Потанин, М.Ж.Көпеев, С.Сейфуллин, М.Әуезов және т.б. ғалымдар айналысты. Ғалым Ш.Уәлиханов: «Әйгілі дала философы – Асанқайғы Жетісудағы Жырғалаң деген жерде көшіп-қонып жүрген. Оның бейіті Ыстықкөлден онша қашық емес», – деп жазады ¹.

Асанқайғының «Қырында киік жайлаған», «Алты атанға қос артып», «Әй, хан, мен айтпасам, білмейсін», «Күйірығы жоқ, жалы жоқ», «Бұл заманда не ғаріп?» т.б. жыр-толғаулары бар.

Ел ішіндегі шежіре сөздер мен күй аңыздарына қарағанда, Асанқайғы халық камын ойлаған ақылгөй, көреген ғана емес, сонымен бірге дәулескер ² күйші де болған. Көптеген күйлердің аты мен аңыз-әңгімесі де әлі күнге дейін айтылады. Өкініштісі, бүгінгі күнге «Ел айырылған»,



¹ Уәлиханов Ш. Бес томдық шығармалар жинағы. I-том. Алматы, 1961.

² Дәулескер – бір істі игерген, машықтанған, майталман, шебер.

«Асанқайғы», «Желмаяның жүрісі», «Зар» сияқты санаулы күйлері ғана жеткен.

Асанқайғы заманында Алтын Орда ыдырап, оның орнына Қырым, Қазан, Өзбек хандықтары пайда болды. Ноғай ордасы тарап, Қазақ хандығының тарих сахнасына шығуы хандықтар арасындағы қымқиғаш талас-тартысты кезеңмен тұспа-тұс келді.

Асанқайғы Желмаяға мініп жиһан кезіп, «Жерұйық» дейтін ну орманды, сулы, көгөрай шалғынды, қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын қоныс іздейді. «Елді сол жерге қоныстандырсам!» деп арман етеді. Жүрген жерінде жақсы қонысқа да, жаман қонысқа да баға беріп отырады.

«АСАНҚАЙҒЫНЫҢ ЖЕРГЕ АЙТҚАН СЫНЫ» АҢЫЗЫ



Достар, «Асанқайғының жерге айтқан сыны» аңызын оқиық.

Тірек сөздер:

*Желмая
Жерұйық
қоныс
сулы жер
мал бағу
жеміс
жайлау
өзен*

Асанқайғы Желмаяға мініп жиһан кезіп, «Жерұйық» дейтін ну орманды, көгөрай шалғынды, сулы жер, қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын қоныс іздейді.



Асанқайғы Маңғыстауға үш барып, үш қайтыпты: «Түбінде мал баққан шаруаға Маңғыстаудан жақсы жер болмас», – депті.



Жетісуды көргенде: «Мынау Жетісу ағашының әр бұтағы жеміс екен, шаруаға жақсы қоныс», – депті.



Осы күнгі Мерке жеріндегі Аспараны көргенде: «Ей, Аспара, көршіңмен тату бол, шөбіне суың жетер!» – деп жүріп кетіпті.

Баянауыл тауын көргенде: «Баянға жаймай кой семірмес», – деп Асанқайғы қазіргі Баянауылды өзіне жайлау етіпті.



Әулиеатаның батысындағы Жуалы жерін көргенде: «Жерің семіз, шөбің шүйгін, қарың мол, топырағың май екен, қадіріңді егін салған ел білер», – депті.

Қарсақбай аймағын көргенде (Жезқазған жері): «Айналаң жапан тұз екен, тауынның асты жез екен. Жұртың ашықпас!» – деп жүріп кетіпті.



Шыңғырлау¹ өзенін көргенде Асанқайғы түсе қалып Желмаясын суарады: «Жылқының өзі өскен жоқ. Шыңғырлау, сен құт болған екенсің, сен өсірген екенсің!» – деп қонып кетіпті.

Асанқайғы шұрайлы қоныс, нулы өлке іздеумен өмір бойы Желмаясымен желіп өткен.

Сөз маржан

1. **Ғаріп** – араб сөзі. *Мүсәпір, бейшара, сорлы* деген сөздердің синонимі.
2. **Желмая** – жалғыз өркешті жүйрік түйе, нар.
3. **Жерұйық** – аңыз. *Жайлы қоныс, бейбіт мекен* деген ойды білдіреді.
4. **Шүйгін** – құнарлы өскен қалың шөп, яғни шұрайлы жер.
5. **Жез** – алтын тәрізді сары түсті металл.

¹ Шыңғырлау – Батыс Қазақстан облысы, Шыңғырлау ауданында орналасқан өзен.

Оқылым тапсырмалары

1. Мәтіннің негізгі идеясын үш сөйлеммен тұжырымдап, ойымызды мақал-мәтелдермен түйіндейік.
2. Берілген сөз бен сөз тіркесінің синонимдерін тауып, сөйлем құрайық: *Желмая, қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын қоныс*.
3. Кестеде берілген сипаттамалардың дұрыс-бұрысын табайық.

1	Манғыстау	Жері семіз, шөбі шүйгін, қары мол, топырағы май, қалірін егін салған ел білер.	
2	Жетісу	Ағашының әр бұтағы жеміс, шаруаға жақсы қоныс.	
3	Жуалы	Түбінде мал баққан шаруаға одан жақсы жер болмас.	
4	Қарсақбай	Айналасы жапан түз, тауының асты жез, Жұрты ашықлас.	

4. Асанқайғының айтқан жерлерін картаға түсірейік.



«Асанқайғының жерге айтқан сыны» аңызының басқа нұсқасын тыңдап көрейік (3-аудио).

Тыңдалым тапсырмалары

1. Тыңдалым мәтнінде берілген өзен-суларға өз сөзімізбен сипаттама жазайық.

Үлгі :

Ертіс өзені Есіл өзені Сыр өзені

2. Адамзат өміріндегі өзен-көлдердің маңызы туралы не айта аламыз?
3. Қазақтың өзен-көлге, суға қатысты ырымдарын, тыйымдарын, мақал-мәтелдерін есімізге түсіріп, достарымызбен ой бөлісейік.
4. Достар, Асанқайғының ел арасына сініп, нақыл сөзге айналып кеткен даналық сөздері де бар. Олардың мағынасын қалай түсінеміз? Өз жұбымыздың ойын тыңдап, сұрақтар қояйық.

1. Әділдіктің белгісі –
Біле тұра бұрмаса.

Ақылдың белгісі –
Өткен істі қумаса.

2. Артық үшін айтысып,
Достарымен санаспа.
3. Женемін деп біреуді
Өтірік сөзбен қостама.



Айтылым тапсырмалары

1. Достар, сендердің ойларыңша, қазіргі Қазақстанның жерұйығы қай жер? Неге? Тобымыздағы оқушылармен ақылдасып, өз пікірімізді білдірейік. (Менің ойымша ... , себебі ... , мынадай дәлелдер келтіре аламын ... , қорыта келгенде)
2. Барлық білетін ақпараттарымызды пайдаланып, «Аңыз» тақырыбында постер жасап қорғайық.
3. Қазақстан аумағында табиғи байлығымен аты шыққан тағы қандай орындар бар? Топқа бөлініп, бір-бірімізбен пікір алысайық.
4. Өз жұбымызбен бірге «Спираль таяқшалар» арқылы аңыз бен ертегіні салыстырайық.



5. Жер-суға арналған мақал-мәтелдерді жаттап алайық.
 1. Көлдің көркі – құрақ,
Таудың көркі – бұлақ.
 2. Жердің көркі тал болар,
Елдің көркі мал болар.
 3. Шөбі жоқ деп жерден түнілме,
Малы жоқ деп ерден түнілме.

Қызық екен!



Қазақ жері Азия аумағының 6,1 пайызын алып жатыр. Жер көлемі – 2724,9 мың шаршышақырым. Жер көлемі жағынан әлемде Ресей, Қытай, АҚШ, Аргентина, Бразилия, Канада, Үндістан және Аустралиядан кейінгі тоғызыншы орында тұр.

Қазақстанда Менделеев кестесіндегі белгілі элементтердің тоқсан тоғызы табылған.

Қазақстан – ядролық қарудан бас тартқан ең алғашқы мемлекет.
Ғаламтор деректеріне сүйенсек, Қазақстанның аумағына 5 Франция, 3 Түркия немесе 7 Жапония сыйып кетеді екен.

Otyrar.kz сайтынан

¹ Мәңгі Отаным – Тұңғалық Қазақстан. Балаларға арналған энциклопедия. Алматы: Балжуса, 2012.



Жазылым тапсырмалары

1. «Өркімнің туган жері – Жерұйық». Осы пікірмен келісесіңдер ме? Өз көзқарасымызды дәлелдеп, эссе жазайық.
2. «Асанқайғының ізімен ...» Берілген суреттерді пайдаланып, республика өңірлерінің жер байлығын, өндіріс орындарын, шаруашылығын сипаттап жазайық.
 Үлгі: Шығыс Қазақстан облысы республикамыздың шығысында орналасқан. Елімізде өндірілетін бағалы металл – алтынның ең үлкен қоры осы облыста. Шығыс Қазақстан облысында балық, орман, мал шаруашылығы да жақсы дамыған. Сонымен бірге өндіріс орындары да көп. Мысалы: Қорғасын-мырыш комбинаты, Өскемен конденсатор зауыты,



Манғыстау облысы



Оңтүстік Қазақстан облысы



Қарағанды облысы



Қостанай облысы



Атырау облысы



Солтүстік Қазақстан облысы






Қазақ халқында **жер ұғымының маңызы қандай?** Мысалы: *Жер–Ана, туған жер, атамекен, киелі жер т.б.* Осы сұрақ төңірегінде өз пікірімізді айтып, мысалдар арқылы дәлелдепкөрейік.



Кері байланыс: «Жер кыртысы»



«Асанқайғының жерге айтқан сөзі» аңызы бойынша жинаған білім қорымыз, тапсырмаларды орындау барысында қандай көңіл күйде болғанымыз, топта, жұпта қалай жұмыс жасағанымыз туралы ой қорытайық.



*Сөзден тәтті нәрсе жоқ,
Сөзден ащы нәрсе жоқ.
Сөзден жеңіл нәрсе жоқ,
Сөзден ауыр нәрсе жоқ...*

Бөлтірік шешен





ТӘРБИЕНІҢ ҚАЙНАР БҰЛАҒЫ

Достар, бұл тарауда бізді қандай қызықтар күтіп тұрғанын білесіңдер ме?

«Тәрбиенің қайнар бұлағы» деп аталатын бұл тарауда төмендегі әдебиет бұлағымен сусындаймыз.

☀ Дулат Бабатайұлының шығармашылығымен танысып, «О, Ақтан жас, Ақтан жас!» атты өлеңін оқимыз. Автормен бірге біз де Ақтан атты жетім баланың болашағына алаңдап, оған күш-жігер береміз.

Д.Бабатайұлының бұл өлеңінен басқа да «Тегімді менің сұрасан», «О, Сарыарқа, Сарыарқа», «Асқар таудың сәні жок», «Сүлейменге», «Баракка», «Кенесбайға» атты өлеңдері бар.

❄ Өзімізге бастауыш сыныптардан таныс қазақтың тұңғыш ұстазы, жазушы, этнограф-ғалым Ыбырай Алтынсариннің «Қыпшақ Сейіткүл», «Атымтай жомарт», «Дүние қалай етсең табылады?» деген әңгімелерімен танысамыз. Жазушының әңгімелерін оқи отырып, адамның ең асыл қасиеттері еңбекқорлық, жомарттық, өз мақсатына жету жолындағы шыдамдылық екендігіне тағы да көз жеткіземіз.

Ыбырай әңгімелерінің негізгі тақырыбы – еңбекті сүю және қадірлеу. Өзінің шағын әңгімелерінде жазушы жастарды еңбекқор болуға, өнер үйренуге, белгілі бір кәсіптің иесі болуға үндейді. Ы.Алтынсарин өзінің «Аурудан аяған күштірек», «Жан-жануарлардың дауласқаны», «Салақтық», «Шеше мен бала», «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш», «Атымтай жомарт», «Әке мен бала», «Бай баласы мен жарлы баласы» т.б. әңгімелеріндегі шағын оқиғалар арқылы үлгі-өнеге беруге тырысады.

Сондай-ақ өлеңдегі көркемдегіш құралдардың түрлерімен танысу біздің білімімізді тереңдете түсері анық.

«Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» деп әл-Фараби айтқандай, тәрбиенің қайнар бұлағынан қанып ішейік!

ДУЛАТ БАБАТАЙҰЛЫ

(1802–1871)

Дулат Бабатайұлы – көрнекті ақын, айтыскер. 1802 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысы, Аягөз ауданында дүниеге келген. Дулат алғыр, зерек болып өседі. Жасында ауыл молдасынан оқып, арабша хат таниды. Ақынның өмірбаяны туралы көп дерек сақталмаған. Алайда Дулат өзінің «Айтқызбасымды айтқыздым» өлеңінде:

Менің атым – Байғыз қарт,
Көзге түсер сиқым жоқ.
Орынсыз күлер күлкім жоқ,
Еспсіз ұйықтар ұйқым жоқ.
Көзге қораш бойым бар,
Теңізден терең ойым бар,
Шынардан биік санам бар...
Белгілі атым әлемге.
Қорашсынсаң денемді,
Кеудем – ақыл сарайы,
Кірем десең, кел, міне, –



деп өзінің автопортретін береді. Мұндағы Байғыз қарт – ақынның өзі.

1880 жылы Қазан қаласында «Өсиетнама» атты өлеңдер жинағы жарық көрген. Д.Бабатайұлының өлең-жырларының басты тақырыбы – XIX ғасырдың алғашқы жартысындағы қазақ даласындағы отаршылдыққа қарсы күрес.

Д.Бабатайұлының «Тегімді менің сұрасаң», «О, Сарыарқа, Сарыарқа», «Асқар таудың сәні жоқ», «О, Ақтан жас, Ақтан жас!» және т.б. көптеген өлеңдері бар. «О, Ақтан жас, Ақтан жас!» өлеңі жеке адамға арнау үлгісінде жазылған. Бұл өлеңде ақын Ақтан жастың болашағына алаңдаушылық білдіреді. Ақынның арнау үлгісінде жазылған «Сүлейменге», «Баракка», «Кенесбайға» т.б. арнау өлеңдері және «Еспенбет», «Шаштараз» атты поэмалары бар.

Д.Бабатайұлы – Абайға дейінгі қазақ поэзиясының ең көрнекті өкілдерінің бірі. Ол – отаршылдық дәуір шындығын ақындық қуатпен бейнелеуші, қазақ өлеңін түр, мазмұн жағынан байытып, жазба поэзияға ұластырушы.

Дулат поэзиясы жөнінде ғалым Құлмат Өмірәшев былай деген: «Дулат – өзі көтерген, сөз еткен тақырыбымен XIX ғасырдың бірінші жартысындағы ақындардан қаншалықты окшау, дара тұрса, өлеңдеріне тән өлең өлшемдерімен де өз кезеңінің поэзиясынан соншалықты ерекшеленіп тұрады»¹.

Ақынның жыр жинақтары бірнеше рет жарық көрді.

¹ Өмірәшев К. Кітапта: Қазақ тіл білімінің мәселелері. Алматы: Абзал-Ай, 2014.

«О, АҚТАН ЖАС, АҚТАН ЖАС!» ӨЛЕҢІ



Достар, Дулат Бабатайұлының «О, Ақтан жас, Ақтан жас!» өлеңінен үзінді тыңдайық (4-аудио).

Тыңдалым тапсырмалары

Тірек сөздер:

жетімдік
сауыт
жау қашыру
өмір
қажымау

1. Өлеңнің негізгі идеясын үш сөйлеммен айтып, ойымызды мақал-мәтелдермен түйіндейік.
2. Өлең жолдарын сәйкесінше жалғастырайық.

Жапанға біткен жапырақ
Жазғы шыққан бүлдірген
Күрек тісін қасқайтып
Бадана көз, тоғыз тор

3. Осы өлеңге басқа қандай атау берсек болады?
4. *Сауыт*, *керсен*, *қажу* сөздерінің мағыналарын біліп, оны синонимдерімен алмастырып сөйлем құрап жазайық.
5. Өлең арналып отырған кейіпкерге өз жұбымызбен ақылдаса отырып сипаттама берейік. Өлең оқу барысында ол бізге қандай адам болып елестейді? *Үлгі:*

Кейіпкер	Жас мөлшері	Түр-әлпеті	Мінезі	Әлеуметтік жағдайы

Сөз маржан

1. **Бадана** – 1) көне сөз. *Бұл жерде:* батырлар соғыста киетін, оқ өтпейтін темір сауыт; 2) жерге түйін тастап өсетін өсімдіктің түйнегі немесе оңтүстік аймақта өсетін жемісті бұта.
2. **Білтелі** – *бұл жерде:* мақта білтемен тұтатылып атылатын қазақтар жасаған серіппелі мылтық.
3. **Безін ер** – көне сөз. Сырты былғарымен қапталып, Безін қаласында, яғни Қытайда жасалған ер.
4. **Сапы** – кішкентай өткір қылыш, семсер.
5. **Манат** – 1) *бұл жерде:* барқыт тәрізді сырткіім тігуге арналған бағалы қалың мата; 2) сом, ақша (жергілікті диалект).
6. **Тегеріш** – киіз үйдің уығын, керегесін сыртынан айналдыра қысып ұстайтын әрі сәндік қызмет атқаратын жалпақ бау, яғни таңғыш.
7. **Керсен** – *бұл жерде:* ағаштан дөңгелетіп ойып істелінген ыдыс.



Достар, өлеңнің жалғасын оқиық!

...Тұлпар атты жаратып,
Күйрық-жалын таратып,
Безін ерді ерлетіп,
Жорыққа жортып терлетіп,
Сырты қырлы, жүзі алмас,
Салған дағы жоғалмас
Сапы асынар ма екенсің?

Босағасын борлатқан,
Керегесін торлатқан,
Тегеріші манаттан,
Жібектен ызып бау таққан
Үйге кірер ме екенсің?

Тең құрбыңмен теңеліп,
Шаруа жиып кенеліп,
Бала сүйіп, мал жиып,
Керсеніне бал құйып ¹,
Өмір де сүрер ме екенсің?

Жетімдіктен өтерсің,
Шаң бермей әлі кетерсің,
Қажыма, Ақтан, қажыма,
Жетерсің, әлі жетерсің!



Риторикалық сұрау – ойды, сезімді әсерлі жеткізу үшін жауабы өзінен-өзі айқын нәрсені әсерлі леппен, сұрау түрінде айту. Өлеңде қойылған сұраудың жауабын оқырман іштей біліп отырады. Мысалы:

Балалық өлді, білдің бе?
Жігіттікке келдің бе?
Жігіттік өтті, көрдің бе?
Кәрілікке көндің бе? (Абай)


Қайталау – сөз әсерін күшейте отырып оқырман назарын айрықша аударғысы келген нәрсені не құбылысты бірнеше мәрте қайталап, айтар ойды, ұқтырар сырды ұғымға мұқият сіңіре түсу.

Эпифора (кезекті қайталау) – өлең тармақтарының соңында бір сөз тіркесінің қайталанып келуі. Бұл қажетті бір ойға, құбылысқа ерекше назар аударып, сөз әсерін арттыру үшін қолданылады. Мысалы:

Оқ жаңбырдай жауған күн,
Оң қанатын теріс жайып,
Лашын қуға төнген күн,
Желпілдеген ала ту
Жиырылып ойға түскен күн... (Махамбет)

Оқылым тапсырмалары

1. Өлеңнен акынның Ақтан болашағына алаңдаған жолдарын мәнерлеп оқық.
2. Өзімізге ұнаған шумақтарды жағтап алайық.
3. Өлеңде кездесетін көркемдеу құралдарын төмендегі үлгі-сызбаны пайдаланып, мысалдар арқылы дәлелдейік. Үлгі:



¹ Бұл жерде: мол байлыққа, дәулетке кенеліп деген мағынада.

4. Достар, Дулат Бабатайұлының тағы қандай өлеңдерін білеміз? Білгендерімізді мәнерлеп оқып берейік.



Айтылым тапсырмалары

1. Сыныбымызбен «Өлең эстафетасын» жасайық. Мен бастаймын, сендер жалғастырыңдар.

О, Ақтан жас, Ақтан жас!
 Сен де жетер ме екенсің?

2. Тобымыздағы достарымызбен бірлесіп төмендегі сұрақтарға жауап іздейік:
 а) Автор неліктен «Қажыма, Ақтан, қажыма» деп айтады? Ақтанның қажына не себеп болды деп ойлайсыңдар?
 ә) Қалай ойлайсыңдар, өлеңдегі автор кімнің атынан сөйлейді? Ол Ақтан жасқа қандай үміт артады?
 б) Достар, бізге үміт артқан жандардың сенімін ақтау үшін не істейміз?
3. Д.Бабатайұлының афоризмге айналып кеткен тәлім-тәрбиелік маңызы зор ұлағатты сөздері көп. Солардың бірнешеуіне тоқталып, мағыналарын өз сөзімізбен түсіндіріп айтайық.

- | | | |
|---|---|---|
| 1. Бекзаданың белгісі –
Қиянатқа баспайды.
Өзі түгіл, басқаны
Жаксылыққа бастайды. | 2. Кертартпаның белгісі –
Кен дүппені тар дейді. | 3. Істемей қолмен іс болмас,
Құр сөзде күш болмас. |
|---|---|---|



Жазылым тапсырмалары

1. Ақтанға біз де қолдау білдіріп, оған деген тілегіміз бен ұсынысымызды жазып, хат жолдайық.
2. «Сен де жетер ме екенсің?» *Ержету, адам болу* дегенді қалай түсінеміз? Осы тақырыпта эссе жазайық.

Қызық екен!



Өмірге сеніммен қарайтын оптимист адам көзкітірсен, көңілің көтеріліп, өзің де өмірге риза жан болғың келеді. Оптимист болу үшін не істеу керек? Жақында жүргізілген зерттеулердің нәтижесі осы сұраққа тосын жауап іздеді. Кельн университетінің ғалымдары жүргізген зерттеулер оптимистке тән ерекшеліктерді анықтады. Олардың басты қасиеті – қолды жиі жуу болып шықты. Өз зерттеулерінің нәтижесінде мамандар қолды жуу оптимизмнің көбеюіне ықпал жасайтынын дәлелдеді.

massaget.kz сайтынан



Кері байланыс: «Білім кемесі»

Кеме желкенін сәйкес түске бояп, тақырып бойынша өз жетістігімізге баға берейік.

Жасыл түс – толық түсінік пен белсенділік.

Сары түс – қиындық пен толқыныс.

Қызыл түс – түсініксіздік пен алаңдаушылық.

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН

(1841–1889)

Ыбырай (Ибраһим) Алтынсарин – қазақ халқының тұңғыш ағартушы-ұстазы, ақын, жазушы, қоғам қайраткері.

Ыбырай 1841 жылы 20 қазанда қазіргі Қостанай облысы, Қостанай ауданында дүниеге келеді. Үш-төрт жасында әкесі Алтынсары қайтыс болып, атасы Балғожаның қолында тәрбиеленеді. Атасы Балғожа би Орынбор әкімшілігінің алдында беделді, белгілі кісі болған. Замана беталысын өзінше болжаған Балғожа кішкентай Ыбырайды Орынборда ашылады деп күтілген орыс-қазақ мектебіне күнібұрын жаздырып қояды. Бұл мектеп 1850 жылы ашылады да, оған қабылданған отыз қазақ баласының бірі тоғыз жасар Ыбырай болады. Ыбырай мектепте сабақты ынта қойып оқиды, 1857 жылы оқуын «өте жақсы» деген бағамен бітіріп шығады. Одан соң 1859 жылдың тамызына дейін өзінің туған елінде тілмаштық қызмет атқарады.

Ыбырай «Қазақ хрестоматиясы» атты жинағына енген өлеңдерінде халыққа оқу-білімнің, өнердің пайдасын түсіндіруді мақсат етті. Оның «Кел, балалар, оқылық!», «Өнер-білім бар жұрттар» өлеңдері жастарды оқуға, білім алуға шақырады. Сондай-ақ табиғатты суреттеуге арналған «Өзен», «Жаз» сияқты өлеңдері бар.



«Бақша ағаштары», «Асыл шөп», «Ақымақ дос», «Жаман жолдас», «Мейірімді бала», «Таза бұлақ», «Бір уыс макта» және т.б. әңгімелерінде адамның бойындағы мейірімділік, талапшылдық, еңбекқорлық, сабырлық, досқа адалдық сияқты жақсы қасиеттерді үлгі етеді. Жалқаулық пен қанағатсыздықтың түбінде өзіне зиянын тигізетінін айтады.

Ыбырай Алтынсарин К.Д.Ушинский, Л.Н.Толстой, И.А.Крылов, И.Паульсон шығармаларын қазақ тіліне аударды. Ы.Алтынсариннің аудармасы жөнінде академик Серік Қирабаев былай дейді: «Ы.Алтынсарин – қазақ әдебиетіндегі тұңғыш аудармашы. Оның шығармалары

көп жағынан еркін. Жазушы кейбіреулерінің сюжеті мен тақырыбын алып өзінше жазған. «Алтын шеттеуік», «Тәкаппаршылық», «Әдеп» (Паульсоннан), «Силінчи ханым», «Мұнсыз адам», «Данышпан қазы», «Үш ұры» (Лев Толстойдан), «Түлкі мен ешкі», «Сауысқан мен қарға» (К.Д.Ушинскийден), «Қайырымды түлкі» (И.Крыловтан) және т.б. шығармалары Ы.Алтынсариннің өзінің төл шығармасындай болып тұратыны да сондықтан»¹.

Ыбырай тек қана оқу-ағарту жұмыстары емес, сонымен бірге сол кездегі қоғамдық-саяси өмірге араласып, ғылым-білімге, еңбек пен өнерге, дінге, этнографияға қатысты мақалалар жазды. Оның көркем еңбектері қазақ әдебиетінің қалыптасуына айрықша ықпал етті.

«ҚЫПШАҚ СЕЙІТҚҰЛ» Әңгімесі



Достар, Ыбырай Алтынсариннің тамаша әңгімелерінің бірі – «Қыпшақ Сейітқұл». Олай болса, әңгімеден үзіндіні бірге оқық.

Тірек сөздер:

*отыз үйлі кедей
егін егу
қорған салдыру
сауда
көшпелі халық
бай болу*

Қыпшақ Сейітқұл отыз үйлі тобырымен жұрттың тегіс аттаныс, барымтасы бар уақытта: «Бұл отыз үй кедейді қалайынша етсем байытып, халық қатарына қосамын?» деп ойға қалды. «Сауда етуге мал жоқ, барымтамен мал алсам, бір күндерде жау да бізден қуып алады, ақырында, бұрынғылардың айтып кетуінше: «жортуыл басы жолда қалса керек». Соның бәрін де шамалап карап, ақыр

бір қиялға түсіп, Сейітқұл әуелі мекен еткендей бір орын іздеді. Көп жерлерді кезіп жүріп, ақырында Қабырға² деген өзеннің бойына тоқтады. «Мына жақта Үргеніш, Қоканнан, мына жақта естек-қалмақтан шетірек және жаманшылық болса, қалың қыпшақ деген руға жақынырақ екен» деп, сол жерді ұнатып қайтқан соң қысты өткізіп, жаздың жылы уақытында кедейлерді жалаңаш-жалпы көшіріп, Қабырға бойына алып келді. Сейітқұлдың бір ағасы бар еді, жол жүріп ұрлық, барымтаны әдет еткен, інісінің қанша айтқан ақылына болмай, үш-төрт үймен жалғыз-ақ сол көшпей, ескі орны Түркістан жағында қалды.

Қабырғаның бойына келген соң, Сейітқұл қолына кетпен алып, отыз үйлі кедейіне де кетпен беріп, жер тегістеп, егін етуге кірісті. Түркістан жағында көрген үлгісімен судан арық қазып шығарып, егінге су жіберді. Егіні піскен соң орып, жиып алып, артығын төңірегіндегі көшпелі елге сатып мал етті. Жаңа мекен еткен жеріне орныққан соң, Сейітқұл егінді жылдан-жылға күшейтіп, арық басына шығыр салып, суды шығырмен айдап, астықтың (ол күнде бидай, тары, арпа егеді) артығын төңіректегі елге малға айырбас етумен бұлардың

¹ Қирабаев С. Көптомдық шығармалар жинағы. 8-том. Алматы: Қазығұрт, 2007.

² Қабырға – Қостанай облысының Жангелді ауданындағы өзен.

малдары көбейіп, бай болды. Мұны көріп, әрбір көшпелі елдегі жарлы-жакыбайлар да Сейітқұлға қосылып, бес-алты жылда Сейітқұл елі деген төрт жүз үйге таянды дейді. Сейітқұлдың өзі де, жыылған халқы да малдары көбейіп, бай болды...

Сөз маржан

1. **Тобыр** – бұл жерде: белгілі бір мақсатпен жиналған халық, топтасқан топ.
2. **Барымта** – көне сөз. Жауласқан екі рудың бірінің-бірі мал-мүлкін күшпен тартып алуы, кек қайтару.
3. **Кетпен** – арық қазуға, жер өңдеуге арналған құрал.
4. **Шығыр** – көне сөз. Құдықтан су тартып шығаруға арналған жүккөтергіш құрал.
5. **Шым** – бұл жерде: жерден ойып алынған шым кесегі, яғни саз.
6. **Жабағы** – бұл жерде: түйе мен қойдың ұйысқан жүні.

Оқылым тапсырмалары

1. Әңгіменің негізгі идеясын үш сөйлеммен тұжырымдап, ойымызды мақал-мәтелдермен түйіндейік.
2. *Үргеніш, Қоқан, жортуыл, арық қазу* сөздерін түсініп, синонимдерімен алмастырып сөйлем құрап жазайық.
3. Сейітқұлдың мақсатына жету жолындағы әрекеттерін мәтін бойынша ретімен баяндайық. *Үлгі:*
 а) *Қатына кетпен атып, отыз үйлі кедейіне де кетпен беріп, жер тегістеп, егін егуге кірісті ...*
 ә) ... ; б) ... ; в) ...
4. Әңгіме бойынша өз жұбымызбен «Неге?», «Не үшін?», «Қалай?» және т.б. сұрақтар қою арқылы сұхбат жасайық.
5. Оқиға өткен жерлерді картадан көрсетейік. Қазір ол жердегі адамдар немен айналысады?



Әңгімеден үзінді тыңдайық (5-аудио).

Тыңдалым тапсырмалары

1. Тыңдалған үзіндіге ат қояйық.
2. Тыңдалым мәтінде кездескен кейіпкерлерді салыстырайық.
 Сейітқұл қандай адам? Себебі ...
 Сейітқұлдың ағасы қандай адам? Себебі ...
3. Ы.Алтынсариннің «Қыпшақ Сейітқұл» әңгімесінің толық мазмұнын айтайық.



Әңгіме – оқиғаны қарасөзбен баяндайтын шағын көркем шығарма жанры. Әңгіменің көлемі шағын, кейіпкерлер саны аз болады. Онда адам және оның өміріндегі аса маңызды деген оқиғалар жинақы беріледі.

Композиция (лат. құрастыру, қиыстыру) – көркем шығарманың құрылысы. Ол оқиғаның басталуы, байланысуы, шиеленісуі, шарықтау шегі мен шешімінен тұрады.



Айтылым тапсырмалары

1. Тобымызбен ақылдасып, әңгіменің композициясын құрайық.



- Оқиғаның шешімі
- Оқиғаның шарықтау шегі
- Оқиғаның шиеленісуі
- Оқиғаның байланысуы
- Оқиғаның басталуы

2. Бүгінгі күн адамдарының мақсаты қандай? Олар өз мақсаттарына жету жолында не істейді? Өз пікірімізді білдіріп, мысалдар арқылы дәлелдейік.
3. Осы әңгімемен ұқсас, яғни мазмұндас басқа қандай әңгімелер білеміз? Ыбырай Атыңсариннің тағы қандай әңгімелері бар? Ой бөлісейік.
4. «Азығымен жер мүсінді, Еңбегімен ер мүсінді» деген мақалды қалай түсінеміз? Жұбымызға өз сөзімізбен түсіндіріп берейік.
5. Ойымызды жинақтап, «Синк вейн» әдісі арқылы «мақсат» сөзімен бес тармақ құрастырайық.
6. Берілген сұрақтар төңірегінде өз тобымыздағы оқушылармен ой бөлісейік:
 - Менің өмірлік мақсатым қандай?
 - Мен өз мақсатымды қалай айқындадым?
 - Мақсатыма жету үшін қазір не істеп жүрмін?
 - Болашақта не істеуім керек?



Қосымша ақпарат көздерін пайдаланып, қазіргі Қазақстанның өгіншілікпен айналысатын аймақтары туралы ізденіс жұмыстарын жүргізейік.



«АТЫМТАЙ ЖОМАРТ» ӘҢГІМЕСІ

Достар, **қолы ашық** деген сөзді қалай түсінеміз? Өз түсінігімізді, яғни **қолы ашық** сөзінің синонимдерін «бес саусақ» атты сызбаға орналастырайық.





«Атымтай жомарт» әңгімесінің үзіндісін бірге тыңдайық (6-аудио).

Тыңдалым тапсырмалары

1. Әңгіме нің негізгі идеясын үш сөйлеммен тұжырымдап, ойымызды мақал-мәтелдермен, қанатты сөздермен түйіндейік.
2. *Жирену, кем-кетік, тұтыну* сөздерінің мағынасын түсініп, олардың синонимдерін тауып сөйлем құрайық.
3. Жомарттың жұмыс жасауының себептерін ретімен сәйкестендіріп, толықтай баяндап берейік.

- | | |
|-------------------|----------------------------|
| 1. Бірінші себеп | а) күнәлі болу |
| 2. Екінші себеп | ә) еңбектің дәмі |
| 3. Үшінші себеп | б) әбірет ¹ алу |
| 4. Төртінші себеп | в) көңілге жел кіру |

Тірек сөздер:

жомарт
жұмыс
төрт түрлі себеп
бейнет
дәулет
жәрдем беру



Тыңдалған мәтінді рөлдерде бөліп оқыық.

Атымтай жомарт өзі есепсіз бай бола тұрып, күн сайын бір мезгіл үстіне ескі-құсқы киім киіп, отын кесіп, шөп тасып жұмыс қылады екен. Бір күні өзінің жақын таныстары сұрады дейді:

– Жомарт, Құдай берген дәулетіңіз бар, ашқа – тамақ, жалаңашқа – киім, үйсіздерге – үй болдыңыз. Сөйтіп тұрып өз басыңызды кемшілікке салып, жете алмаған жарлыша отын кесіп, шөп тасығаныңыздың мағынасы не? – деп.

Жомарт айтты дейді:

– Төрт түрлі себеп бар. Әуелгісі: әдемі ат, асыл киім, асқан дәулетті өне бойы әдет етсең, көңілге жел кіргізеді; сол желіккен көңілмен өзімнен терезесі төмен бейшаралардан жиреніп, көз салмай, кем-кетікке жәрдем беруді ұмытармын деп қорқамын.

Екіншісі: бар бола тұрып мен жұмыс қылсам, мұның кемшілік емес екенін біліп, кейінгі ер әбірет алсын деймін.

Үшіншісі: күн сайын өз бейнетіммен тапқан бір-екі пұлға нан сатып алып жесем де бойыма сол тамақ болып тарайды, еңбекпен табылған дәм тәтті, сіңімді болады екен.

Төртіншісі: Құдай тағалам берген дәулетті өзімсініп, тиісті орындарына жаратпай, көбісін өзім ішіп-жеп, өзім тұтынсам, мал берген несіне күнәлі болармын деп қорқамын, – деді.

Оқылым тапсырмалары

1. «...әдемі ат, асыл киім, асқан дәулетті өне бойы әдет етсең, көңілге жел кіргізеді; сол желіккен көңілмен өзімнен терезесі төмен бейшаралардан жиреніп, көз салмай, кем-кетікке жәрдем беруді ұмытармын деп қорқамын», – деген кейіпкердің сөзін жұбымызбен бірге талдайық.

¹ Әбірет – үлгі-өнеге, габрит.

2. Жомарт адамға тән бес қасиетті мәтіннен мысалдар келтіре отырып дәлелдейік.
3. Бүгінгі күні Атымтай сияқты жомарт адамдар бар ма? Естігендеріміз бен көргендерімізді ортаға салайық.

Сөз маржан

1. **Ескі-құсқы** – тозығы жеткен, ұзақ пайдаланылған, көп ұсталған деген.
2. **Жарлы** – жоқ-жітік, кедей. *Бұл жерде: сондай адамға ұқсап деген мағынаны білдіреді.*
3. **Пұл** – 1) *бұл жерде: ақша, қаржы-қаражат;* 2) *бұл, яғни мата.*
4. **Көңілге жел кіру** – *бұл жерде: басқа адамдарды менсінбеу, яғни тәкаппар болу деген мағынада.*
5. **Кем-кетік** – *бұл жерде: жоқ-жітік, жарлы-жақыбайлы, кедей деген мағынада.*
6. **Тұтыну** – *өзі пайдалану, өз пайдасына ғана жарату.*



Айтылым тапсырмалары

1. Қалай ойлайсындар, егер бізде қажетті дүнненің барлығы болса да, Атымтай жомарт сияқты күн сайын бір мезгіл үстімізге ескі-құсқы киім киіп, жұмыс жасағанымыз дұрыс па, дұрыс емес пе?

Екі топқа бөлініп, осы сұрақ төңірегінде пікірталас жасайық.

2. Ыбырай Алтынсариннің тәлім-тәрбиелік мәні зор, оқырманын еңбек етуге, қанағатшылыққа баулитын, оқудың пайдасын насихаттайтын қанатты сөздерін жаттап алып, маңызын түсіндірейік.

1. Аз жұмысты қиынсынаң –
Көп жұмысқа тап боларсың.
Азға қанағат қылмасаң –
Көптен күр қаларсың.

2. Атаң-анан қартайса –
Тіреу болар бұл оқу.
Қартайғанда мал тайса –
Сүйеу болар бұл оқу.

3. Төменде берілген Атымтай жомарт туралы аңыз-әңгімені оқып, күрделі сұрақтар құрастырайық. Жауап бере отырып, Атымтайға баға берейік.

Сол заманда тағы бір жомарт патша болған екен. Ол Атымтай данкының ел арасына таралғанына қызғаныш білдіреді. «Қалай бұл менен асып кетеді? Егер оның көзі жойылса, менің атым шықпағанда кімдікі шығады?» деген ой жанын жегідей жейді. Ақыры Атымтайды құртудың жолын іздестіріп, сол елдегі қанішер біреуді шақырып алып, Атымтайды өлтіру үшін тапсырма береді.

– Пәлен деген қалаға жақын ауылда, – дейді патша, – Атымтай жомарт деген адам бар. Соны өлтіріп, дәлел ретінде басын кесіп, маған әкелесің. Тіршілікте қалағанының бәрі орындалады. Алтын, күмісті керегінше аласың.

Қанішер ханмен уағдаласып аттанып кетеді. Бірнеше күн жол жүріп, іздеген ауылына кешке жетеді. Отын шауып әкеле жатқан адамға жолығып, сәлемдескен соң:

– Күн болса кешкіріп қалды, – дейді ол. – Мен болсам алыстан келе жатқан жолаушы едім, бұл ауылда баратын танысым да жоқ.

– Олай болса, біздің үйге жүр, асықпай жатып әбден тынығып ал, – деп жаңағы отын әкеле жатқан адам үйіне ертіп келіпті.

Қонағы өте риза болып тынығып, жақсы демалады. Отынын базарға сатып келген үй несіне танданып: «Бұл не деген ғажап адам? Тұрмысы жақсы, байлығы жетеді, сөйте тұрып отын шауып, оны базарға сатып несіне бейнеттенеді екен?»

Бірде қонағы сөздің реті келгенде:

– Байқаймын, тіршілігіңіз жаман емес сияқты. Барлығы да жеткілікті, таршылық көретін жеріңіз жоқ. Несіне отын шауып, оны базарға сатып бейнеттенесіз? Жатпайсыз ба демалып? – деп үй несіне қарапты.

– Еңбекпен тауып ішкен асқа не жетсін, – депті үй несі қонағының сұрағына жауап беріп, – Отын дайындап, оны сатып адал еңбек, маңдай термен табылған қаржымен күнелтемін. Ал үйдегі жинаған қазына-мүл кімді жетім-жесір, кем-кетік, шаршап-шалдыққан адамдар мұқтажын өтеуге, келімді-кетімді қонақтарымды риза етуге жұмсаймын. Егер қалағаның болса айт, саған да берем!

Үй несінің сый-құрметіне риза болған қонағы «негізгі шаруамды бұл кісіден жасырмайын» деп ойлайды.

– Ракмет сізге, – депті ол. – Еш нәрсе де алмаймын. Келген шаруам мынау – патшамыз: «Осы маңда Атымтай жомарт деген бар, соны өлтіріп, басын кесіп алсаң, керегінше қазынадан алтын, күміс аласың» деген еді. Сол жомартты тауып берсеңіз, патша берген сыйдың жартысын сізге берем.

– Маған еш нәрсенің керегі жоқ, оны тауып беру онай, – деген жауапты естігенде, қанішер қуанып: – Бәрібір табысымның жартысы сіздікі, – деп дегбірі қалмапты.

Енді Атымтайды іздеп шығуға асықтырған кезде үй несі сабырмен:

– Сенің іздеп келген Атымтай жомартын менмін. Құлдығына әзірмін, патшанды риза ет те, сыйлығыңды ал, – деп басын тосады. Сасып қалған қонағы шошынып:

– Қойыңыз, бұл неткеніңіз... Япыр-ай, қандай мәрт адам едіңіз... Айып менде, – деп кешірім сұрап, еліне қайтып кетеді. Оралысымен патша алдына келіп, болған жайды бастан-аяқ баяндайды. Сонда жомарт патша отырып:

– Бұл не деген ғажап жан! Адам мал мен мүлікке, дүниеге жомарт болушы еді. Атымтай өз жанына да жомарт екен. Сірә, мұнымен таласуға болмас, – депті.



Қосымша ақпарат көздерін пайдаланып, басқа халықтардағы жомарт кейіпкерлер туралы іздестіріп көрейік. Кедейлерге, жоқ-жітік жандарға ерекше қамқорлығымен танылған кейіпкерлерді зерттейік.



Жазылым тапсырмалары

1. Мәтіннен алған ақпараттарымыз бен берілген суреттерді пайдаланып, Атымтайдың тіршілігі туралы әңгіме құрап жазайық.



2. Шығармадан алған әсерімізді қатыстыра отырып өлең жазып көрейік. *Үлгі:*
 а) Атымтайдай болайық
 ә) Жомарт адам қандай-ды?
 б) Біз еңбекқор жастармыз
3. Атымтай жомарттан біз не үйрендік? Сыни шолу жазайық.

Кері байланыс

✓	+	?
Бұрыннан білемін	Мен үшін жаңа ақпарат	Білгім келеді

«ДҮНИЕ ҚАЛАЙ ЕТСЕҢ ТАБЫЛАДЫ?» ӘңГІМЕСІ



Әңгіменің үзіндісін оқып, еңбек етудің сырын бірге білейік.

Тірек сөздер:

*білімді адам
тіленші
ақыл айту
сауда
машақаттану
дүкен иесі*

Француз жұртының білімді адамы жазады:
 1791 жылы өзім университет деген үлкен
 школда оқып жүрген жігіт күнімде әр жеті сайын
 Версаль қаласындағы шешеме жаяу барып-қайтып
 тұрушы едім. Сонда әрдайым жолымда бір Антон
 деген тіленші отырып, қайыр сұрап алып жүруші
 еді. Бір күні тағы сол жолмен келе жатып орта
 бойлы арықтау кісіге ұшырасып, жөніміз бір

болған соң бірге келе жатқанымызда әдетінше манағы Антон алды-мыздан шығып қайыр сұрады. Қасымдағы кісі тоқтап, Антонның бетіне қарап тұрды да айтты:

– Сен қарауға еп-есті кісі секілді көрінесің және жұмыс істеуге қуатың да бар көрінеді, сөйтіп тұрып мұндай жаман іспен өзінді кемшілікке салып жүрсің. Бай болғың келсе, мен саған ақыл айтайын. Мен өзім де сендей кедей едім, бірақ сендей тіленшілік қылғаным жоқ. Елден, қала-қаладан қыдырып жүріп әуелі қалдық асынан не болмаса жай кісілерден ескі шүберек сұрап жиып жүрдім. Ол шүберектерді апарып қағаз істейтін фабрикаларға сатып, соныменен азды-көпті ақша болған соң бір есек, бір арба алдым, мұнан соң әуелі аздап, бара-бара көбірек әр үйден ескі-құсқы, тұтынуға жарамайтын шүберектерді сатып алып, арбамен жүріп сауда ете бастадым.



Осындай іспен жеті жылда он мың франк ақша тауып, енді бір қағаз фабрикасына кірістім. Жасым жас, ісіменің, жинақты және еріншектікті білмегеннен соң осы күнде екі әйдік тас жұртым бар. Фабрикамды балама бердім, үмітім бар – балам да аштық көре қалмас деген. Себебі баламды да жасынан бос жүруге, еріншектікке, қиналмай мал табуға үйретпедім. Осы айтқанымдай, машақаттанудан қашпасаң, сен де бай боласың. Антон, – деді де, жөніне жүріп кетті.

Антон бұл сөздерді естіген соң терең ойға қалып, қайыр сұрауын да ұмытып тұрып қалды...



Сөз маржан

1. **Тіленші** – көне сөз. Ел аралап, қайыр сұрайтын тілемсек, қайыршы.
2. **Еп-есті** – бұл жерде: ақылың бар адам сияқтысың деген мағына береді.
3. **Әйдік** – бұл жерде: 1) үлкен, зор, еңселі, дәу; 2) керемет, тамаша, мықты деген мағынада да қолданылады.
4. **Реуішті** – тәрізді, секілді, сияқты, іспетті. Қазіргі орфографияда *рәуішті* деп жазылып жүр.
5. **Машақаттану** – бұл жерде: бейнеті ауыр еңбек, қиындығы көп жұмыс деген мағынада.

Оқылым тапсырмалары

1. Әңгіменің негізгі идеясын үш сөйлеммен тұжырымдап, ойымызды мақал-мәтелдермен түйіндейік.
2. Әңгімедегі оқиға қай жерде өтеді? Оқиға өткен мекенді картадан тауып көрсетейік.
3. Сіздің ойыңызша, Антон қандай адам? Шығармадан автордың Антонға берген бағасын тауып оқыңыз.
4. «...Антон бұл сөздерді естіген соң терең ойға қалып, қайыр сұрауын да ұмытып тұрып қалды». Антонның осы күйіне, яғни терең ойға калуына себеп болған мәтін оқиғасын баяндайық.



Әңгіменің жалғасын тыңдайық (7-аудио).

Тыңдалым тапсырмалары

1. Тыңдалым мәтіні негізінде сұраққа өз сөзімізбен жауап берейік. Автор не себепті таңғалды?

2. Берілген суреттер мен тыңдалған әңгіме мазмұнын салыстырып айтып берейік.



3. Жұбымызбен бірге Ы.Алтынсариннің үш әңгімесіндегі өзіміз танысқан кейіпкерлерді салыстырып, «Кейіпкерлер кестесін» толтырайық. Оларды не біріктіреді? Ұлгі :

Кейіпкерлер	Қандай?	Не істеді?	Ұқсастығы	Ерекшелігі	Кейіпкер туралы көзқарасым
Сейіткұл					
Атымтай жомарт					
Антон					



Айтылым тапсырмалары

1. Тобымыздағы оқушылармен ақылдаса отырып жауап берейік. Антонның қайыр сұрауына не себеп болуы мүмкін? Бүгінгі күнмен байланыстыра отырып өз ойымызды айтайық.
2. Егер Антонға «орта бойлы арықтау кісі» жолығып ақыл айтпағанда не болар еді деп ойлайсындар? Болжам жасап көрейік.
3. «Дүние қалай етсек табылады екен?» Қорытынды пікірімізді айтайық.
4. «Суреттер сыр шертеді» деген атпен төменде берілген суреттерді пайдаланып, ұлы ұстаз, ақын-жазушы Ыбырай Алтынсариннің өмірі мен шығармашылығына шолу жасайық.



4. Суретте берілген Ы.Алтынсариннің мүражайы туралы қосымша ақпараттар жинақтап жазайық.



Қызық екен!



Британ университетінің ғалымдары жүргізген зерттеулер нәтижесін сараптай келе таңғажайып шешімге тоқталды. Олар: «Жомарттық танытып, жұртқа жақсылық жасаған жанның ғұмыры ұзақ болатын көрінеді», – деп жазады. «Біреуге жақсылық жасай отырып, сіз өзіңіздің денсаулығыңыз үшін орасан пайда келтіресіз», – дейді Кливленд қаласындағы емхана дәрігері Майкл Макки.

muslim.kz сайтынан



Кері байланыс: «Қызық. Қиын. Құнды»

Жапырақ бөлімдеріне Ыбырай Алтынсариннің әңгімелерін оқу барысында біз үшін қызық, қиын, құнды болған тұстарды жазып, ой қорытайық.



*Тегінде, адам баласы адам баласынан
ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен
озбақ. Онан басқа нәрселермен оздым
ғой демектің бәрі де – ақымақтық.*

Абай Құнанбайұлы





АДАМГЕРШІЛІК – АСЫЛ ҚАСИЕТ

Достар!

Осы бетті ашқан сәтте-ақ өздеріңе «Адамгершілік – асыл қасиет» деген тараудан біз не үйренеміз?» деген сұрақ қойып отырған боларсындар. Көп кідірмей бәрін де білетін боламыз. Оқулықта берілген әрбір шығармадан адамгершіліктің, ізгіліктің, яғни адами қасиеттердің маңызын терең ұғатын боламыз. Бұл тараудан біз:

Ахмет Байтұрсынұлының «Егіннің бастары» мысал өлеңі мен «Адамдық диканшысы» атты өлеңін оқып, адамның бойында болатын түрлі қасиеттерді білеміз. Оқимыз, ой қорытамыз, баға береміз.

Кеңес дәуірі әдебиетінің балалар жазушысы Бердібек Соқпақбаевтың әйгілі «Менің атым – Қожа» хикаятымен танысамыз. Онда Қожамен бірге түрлі шытырман оқиғаларды бастан кешіп қуанамыз, мұнаямыз, алға ұмтыламыз!

Белгілі жазушымыз Марат Қабанбайдың «Бауыр» атты тамаша әңгімесін оқып, адамзаттың ең керемет қасиеттерінің бірі бауырмалдық екендігін ұғынамыз. Мүмкін, кейіпкеріміздің кейбір әрекеттерін түсіне алмай таңғалармыз.

Достар, қазақ халқы *адамдық*, *адамшылық*, *адамгершілік* деген ұғымдарды өте жоғары бағалаған. Осы сөздердің бәрінің негізінде *адам болу* деген үлкен ұғым бар. Атақты Абай ағамыз «Атаның баласы болма, адамның баласы бол» демеп пе еді?

Демек, адамгершілік – адамдардың бірін-бірі құрметтеуі, қиналған кезде бір-біріне көмек көрсетіп, жанашырлық танытуы. Өзін ғана ойлап, өзгеге пайдасы тимейтін адамдарды халық еш уақытта да жақсы көрмеген. Керісінше ақкөңіл, әділ, жомарт жандарды ерекше бағалап, оларға төрден орын берген.

Адамгершілік – асыл қасиет қой, расында. Қалай ойлайсындар, достар? Жауаптарыңды тарау соңында күтеміз.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ

(1872–1937)

Ахмет Байтұрсынұлы – ақын, аудармашы, публицист, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым. Алаш партиясы жетекшілерінің бірі, мемлекет және қоғам қайраткері. Ол 1872 жылы 5 қыркүйекте қазіргі Қостанай облысы, Жангелдин ауданы, Сарытүбек ауылында дүниеге келген.




Әкесі Байтұрсын Шошақұлы беделді, әділетті кісі болған. Ағайынды Байтұрсын мен Ақтас ел камын ойлап Яковлев деген жергілікті уездің бастығына қарсылық көрсеткендері үшін 15 жылға Сібірге жер аударылады. Ол кезде Ахмет он үш жаста болатын. Ахметтің ақындық жолға түсуіне осы оқиға қатты әсер етеді. Өзінің «Анама хат» атты өлеңінде осы оқиға жайлы:

Ок тнп, он үшімде ой түсіріп,
Бітпеген жүрегімде бар бір жарам... –

деп жазады.

А.Байтұрсынұлының басты еңбектерінің бірі П.А.Крылов туындыларының аудармасы – «Қырық мысал». Ол 1909 жылы Петербургте жарық көрді. Ақынның «Қайырымды түлкі», «Ала қойлар», «Қартайған арыстан», «Ат пен есек» атты мысалдарында қазақ қоғамындағы әлеуметтік-саяси мәселелер, адам мінездері шебер суреттеледі. Халықтың сол кездегі қиын жағдайы тұспалдап жеткізіледі.

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақтың тұңғыш тілші-ғалымдарының бірі. Оның тіл туралы айтқан: «Біз де тіліміз бүлінбей сақталуын тілесек, өзгелерше әуелі өз тілімізбен оқытып, сонан соң басқаша оқытуға



тііспіз. Қазақтың бастауыш мектептерінде басқа білімдермен қатар тілінің дыбыс, сөз, сөйлем жүйелерін де үйрету керек» деген пікірі ешқашан маңызын жоймайды деп ойлаймыз.

Ақынның азаматтық идеялары 1911 жылы шыққан «Маса» еңбегінде жинақталған. Кітаптың негізгі идеясы – жұртшылықты оқуға, өнер-білімге шақыру, мәдениетті уағыздау, еңбек етуге үндеу.

«ЕГІННІҢ БАСТАРЫ» МЫСАЛ ӨЛЕҢІ

Достар, бұл суретте не бейнеленген, қандай жұмбақ ой жатыр? Суретті сөйлетіп көрейікші.

Тірек сөздер:

егін басы
жас бала
бидай
дәнге толу
тәкаппарлық
шекірею
бүгілу
кекірею
иілу
қалып



Достар, мысал өлеңді тыңдайық (8-аудио).

Тыңдалым тапсырмалары

1. Шығарманың негізгі идеясын үш сөйлеммен айтып, ойымызды мақал-мәтелдермен түйіндейік.
2. Мысал өлеңге басқа қандай атау берсек болады?
3. *Сарша тамыз, шекірейіп, сұқтанба* сөздерін синонимдерімен алмастырып, сөйлем құрап жазайық.



4. Төменде берілген суреттегі бидай дәндеріне мысал өлеңнің кейіпкерлерін орналастырайық.
5. Оқиғалардың ретін табайық.
 1. а) бидайлардың сипаты;
 2. ә) әке жауабы;
 3. б) әке мен баланың егін алқабына баруы;
 4. в) баланың әкесіне сауалы;
 5. г) тәкаппарлық туралы түйінді ой.

6. Жұбымызбен бірге мына тұжырымдардың себебін төмендегі үлгі бойынша анықтайық.

а) Баланың бір бидайға көзі түсті,

себебі...

ә) Жалғыз бидай көкке қарап
бүлініп тұр,

себебі...

б) Әкесі бидай мен адамды
байланыстырады,

себебі...



Достар, енді А.Байтұрсынұлының «Егіннің бастары» атты мысал өлеңін рөлге бөліп оқыық.

Бір адам жас баласын жанына алды,
Екеуі сайран етіп кетіп қалды.
Қыдырып әрлі-берлі жүрді дағы,
Егінші егін еккен жерге барды.

Аралап әр егінді қарап жүрді,
Кез еді пісіп болған егін түрлі.
Бастарын дөңге толған төмен салып,
Бидайлар бейне тағзым етіп тұрды.

Жалғыз-ақ бір бидай тұр көкке қарап,
Бейне бір жалғыз өзін көпке балап.
Баланың сол бидайға көзі түсіп,
Білмекке кетті көңілі жөнін сұрап.

Құбылып бидайлар тұр басын салып,
Жіберген мырза Құдай нұрға қанып.
«Әй, әке, мұның мәнін түсіндірші,
Бір іске тұрмын өзім қайран қалып.

Бұл бидай көтеріп тұр басын көкке,
Қарайды шекірейіп өзі көпке.
Өзіне өзгелерді тенгермейтін,
Соншама бұл бидайдың дәні көп пе?»

«Айтайын мұның мәнін, балам, саған:
Шырағым, түрін көріп танданба оған.
Өзгесі төмен қарап бүгілгенде,
Ойлама кем екен деп бәрі сонан».

Және де әкесі айтты баласына:
«Сұқтанба құр сорайған қарасына.
Құдайым өзгесіне дән бергенде,
Бұл бидай дәнсіз қапты арасында».

Бидайлар басы толық піліп тұр,
Дән берген қожасына снынып тұр.

Басында бұл бидайдың дәні болмай,
Кекірейіп, көкке қарап бүлініп тұр.

* * *

«Елде көп бұл бидайдай адам дейді,
Тәкаппар, оны халық жаман дейді.
Қалпы емес тәкаппарлық данышпанның,
Тұтынба бұл мінезді, балам» дейді.

**Сөз
маржан**

1. **Пісім** – егіннің толық піскен кезі.
2. **Тағзым** – ізет, құрмет, қошемет.
3. **Қожа** – қазақ тілінде қожа сөзінің мағынасы өте көп. *Бұл жерде:* бір нәрсенің иесі, егесі деген мағынаны білдіреді.
4. **Кекірею** – бәлсіну, кесапаттану, шалқаю, яғни тәкаппарлану.
5. **Қалып** – қазақ тілінде мағынасы өте көп. *Бұл жерде:* белгілі бір сәттегі адамның қал-жайы, күйі, кейпі, түрі деген мағынада.



Достар, қосымша ақпарат құралдарын пайдаланып, тәкаппарлық туралы психологиялық тұрғыдан зерттеу жүргізейік. Ондай адамдар амызда бар ма?



Оқылым тапсырмалары

1. Оқылған мәтінді өз сөзімізбен түсіндіріп берейік.
2. Тобымыздағы оқушылармен ақылдасып, өлең мен мысал өлеңді салыстыра талдайық. Өздеріне тән қандай ерекшеліктері бар?

Салыстыру аймағы	Өлең	Мысал өлең
Мақсаты		
Кейіпкерлері		
Кейіпкерлердің сөйлеу формасы		
Ойды жеткізу		
Бейнелеу құралдары		

3. Тақырыпқа байланысты берілген мақал-мәтелдердің мағынасын ашып, өз жұбымызға баяндайық.
 1. Бидайдың кеудесін көтергені –
Дақылы жоқтығы.
Жігіттің кеудесін көтергені –
Ақылы жоқтығы.
 2. Жақсымын деп мақтанба, халық айтпай,
Батырмын деп мақтанба, барып қайтпай.



Өлең – ырғағы мен ұйқасы, шумағы мен бунағы белгілі бір тәртіпке бағынатын шағын көлемді поэзиялық шығарма. Өлең шумақтарға бөлінеді. Әр шумақ тармақтардан, тармақ бунақтардан, бунақ буындардан тұрады. Өлең бунақ пен буындарға өзіндік ырғағына байланысты бөлінеді.

Өлең – // сөздің патшасы, // сөз сарасы, (а)
 Қиыннан // қиыстырар // ер данасы. (а)
 Тілге жеңіл, // жүрекке // жылы тиіп, (б)
 Теп-тегіс, // жұмыр келсін // айналасы. (а)

Бұл – бір шумақ өлең. Берілген бір шумақ төрт жолдан, яғни төрт тармақтан, әр тармақ 11 буыннан, айтылу ырғағына байланысты 3 бунақтан құралған.

Мысал – айтылатын өнегелі ойды тұспалдап жеткізетін, көбіне өлең түрінде келетін сюжеті шағын көркем шығарма. Негізгі сюжетке қоса нақыл түрінде келетін түйіні болады. Мысалдың тақырыбы сан алуан. Кейіпкерлері аң, құс, балық, өсімдік, кейде оқиғаға адам да қатыстырылады. Кейіпкерлерді сөйлестіруде диалог тәсілі жиі қолданылады.

Аллегория (көне грек. *allegoria* – пернелеп, тұспалдап айту) – оқырманның санасына, қиялына ерекше әсер ететіндей образ жасаудың бейнелеуші құралы, көркемдік тәсіл. Әдебиетте, өнерде дерексіз ұғымды деректі образдар арқылы көрсету. Мысалы, *түлкі* – қулық, *арыстан* – зорлық, *қасқыр* – қастық, *қоян* – сужүректік, *аққу* – адалдық қасиеттерін білдіреді.



Айтылым тапсырмалары

1. Мысал өлендегі кейіпкерлердің образына ене отырып, рөлдік ойын ойнайық. Рөлін сомдаған кейіпкер кейпінде өзіміз туралы достарымызға айтып берейік. Мысалы: *Мен дәнге толы бидаймын. Мені өсірген қожаман рақмет айтамын...*
2. «Біз бұл мысал өленді оқымағанда не болатын еді?» Өз жұбымызбен осы тақырыпта сұхбат құрайық.
3. Қазақ халқы «Алтын-күміс тас екен, Арпа-бидай ас екен» деп бидайды алтыннан қымбат қойған. Қалай ойлайсындар, қайсысы қымбат? Ойымызды дәлелдейік.
4. Қосымша дереккөздерін пайдаланып, елімізде бидай өсірілетін өңірлер туралы айтып берейік.



Жазылым тапсырмалары

1. Достар, берілген суреттерді пайдаланып, күнделікті тіршілігімізге байланысты мысал өлең жазып көрейік. Мысал өленге тақырып қоюды, ерекшеліктерін ескеруді ұмытпайық.



2. Достар, басқа достарымыз да бидайдың тақашпарлығы және оның жаман қасиет екені туралы білсін. Ол үшін біз А.Байтұрсынұлының осы өлеңі, ондағы кейіпкерлердің іс-әрекеті туралы көзқарасымызды білдіріп, сыни хабарлама жазайық.
3. Тақашпарлықтан құтылудың бес жолын көрсетейік.
 Үлгі : 1) өзінді өзгелерден жоғары қоймау; 2)

Қызық екені



Уругвай президенті Хосе Корданоны жергілікті халық Эль Пепе деп атайды. Ол өзінің жалақысының барлығын кедей-кепшіктерге қайырымдылық ретінде ұсынады. Қарапайым ғана ауылда тұратын президенттүі шаруашылығына керек суды құдықтан өзі тасып алады. Ең ірі байлығы – 1987 жылғы «Фольксваген Жук» көлігі. Оның банкте есепшоты да, ешкімге қарызы да жоқ екен.

Кері байланыс

✓	+	?
Бұрыннан білемін	Мен үшін жана ақпарат	Білгім келеді

«АДАМДЫҚ ДИҚАНШЫСЫ» ӨЛЕҢІ

Тірек сөздер:

*адамдық тұқымы
халық
көңілін көгерту
қор болған еңбек
бейнет*

Достар, «Малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы» деген мақалды қалай түсінеміз? Мұғалім көмегімен мақал мағынасын түсініп, ойымызды айтайық.



Өлеңді мәнерлеп оқиық.

Адамдық диқаншысы қырға шықтым,
Келі жоқ, көгалы жоқ құрға шықтым.
Тұқымын адамдықтың шаштым, ектім,
Көңілін көгертуге құл халықтың.

Қор болған босқа кетіп еңбек, бейнет,
Құлдарға құлдықтан жоқ артық зейнет.
Оттай бер, жануарым екі аяқты,
Адамдық хайуанға канша қажет?!

Жаратқан малды Құдай не керекке –
Мінуге, сою, соғу, жүндемекке.
Жорта бер қамыт кнп, камшыңды жеп,
Бұйрық жоқ ұрасың деп үндемекке.

Таяққа еті үйренген қойшы жайлап,
Көк есек қозғала ма түрткенге айдап?
Есептен алданғандай болғандар көп,
Жасықты асыл ма деп білмей қайрап.

**Сөз
маржан**


1. **Тұқым** – 1) түрлі дақылдар мен өсімдіктің өсіп-өну, көбею негізі, ұрығы; 2) арғы атасы, ататегі, нәсілі. *Бұл жерде: ауыспалы мағынада адамдықтың, ізгіліктің тұқымын шаштым деп тұр.*
2. **Жүндеу** – 1) түйені жүндеу; 2) ауыспалы мағынада басыну, қорлау. *Бұл жерде: осы екінші мағынада.*
3. **Қамыт** – аттың мойнына кигізілетін, имектеу келген ағаш жақтаулары бар арбашана әбзелі. *Бұл жерде: ауыспалы мағынада ауыр азап, ауыртпалық дегенді білдіріп тұр.*
4. **Жасық** – 1) семіз емес, арық; 2) асыл емес, жаман; 3) жігерсіз, ынжық. *Бұл жерде: екінші мағынада.*



Метафора (алмастыру) – бір нәрсенің құбылыстың орнына оған ұқсас екінші нәрсені, құбылысты қолдану. Мысалы: «Мен – тауда ойнаған қарт марал» (*Махамбет*), «Арыстанмын айбатыма кім шыдар?» (*Мағжан*)

Оқылым тапсырмалары

1. Өлеңнің негізгі идеясын үш сөйлеммен тұжырымдап, ойымызды мақал-мәтелдермен түйіндейік.
2. *Бейнет, зейнет, таяққа еті үйрену, диқаншы* сөздерін синонимдерімен алмастырып, сөйлем құрап жазайық.
3. Өлең неге «Адамдық диқаншысы» деп аталған?
4. Төмендегі сызба көмегімен өлең кейіпкерінің бейнесін өз жұбымызға сипаттап берейік. Сипаттаманы өлеңдегі мысалдармен дәлелдеуді ұмытпайық.



5. Өлең мәтінінен метафораларды тауып, мысалдар арқылы дәлелдейік.
6. Ел аузында сақталған мына бір әңгімені оқып. Қандай ой түйдік? «Адамдық диқаншысы» өлеңімен қандай ортақ үндестігі бар екенін анықтайық.

Құмырсқа¹

Бір құмырсқа өз илеуінен бөлініп, ара, қоңызбен дос болыпты. Жем іздеп шыққан құмырсқа жол үстінен бір дән тауып алыпты. Жалғыз өзі әрі-бері әуреленіп қозғалта алмапты. Енді көмек сұрау үшін достарын іздейді. Гүл жинап жүрген араға жолығып:

*– Досым, маған көмектесіп жібер, – деп өтініпті.
– Көрмей тұрсың ба, мен де жұмыс істеп жатырмын ғой, – деп көнбепті ара.
Енді құмырсқа қоңыздан көмек сұрапты:*

¹ Ел аузынан. (Құраст.: Б.Адамбаев, Т.Жаркымбекова). Алматы: Жазушы, 1989.

4. Ахмет Байтұрсынұлының Алматы қаласында орналасқан мұражай-үйі туралы қосымша ақпарат құралдарын пайдаланып, мәтіндер жинақтап жазайық.



Қызық екені



Ахмет Байтұрсынұлының жары – Александра Ивановна. Ахмет оған Бадрисафа деген ат берген. Бадрисафа өсімі араб тілінен аударғанда – толған ай деген мағынаны білдіреді екен.

Кері байланыс

✓	+	?
Бұрыннан білемін	Мен үшін жана ақпарат	Білгім келеді

БЕРДІБЕК СОҚПАҚБАЕВ
(1924–1991)

Бердібек Соқпақбаев 1924 жылы 15 қазанда қазіргі Алматы облысы, Нарынқол ауданы, Қостөбе ауылында дүниеге келген. Жазушы, қазақ балалар әдебиетінің көрнекті өкілі.

Алғашқы кітабы 1950 жылы жарық көрді. «Пионер» журналында «Бұлақ» атты өлеңдер жинағы жарияланды. Кейіннен «Он алты жасар чемпион», «Бақыт жолы», «Алыстағы ауылда», «Балалық шаққа саяхат», «Дала жұлдызы», «Аяжан», «Жолда», «Менің атым – Қожа», «Өлгендер қайтып келмейді», «Қайдасың, Гауһар?» және тағы басқа көптеген шығармаларды дүниеге әкелді. Жазушының көзі тірісінде жиырмадан астам кітаптары көп таралыммен басылған.



Соның ішінде «Менің атым – Қожа» атты хикаяты балалардың сүйіп оқитын шығармасына айналды. Кітап орыс, украин, француз, литва, латыш, өзбек тілдеріне аударылды.

1963 жылы «Қазақфильм» студиясы осы кітап бойынша «Менің атым – Қожа» атты фильм түсірді. Бұл фильм 1967 жылы Францияның Канн қаласындағы жастар мен балаларға арналған кинофильмдердің халықаралық фестивалінде арнайы сыйлыққа ие болды.

«МЕНИҢ АТЫМ – ҚОЖА» ХИКАЯТЫ

Бұл хикаятта Қожа өзінің басынан өткен жайттарды баяндайды. Хикаятты оқымас бұрын біз де өз өмірімізде болған бір қызықты оқиғаны достарымызға айтып берейік.



Б.Соқпақбаевтың «Менің атым – Қожа» хикаятынан үзінді оқиық.

ӨЗІМ ТУРАЛЫ

Тірек сөздер:

есім
дүкен
лагерьге жолдама
қоңырау
бақа
педсовет
адам болатын
бала

...Менің атым...

Атымды айта бастасам, тілім тандайыма жабысып қалғандай болады да тұрады. Адамның атының сүйкімді болуы да зор бақыт па деймін. Мәселен, Мұрат, Болат, Ербол, Бакыт деген аттарды алып қарандаршы. Айтуға да ықшам, естір құлаққа да жағымды. Әрі мағына жағынан да, қазақ тілінен сабақ беретін Майқанова тәтейше айтқанда, бұлар жоғары идеялы есімдер. Мұндайлар өз атын кәдімгідей мақтаныш көріп,

біреумен таныса калса мәнерлеп, көтеріңкі дауыспен айтады. Ал енді айтуға да, естуге де қолайсыз есімдер бар. Өзге түгіл, өзіңе де ұнамайды-ақ. Өткен, қолдан келсе, табанда өзгертіп, әдемі аттардың бірін немденіп алар едің. Бірақ, амалың нешік, сен қызылшақа болып жөргекте жатқанда сондағы ақымақтығыңды пайдаланып, әке-шешен немесе шілдеханаға келіп, дуылдап отырған басқа біреу солай атап жіберген. ...Тыңжырттар деп ат қойған секілді өзге қызу жұрт сол арада ду костап, осы болсын баланың аты, осы болсын, мұнан жақсы атты дүниені шырқ айналсақ та таппаймыз дескен. Міне, сол күннен, сол мезеттен бастап әлгі ат сенімен бірге туғандай маңдайыңа шапталған да қалған. Енді одан көзің тіріде қашып құтыла алмайсың. Ұнатпасаң да мойнына іліп жүре бересің.

Өмірде осы тәрізді әділетсіздіктер толып жатыр. Жуырда мен газеттен оқыдым: қытайлардың ат қоюы қызық болады екен. Бала бес-алты жасқа толғанша оның тәуелді аты болмайды. «Ортаншым», «кенжем», «сүйіктім», «жұпарым» деген секілді шартты атаумен атап жүреді. Ал есі кіріп, бес-алты жасқа толғаннан кейін бала өзіне қандай есім ұнаса, соны тандап алады. Міне, әділдік деген. Осы дұрыс емес пе?

Жарайды, өткенге өкініш жоқ дегендей, істің турасына көшелік. Менің атым – Қожа. Көріп отырсындар, пәлендей әйдік ат емес.

Шынын айтсам, бұл о баста Қожа емес, Қожаберген екен. Туу куәлігінің өзінде солай деп жазылған. Бірақ дүниеде не қилы гажайып құбылыстар бола беретіні тәрізді бертін келе «Қожабергеннің» құйрығы үзіліп түсіп қалыпты. Бұл құбылыстың дәл қай жылы, қай айда, қай күні болғанын тап басып ешкім де айтып бере алмайды.

Сонымен мен өзім ес білгелі Қожамын. Ауыл-аймақтың бәрі солай атайды.

Біз бір класта екі Қожа бармыз. Сүттібайдың үлкен баласының аты да Қожа. Оқушылар екеуімізді шатастырып алмас үшін өнімізге карап мені Қара Қожа, оны Сары Қожа деп атайды.

Әуел баста мен бұған да шамданып қалатын едім. Бірақ жүре-бара құлағым үйреніп, дағдыланып кеттім. «Қара Қожа» дегендерге «әу» деп жалт қарайтын болдым.

Жантас тәрізді қужақтар осының өзін де дұрыс айтпайды, әдейі бұзып, келемеждеп «Қара Қожа» деудің орнына «Қара Көже» дейді. Мен байқамай қалып «әу» деймін. Бірақ бұл қылығы үшін бейшараның, обалы нешік, тиісті сыбағасын менен талай рет алды...

Фамилиям – Қадыров. Бір кезде «Қадырұлы» деп те жазып жүрдім. Бірақ жұрттың бәрі «ов» болып жатқанда менің олардан алабөтен жырылып шыққаным жарамас дедім де, «Қадыровка» қайтып келдім.

Қадыр – менің әкем. Ең, шіркін, дүние-ай, десеңші! «Әке» деген сөзді айтқанда жүрегім қарс айырыла жаздайды-ау. Қандай жақын, қандай ыстық. Балалар менің әкем әйтті, менің әкем бұйтті. Менің әкем ананы сатып әперетін болды деп, менің әкем мынаны сатып әперетін болды деп мақтаныш етіп жатады. Ал мен болсам әкемнің қандай адам екенін де білмеймін. Өйткені ол майданға аттанғанда мен екі жастамын. Екі жасар ақымақ не біледі, не түсінеді? Сол кеткеннен абзал әкем мол кетті, оралмады...

Ең, қайран әкем! Егер сен тірі болсаң, мүмкін, мен бұдан гөрі басқадай болар ма едім. Кім біледі, жер-әлемді шулатып «сотқар Қожа» атанып жүргенім әкесіз жетім өскендігімнен де шығар.

Кімге де болса бір әке әбден керек. Тіпті селкілдеген шалдардың өздері кейде «жарықтық, әкем анадай еді, әкем мынадай еді» деп еске алып, армандап отырмай ма?..

Өмір дегенді ойлап отырсаң, қызық нәрсе. Бірімен-бірінің қалай-да тұзы жараспайтын кереғар жаралған адамдар болады. Майқанова екеуіміз соның дәл өзі секілдіміз. Біздің кикілжініміз күзде, ол осында мұғалім болып келген бетте-ақ басталды. Былай болды. Жаңа оқулықтар, дәптерлер сатып жатыр дегенді естідім де, әжемнен ақша ала салып самғап дүкенге келдім. Рас, сатып жатыр екен. Бірақ адам деген лық толы. Кезектің соңы далаға шығып кетіпті.

Қайтсем екен деп біраз ойлап тұрдым да, тәуекел деп ішке кезексіз кірмекші болдым. Өйткені соңындағыларға жетпей қалатын азабы да болушы еді. Сонан соң көрінгеннің





оқулығына мінгесіп, жалынасын да жүресің, бұл – күн емес. Өзге ештеңен болмаса да, әуелі оқулықтарың сай болсын. Мен былай деп мақалдаған болар едім: оқулығы сай бала – көңілі жай бала.

Сығылысып есіктен енді кіре берсем, бойы менің бойымдай ғана тықылдаған бейтаныс көк көз келіншек алдымды тосқауылдап жібермейді.

– Қайда кимелеп барасың? Кезекке тұр, – дейді.

Осы арада тілі құрғыр өтірікті менің еркімнен тыс айтып салды:

– Мен оқулық емес, қант аламын, – дедім. Өйткені дүкеннің арғы азық-түлік сататын бөліміне қарай адамдар еркін өтіп жатыр.

Көк көз келіншек мені жіберді. Мен сыр бермеймін деген оймен әуелі қант сататын жаққа өтіп кеттім. Бірақ қанттың қазір маған түкке керегі жоқ. Маған қажеті – бесінші кластың оқулықтары. Прилавканы жағалап, адамдардың арасымен ештеп кітап сатып жатқан жаққа қарай сырғи бастадым. Енді бір ұмтылғанда жетіп те қалатын едім. Кенет әлгі көк көз келіншек желкемнен бүріп ұстап:

– Сен адасып барасың. Қант ана жақта сатылады, – деді.

– Сіздің не шаруаңыз бар, қоя беріңіз, – деп жұлқынып қалдым да, прилавкаға бір-ақ барып жеттім.

Көк көз келіншек сатушыға дауыстап жатыр:

– Анау сұр кепкалы балаға берменіз. Ол кезексіз кіріп кетті.

Ол бұл сөзді айтып үлгергенше Қожекен сұр кепканы қойынға сүнгітіп жіберіп, тақыр бас қара бала болып шыға келді. Балалар ананы-мынаны сұрап, азан-қазан болып жатқанда, мен ләм деместен сақ еткізіп елу сомдықты сатушының қолына ұстата салдым. Сөйтіп, қажетті оқулық-дәптерлерімді бір құшақ етіп алып шыға бердім. Есік алдында көк көз келіншек нығымнан қатты ұстап (қолы мұндай қатты бола ма?):

– Ой, ұятсыз! Қай класта оқисың? – деп бір жұлқып қалды.

Мен оған жөнімді айтып жатырмын!

Сұрақтарға жауап берейік.

1. «Тыңжыртар» деген есімді не себепті олай қойған?
2. Қожаның шын аты кім? Тағы да кімнің баласының аты Қожа деп аталады? Оқушылар оларды қалай ажыратады?
3. Кейіпкер өзінің сотқар Қожа атануын немен байланыстырады?
4. «Дүкенде» деген тақырыпта не айта аласындар?

МЕН ҮМІТ ЕТКЕН ҚОҢЫРАУ

Бірнеше күн өткеннен кейін оқу жылы басталды. Мәссаған, керек болса, әнеүгі маған дүкенде жекіретін көк көз келіншек тыпын-тыпың етіп, қағаздарын қолтықтап біздің класка кіріп келе жатыр. Қожекеннің сол мезет қандай күйге түскенін көрсеніз. Бірақ бойымды тез жиып ала қойдым да, сыр бермеуге тырыстым. Мүмкін, ол мені танымас деп ойладым.

Жаңа оқытушы бізді оқу жылының басталуымен құттықтады, өзін таныстырды. Сәбира Майқанова. «Мен сендерге қазақ тілінен сабақ беремін және класс жетекшілерің боламын», – деді.

Сонғы сөзі Қожекенді тағы бір сілкіп алды. «Ал, бәлем, сақтана бер» дегендей болдым өзіме-өзім.

Майқанова бір-бірлеп тізім бойынша оқушылармен таныса бастады. Кезек маған келді.

– Қадыров.

– Мен.

Майқанова тесірейе қарап тұрып қалды.

– Біз екеуіміз таныс шығармыз деймін?

Мен еріксіз жымнып күлдім.

– Мүмкін.

«Мен сенімен әлі сөйлесемін» дегендей Майқанова:

– Отыр, – деді зілді дауыспен.

Міне, осыдан кейін Майқанова маған қымс етсе қаһарын тігіп тұратын болды. Қанша рет қыс бойы директордың алдына сүйреп алып барды. Ақыры жыл аяғында тәртібіме де «төрттік» баға қойып отыр.

Осының бәрі мені, әрине, ашуландырады...

Кешегі күні бойғы әрекеттен кейін тұяқ серіппей қатып ұйықтап қалыпшын. Әжем жұлқылап оятты.

– Қожа, Қожатай. Әкем-ау, сен бүгін сабағыңа бармаушы ма едің?

Көзімді ашып алып қабырға сағатқа қарасам, сегізге он бес-ақ минут қалған екен. Атып түрегеліп тез киіндім де, беті-қолымды шайып жіберіп, бір кесе айранды тікемнен тік тұрған күйде қотара салдым. Кеше титықтап келіп сабақ қарауға мұршам болмап еді. Бүгінгі болатын пәндерді сумкама асығыс салып алдым да, мектепке жүгірдім.

Қоңырау соғылып кетіпті. Бірінші сабақ орыс тілі болатын. Анфиса Михайловна класка жаңа кіріп барады екен, тасырлатып жүгіріп келе жатқан мені көріп тоқтай қалды. Мұғалімдердің ішінде бұл өзі алтын адам. Былтыр біздің мектепке педучилищені бітіріп келген. Жазда барып институтқа сырттай оқуға түсіпті.

– Қадыров, немене, ұйықтап қалғансың ба? Токта, галстугіңді түзе.

Омырауымды сипалап таппаған галстугім, сөйтсем, нығыма шығып кеткен екен. Бұрып әкеп орнына қойдым да, зып беріп класка кірдім. Балалар дүр етіп түрегелді. Маған емес, әрине, артымда келе жатқан оқытушыға құрмет көрсеткендері ғой. Бірақ мен оны басқаша

кабылдадым. Бір секундка кідіріп, мұрнымды көкке шүйіріп маңғаздана қалдым да, қолымды кеудеме қойып тәжім еттім. Бұным балалардың құрметіне сыпайыгершілікпен қайтарылған жауап болды да шықты. Балалар ду күліп жіберді. Анфиса Михайловнаның қас-қабағын аңдамаққа артыма жалт бұрылып қарап едім, оның да күлімсіреген жүзін көрдім. «Әй, Қадыров, шығармайтының жоқ-ау» дегендей Анфиса Михайловна жымнып, басын шайқап қойды.

Адам жанын ол керемет түсінеді.

Мақтанғаным емес, кластағы орыс тілін тәуір біледі дейтін оқушының бірі менмін. Өткен жылдың барлық тоқсанында да бұл пәннен ауызша, жазбаша ылғи «бестік» бағалар алдым.

Анфиса Михайловнаның мені тәуір көретіндігіне, мүмкін, бұл да себеп шығар.

Жаңа сабақты түсіндіріп болғаннан кейін ол:

– Ал, балалар, Пушкиннің «Қысқы кешін» жаттап келдіңдер ме? – деді.

– Жаттап келдік.

– Тәтей, мен айтайыншы!

– Мен айтам!

– Анфиса Михайловна, менен сұраныз, – деген дауыстар бірін-бірі баса-көктеп жамырап кетті.

Сендер дәл осы сәттегі Қожекеннің халін білсеңдер етті...

«Қысқы кешті» жаттап келмек түгіл, мен ондай тапсырма берілгенін ұмытып та кеткен екем. Есіме мұғалім айтқанда ғана түсіп, бүйірімнің түп жағы қып ете қалды. «Масқара! Сұрай қалса, масқара болдым-ау!...»

«Қазір тақтаға сені шақырса қайтесің? Сен не деп сылтау айтасың? Сұлтан екеуміз балық аулап, қаракшылық өмірдің камын жасаумен болдық демекшімісің?..»

Менің ендігі бар үміт артқаным қоңырау үні болды. Шіркін-ай, сол сынғырлап қоя берсе, жаным қалар еді-ау. Келесі жолы «Қысқы кешті» қатырып жаттап келіп, бірінші болып айтар едім. Әне, мұғалімдер бөлмесінің есігі ашылғандай болды. Дәу де болса бұл шыққан кезекші әйел. Жұдырықтай ғана сүйкімді сары жез қоңырау сонын қолында. Қазір сынғырлап қоя береді.

Жоқ, бұл шыққан кезекші емес көрінеді. Басқа біреу болды. Япыр-ай, қырық бес минут уақыт ендігі өтсе керек еді ғой. Бұл мұнша неғып созылып кетті? Әлде кезекші әйел тысқа шығып кетіп, біреумен сөйлесіп тұрып қалды ма? Әне, қоңырау... Жоқ, бұл арба екен өтіп бара жатқан...

Жаным қылпылдап тырнағымның ұшына келді. Енді кімді шақырар екен?

– Қадыров...

Төбемнен шатыр етіп жай түскендей болды. Не істерімді білмеген меніреу халде орнымнан сүйретіліп түрегеле бердім. Мандайымнан бұрк

етіп суық терім шығып кетті. Ой, шіркін-ай! Адам өмірінде сипаттап айтуға тілің жетпейтін неше алуан бақытты минуттар бола береді-ау. Соның бірін мен дәл осы сәтте бастан кештім. Мен ләм деп үлгергенімше дәлізден қонырау үні сынғырлап қоя бергені. Уһ!

– Жарайды, отыр, Қадыров. Сенен басқа жолы сұраймын, – деді Анфиса Михайловна.

Буын-буын ымнан әл кетіп, орныма сылқ ете қалдым...

Мәтін үзіндісіне байланысты берілген «Қожаберген» атты сөзжұмбақты шешейік.

1. Қожа дүкеннен не сатып алам деп өтірік айтты?

2. Қожаны әжесі еркелетіп кім деп атайды?

3. Анфиса Михайловна ... , басын шайқап қойды.

4. Сәбира мұғалімнің тегі кім?

5. Қожаға нешінші сыныптың оқулығы керек?


6. Қожаның дүкенге киіп барған басқисімі.

7. Қожаның тегі кім?

8. Қожа қисық таққан нәрсе.

9. Бір сыныпқа жауапты мұғалім.

10. Аптаның алтыншы күні.



БАҚАНЫҢ ШУЫ

– Келесі сабақта қайсың бақа ұстап әкелесіңдер? – деп сұрады зоология пәнінің мұғалімі Оспанов.

– Мен әкелем, – дедім.

– Қадыров, сен әкелесің. Ұмытып кетпе бірақ.

– Ағай, неше бақа әкелейің?

– Бір... екеу әкелсең жетеді.

Мен бір-екеудің орнына тіс порошогінен босаған қанылтыр қобдишаға толтырып бес бақа әкелдім. Оның біреуі ғана үлкендеу еді де, басқалары кішкентай, ұсақ бақалар болатын.

Бірінші сабақ – қазақ тілі. Класқа Майқанова кірді де, класс журналы мен сумкасын менің алдыма, үстел үстіне қалдырып, өзі тысқа шығып кетті. Қонырау әлі бола қоймаған. Сол кезде сап етіп басыма бір қызық ой келе қалды. Кішкентай бақаның бірін Майқанованың сумкасына сүнгіттім де жібердім. Не болар екен?

Қонырау соғылды, сабақ басталды. Тізім бойынша түгендеп болғаннан кейін Майқанова сумкасын ашып, қолорамалын суырып алды. Сол кезде кішкентай қара сұр бақа қолорамалмен қоса секіріп

шығып, секемшіл мұғалімнің қолының дәл үстіне қонбасы бар ма!? Майқанованың шаңқ еткен даусы бір-ақ шығып үлгерді. Өңі құп-қу болып, сылқ етіп құлап бара жатыр...

Майқанова содан сабаққа екі күн бойына келмеді. Шошынып ауырып қалыпты. Жұмысқа бүгін ғана шығып отыр. Бүкіл мектепті даңғаза қылған бақа оқиғасының мән-жайы, міне, осындай...

ПЕДСОВЕТ ЖАЙЛЫ

Мамам екеуміз мектепке педсоветке келе жатырмыз. Күздің салқын кеші тоңазыта ма, жоқ әлде үрейленуден бе, іші-бауырым қалтырап келеді.

Мектептің алдында біреу шылым шегіп тұр. Мен оны көкшіл аспан айнасындағы келбетінен анадайдан таныдым – Ахметов. Галифе шалбар киген жінішке аяқтары сиңып, шашы қажарыла желбіреп қаздып тұр. «Сізді күтіп отырмыз» деп, мамамды қолтықтап дереу ішке әкетті. Маған «Өзіміз шақырамыз, осы арада күте тұр» деді.

Саябаққа көтерілдім де, сол арадағы тактай орындықта тосып отырдым.

Осы кезде үй пұшпағынан біреудің келе жатқан тысыры естілді. Тырп-тырп басқан аяқ дыбысына тық-тық қадалған таяқ үні қабаттасады. Көп ұзамай аяқ пен таяқтың қожасы да көрінді. Мектеп күзетшісі – Сәйбек қарт. Сәйбек кілт тоқтай қалып, шегарадағы сакшыдай қатал үн қатты:

– Бұл кім?

– Мен ғой, ата.

– Менің кім?

– Мен, Қожамын.

– Мұнда неғып отырсың?

– Педсоветке келдім.

– Онда сенің не шаруаң бар?

– Мен жөнінде мәселе қарап жатыр.

– Мәселе. Қандай мәселе? Сені мұғалім етеміз дей ме?

– Директор етеміз дейді.

– Онда тіптен жақсы. Жалақың көп болады, – Сәйбек менің қасыма келіп отырды. – Әй, Қожа. Сенің әкен марқұм азамат еді ғой. Оған тартсаң, директор түгіл, одан үлкені боласың. Бірақ оған тартпағаның...

Осы кезде іштен Оспанов шығып:

– Қадыров, қайдасың? – деп дауыстады.

– Бар, әне шақырып жатыр. Әй, сотанағым...

Директор кабинетіне осы мектепте бір оқушы ең көп бас сұкса, сол мен болармын деймін. Майқанова талай сүйреп әкеп, ендігәрі қой аузынан шөп алмай жүруге талай рет уәдемді берген үйреншікті орын ғой. Бірақ бұл жолы мен мұнда, шын мәнінде, күйзеліп, тебіреніп кірдім де, босағадағы суық голлан пешіне сүйеніп тұрып қалдым. Төрде сарғыш шашы қажарыла желбіреп Ахметов отыр...

– Берірек кел, – деді ол қолындағы автоқаламымен бөлменің ортасын нұсқап. Алдымда қақпан құрулы тұрғандай жыбырлап бір-екі аттадым. Екі жақ қабырғада тізіліп отырған мұғалімдердің барлық көзі жан-жағымнан найзағайдай түйреп, қадалып барады. Әсіресе оң жақта, директорға таман отырған Майқанованың сұсы қатал да сұрапыл көрініп кетті.

– Қадыров, сені біз мұнда не үшін шақырып отырмыз, білесің бе? – деді Ахметов.

– Білемін, – дедім.

– Не үшін шақырып отырмыз?

– Тәртіпсіздігім үшін шақырып отырсыздар.

Екі-үш жерден мырс етіп күлген үндер естілді.

– Сені мектеп өмірі тойдырды ма? Бұдан былай оқығын келмей ме? – деп сұрады Ахметов.

– Жок, оқығым келеді.

– Ендеше, неге қоймайсың тәртіпсіздікті!

Ахметов «неге» деген сөзді бар даусымен шегелей айтып, үстелді үлкен ауыр алақанымен сарт ұрып ұшып түрегелгенде мен ғана емес, бүкіл отырғандар түгел селк ете қалды.

– Қоямын енді... кешірініздер...

– Бұл нешінші... Жүзінші рет уәде беруің бе? – деп киіп кетті Майқанова.

– Бұдан былай ешқашан да тәртіп бұзбаймын.

Менің қазіргі талқыға салып отырған тәртіпсіздік қылықтарымның қай-қайсысының да себебі бар еді. Қазды атқан мен емеспін, Сұлтан. Ал бақаны мен сумкаға Майқанова талып жығылып қалсын деп, оның соншалық шошымал адам екенін біліп салған жоқпын. Тіпті бұнын ақыры не болады деп ойлап та жатпадым, салғым келді – салдым. Осындай бір ақымақтық кейде ақылға мұрша бермей дедектетіп әкететіні бар. Істеп алып, соңынан бармағыңды тістейсің.

Осының бәрі осылай бола тұрса да, мен өзімді актап бірауыз сөз айтпадым. Ақталудың тіпті қисыны бар ма? Бәрін мойындадым. Бар айтқаным:

– Кешірініздер! Соңғы рет тағы бір кешірім жасап, сынап көріңіздер. Бұдан былай қарай тәртіпсіздік істейтін болсам, қандай жаза қолдансаңыздар да ризамын!

– Жок, Қадыров түзелмейді. Ол уәдесін бізге талай берген. Қадыровты оқудан шығару керек, – деді Майқанова...

Терезенің тұсында мектептің бағы бар... Шарбақтың көп кетігінің



бірін ен зып беріп осы баққа кірдім де, бір теректің басына маймылша өрмелеп шығып алдым. О, бұл арадан мұғалімдер үйінде не болып жатқаны сайрап көрінеді: әне, Ахметов сөйлеп тұр. Екі қолын кеңінен сермеп, ара-тұра жұдырығымен үстелді ұрып та қояды. Басын біресе оңға, біресе солға бұрып сөйлейді. Егер мен оның желкесінен қарап отырмасам, не айтып жатқанын, мүмкін, емеурінінен түсінген болар едім...

Ахметов сөзін бітіріп, отырды. Мамам түрегелді. Балажан байғұс анам мен үшін отқа да, суға да түседі шырылдап. Оның қазіргі кейпі: «Айналайындар, баламды оқудан шығара көрмендер, тағы бір жолға кешірім жасаңдар» деп жалбарына сөйлеп тұрған тәрізді.

Мен мамамды ғажап аяймын. Ойпыр-ай, неге мұндай тынымсыз, сотанақ болып тудым! Темір секілді жер қозғалса да қозғалмайтын, маңқиып жайына жүретін момын болып неге тумадым?

Майқанова сөз алды. Оның не айтатыны маған былай да белгілі. «Қадыровты шығару керек мектептен!», «Мұндай баукеспе оңбағанға біздің тату коллективіміздің арасында орын болмауға тиіс!» Отырғандардың бәрі күлді. Тісі жарқырап мамам да езу тартты. Неге күледі? Иығы селк-селк етіп Анфиса Михайловна баскалардан өзгеше мәз. «Мысыққа ойын, тышқанға өлім» деген осы да.

Тағы да мамам тұрып басын изеп, мақұлдап бірдене айтты: «Шығарсандар, шығарыңдар мектептен! Кетсін қаңғып. Менің де жүйкемді жүн етіп құртып бітті бұл оңбаған!»

Сөйлеушілердің не деп жатқанын мен өзімше осылай жорамалдаймын.

Педсовет аяқталды, жұрт тарай бастады. Мен ағаштан тезірек түсіп кетпекші болып едім, бір бәтенкем екі бұтақтың арасына кептеліп қалып шыға қойсыншы. Жұлқи тартып қалғанымда, мәссаған, табаны дыр етіп қақырап түсті...

Мұғалімдердің алды тысқа шығып та үлгерді. Дымымды ішіме бүгіп, теректің дініне жабысып қаттым да қалдым. Ахметов пен Майқанова оқшауланып, бермен қарай бұрылды. Екеуі мен тұрған теректің тура түбінен өтіп бара жатыр.

– Қадыров – түбінде адам болатын бала, – деді Майқанова.

– Оты бар, – деп қостады Ахметов.

Екеуі былай ұзай беріп, мен жөнінде тағы бірдеңелерді сөйлесіп бара жатты, бірақ мен анықтап ести алмадым. Әлгі естігенімнің өзі қолқа-жүрегімді солқ еткізгендей әсер қалдырды. Мен Майқанованы қас дұшпаным санап жүрсем, ол мені «түбінде адам болатын бала» деп директорға мақтап бара жатқаны қалай? Ап-айқын, тап осылай деді. Міне, жұмбақ...

– Педсовет, педсовет немен тынды?

– Сабыр ет, оқушым, қазір айтып берем. Педсоветтің тиянағы мынадай: Қадыров жөніндегі мәселе класс жиналысында қаралсын. Егер алтыншы класс оқушылары Қадыров Қожаның бұдан былай ешқандай тәртіпсіздік істемеймін, түзелемін деген уәдесіне сеніп,

дирекция алдында кепілдік беретін болса, онда Қадыров осы мектепте сынға қалдырылсын. Ал егер олар ондай кепілдік бермесе, Қадыров Қожа осы аудандағы өзге мектептердің біріне ауыстырылсын.

Педсоветтің мен жөніндегі қаулысы осындай...

Әжемнің әжімді мандайынан шөп еткізіп бір сүйдім де, жүтіріп тысқа шығып кеттім. Шіркін, бүгінгі кеш қандай әсем еді! Ай жарық. Аспанның тұп-тұнық көк жібек шатыры бар жиһазын тағынып мөлдіреп тұр. Клуб жақтан гармонь үні, балалардың шуылдап ойнаған дауыстары естіледі. Бойымда керемет бір жігер оты лапылдап, солай қарай бет алдым. Ай нұрынан орнаған күміс көпір белдеулеп бет алдымда, ауылдың дәл іргесінде өзен жатыр жарқырап. Мөп-мөлдір мына ғажап дүние... «Ұш! Самға!» деп қолтығымнан қанат бітіретін, арман нысанасына қарай алып ұшатын тәрізді. Лаула! Лаула, жігер оты! Самға, қиял құсы! Асығатыным да, аңсайтыным да – ертенгі болаша ғым.

Сөз маржан

1. **Қаһар** – араб сөзі. Бұл жерде: ашу, ыза, айбар, сұс, суық жүз.
2. **Тәжім** – ізет қылды, басын иіп құрмет көрсетті деген мағынада.
3. **Қарақшы** – бұл жерде: ұры, жол торушы. Жалпы бұл сөздің мағынасы өте көп.
4. **Пұшпақ** – малдың, аңның сирақ терісі. Бұл жерде: ауыспалы мағынада шеті, бөлігі дегенді білдіреді.
5. **Қақпан** – аң аулау үшін темірден жасалған шаппалы құрал. Бұл жерде: алдында кедергі деген мағына қолданылып тұр.
6. **Шарбақ** – әртүрлі нәрселерден (ағаш, темір т.б.) жасаған қоршау.

Оқылым тапсырмалары

1. Хикаяттағы басты кейіпкер Қожа мен оған қатысты басқа кейіпкерлерді сызбаға орналастырып, олардың образын сипаттайық.



2. Шығарманың негізгі идеясын үш сөйлеммен тұжырымдап, ойымызды мақал-мәтелдермен түйіндейік.

3. Берілген сөздердің синонимдерін тауып, сөйлем құрайық: күннің көз жасы тыйылмады, қарасын көрсетпеу, жүрген жеріне шөп шықпау, отқа да, суға да түсу, бауқесте.
4. Хикаятта Қожа өз есімі туралы баяндайды. Қожаның есімі мен өз есімдеріміздің сырын айтайық.
5. Достар, төмендегі сұрақтардың жауабын тауып көрейік.

Майқанова: «Біз екеуіміз таныс шығармыз», – дейді.

Қожа үшін екі нәрсені жазу қиын. Біріншісі – қызға хат жазу.

НЕГЕ?

Қожа: «Кешірші, кешірші, Жанар, тұрпайылық істепші. Кінә менде», – дейді.

Қожаның педсоветтен кейін Майқанова туралы пікірі өзгерді.



Б.Соқпақбаевтың «Менің атым – Қожа» хикаятынан Қожаның құпия кеңесін бірге тыңдайық (9-аудио).

Тыңдалым тапсырмалары

1. Сіз үшін *үлгілі бала* деген кім? Қожаға үлгілі бала болу үшін біз қандай кеңес айтар едік?
2. Құпия кеңестен кейін Қожа өзгерді ме? Қожаны өзімен және басқа кейіпкерлермен салыстырып көрейік. *Үлгі* :

Сотқар Қожа	Өзгерген Қожа
Қожа	Жантас
Қожа	Әкесі



Айтылым тапсырмалары

1. Берілген тірек сөздерді ретімен орналастырып, оған байланысты оқиғаларды өз жұбымызға баяндайық. Оқиғаларға тақырып қояйық.
Мысалы: *газет, қызыл бұзау, қымыз, қоңырау, қаз, хат, дойбы, бақа, айна ...*
2. Сыныптағы оқушылармен «Менің атым – Қожа» кейіпкерлерін қонаққа шақырып, «Әдеби шоу» жасайық.
3. Тобымызбен ақылдасып, берілген тұжырымдарды талқылайық. Пікірімізді повестен мысалдар келтіре отырып дәлелдейік.
 - а) Жаксымен жолдас болсаң, жетерсің мұратқа,
Жаманмен жолдас болсаң, каларсың ұятқа.
 - ә) Өлімнен ұят күшті.
 - б) «Күнінде бір мәрте, болмаса жұмасына бір, ең болмаса айына бір рет өзіннен-өзің есеп ал!» (*Абай*)
4. «Менің атым – Қожа» кинофильмінде басты рөлдерде ойнаған әртістерді берілген сызба арқылы сәйкес тендіріп, олар туралы білетін мәліметтерімізбен бөлісейік.

Мұғалім Сәбира Майқанова
Қожаберген, яғни Қожа Қадыров
Қожаның анасы Миллат
Сауықшыл Сұлтан
Рахманов мұғалім
Қонақжай бала Дәулет

Кененбай Қожабеков
Раиса Мұхамедиярова
Юсуф Шамузов
Марат Көкенов
Нұрлан Сегізбаев
Бикен Римова

5. Төменде «Менің атым – Қожа» көркем фильмінен үш сурет берілген. Бұл кинокадрларда қандай оқиғалар көрсетілген? Эпизодтарын баяндап айтайық.



6. Шығарма мәтінін хрестоматиядан толық оқып, көркем фильммен салыстырайық. Айырмашылықтарын үлгі-кесте арқылы көрсетейік.

Салыстыру аймағы	Айырмашылықтары
Хикаят	
Көркем фильм	

7. «Менің атым – Қожа» киносының режиссері кім? Кино түсіру кезінде тағы кімдер елеулі еңбек етті? Қосымша ақпарат құралдарын пайдаланып, осы мәселелерге жауап іздейік.

8. Төменде екінші режиссер Тұрар Дүйсебайұлының кино түсіру кезінде есінде қалған кейбір сәттер берілген. Мәтінді толықтырып, сұхбат құрайық.

«Менің атым – Қожа» көркем фильмінің екінші режиссері Тұрар Дүйсебайұлы Қожаның рөліне бала іздеп Нұрлан Сегізбаевты көрген кезін былай еске алады: «...Алдымыздан екі оқушы қыз жүгіріп өтті. Олардың соңынан бір ұл бала қуып келеді екен. Көзіме оттай басылды. Әлгі баланың көзінде бір ұшқын бардай көрініс...»

Ақыры мекенжайын сұрап, ата-анасымен танысып, киноға түсіруге әрең көндірдік. Алғашқы фототүсірілімдер тамаша шықты...

Қожаның айнаға қарап өзімен-өзі сөйлесетін дублінде екі адамның рөлін қатар беру керек болды. Біреуі – салмақты Қожа, екіншісі – тәртіпсіз Қожа. Сонда ол даусын барынша құбылтып, өзін-өзі жерден алып, жерге салғанда түсіру тобындағылар ішек-сілесі қатып күлген еді...»

9. Бердібек Соқпақбаевты ң басқа қандай шығармаларын білеміз?



«Қадыров – түбінде адам болатын бала». Қалай ойлайсыңдар, автор бұл хикаятта өзінің балалық шағын баяндаған ба? Қожаның бойынан қандай жақсы қасиеттерді байқадық? Қожаға ұқсас қандай кейіпкерлерді білеміз? Қосымша ақпарат көздерін пайдаланып, осы сұрақтарға жауап іздеп көрейік.




Жазылым тапсырмалары


1. «Қожа бізге үлгі бола ала ма?» тақырыбында эссе жазайық.
2. Авторға не айтқыларын келеді? Хикаят туралы өз ойларымызбен бөлісіп, алған әсерімізді жазайық.

3. «Менің атым – Қожа» атты сөзжұмбақты шешейік.

1. Қазақ тілі пәні мұғалімі, сынып жетекшісі –
2. Қожаның ауыл балалары қойған лақап аты.
3. «Неге ойлай беремін? Оны көрмесем алақөңілденіп, тынышым кетіп тұратыны несі?» Қожаның бұл ойы кім туралы?
4. «Қазақстан пионеріне» суретім басылғалы бері Жантас мені «.....» деп келекелейтінді шығарды.
5. Қожа тұратын ауыл –
6. Қожа палуандар күресінен кімнің жинағын ұтып алды?
7. Қожа мен Сұлтан қымыз құйып қонақ еткен бала кім?



8. Жанар қай ойында: «Әй, мақтаншақ Қожа! Ұтамын» деп мақтанып едің», – дейді?
9. «Қымс етсе, «Әй, жейсің! берем!» – деп түр көрсететін ол әжемнің әдеті ғой».
10. Қожаның бойындағы ерекше мінезі –
11. Қожаның айтуы бойынша: «..... сай бала – көңілі жай бала».
12. Қожа мен әжесінің ғылыми таласы: «... домалақ емес, сен домалақсың».
13. Қожа: «Япыр-ау, бұл неге келе береді? Не керек оған?» – деп кім туралы айтып тұр?

Қызық екен! 

«Менің атым – Қожа» фильмінде Жанардың рөлін сомдаған Г.Құрабаева: «Қожа екеуіміз шахмат ойнап отырғанда ашуланып, шахматты шашып, жылау керек кезінде жылай алмай күле бердім. Соған бола бес-алты рет түсірдік», – дейді. Ал Қожаның рөлін ойнаған Н.Сегізбаева: Фильмге түсу мен үшін оңай болмады. Сабағымда мез емес еді. Киноға түсем деп кластан қалып қойдым. Сұлтан екеуіміз төбелесі қалатын жеріміз бар, сол кездешін төбелесіңнің мұрнын қанатып қойғанмын. Киноға түсердәй ұнамағаным соғалдым. Он айға тоғыз жүз сом. Олақшаға маған киімдер мен велосипед алып берді. Отбасымыз үлкен, әкем ғана жұмыс жасайтын», – деп тізінің бір сұхбатында.

Кері байланыс: «Зерде»

Алған ақпараттарымызды тұжырымдап, өз жетістігімізге баға берейік.

Білім – тақырып бойынша алған ақпараттарым.

Эмоция – сабақтағы көңіл күйім.

Баға – жетістігіме беретін бағам.

Сын – өз бойымда нені дамытуым керек?

Идея – маған келген жаңа ой.



МАРАТ ҚАБАНБАЙ

(1948–2000)

Марат Қабанбай 1948 жылы 22 наурыз да Шығыс Қазақстан облысы, Зайсан ауданында туған. Қазақ балалар жазушысы, публицист.

«Бақбақ басы толған күн», «Арыстан, мен, виолончель және қасапхана», «Жіһанкез Тіпті», «Пысық болдым, мінеки», «Қала мен қыз бала», «Қазақ, қайда барасың?», «Сурет салғым келмейді» атты повестер мен әңгімелер жинақтары және «Көркем дәм», «Айшылық алыс жол» романдары жарық көрген. Шығармалары, негізінен, балалар мен жасөспірімдерге арналған. Жазушының негізгі тақырыбы – заман келбеті, жастардың өмір-тіршілігі.



Жазушының «Пысық болдым, мінеки» повесінде ұлттық мінездің ашылып көрсетілгендігі үшін Г.Х.Андерсен атындағы өте беделді халықаралық сыйлықты иемденген. Жекелеген туындылары украин, молдаван, латын, неміс тілдеріне аударылған.

«БАУЫР» ӘҢГІМЕСІ

Тақырыпашар тапсырмалар

1. Қазақта қандай туыстық атаулар бар? Біз үшін олардың орны қандай?
2. *Достар*, *бауыр* сөзінен басталатын сөз тіркестері мен мақал-мәтелдерді есімізге түсіріп көрейікші. *Үлгі*: бауырына басу, баланың бауырынан табақ алу,
3. Төменде берілген мақал-мәтелдердің мағынасын қалай түсінеміз? Өз жұбымызбен диалог құрайық.

1. Өз ағасын ағаламаған,
Кісі ағасын бағаламайды.

2. Аға алдында пейіліңді көрсет,
Іні алдында мейіріңді көрсет.



Марат Қабанбайдың «Бауыр» әңгімесінен үзінді оқиық.

ІНІНІ ІЗДЕУ

Манап «Директор» деген алтын жазулы кабинетті тез тауып алды. Рұқсат сұрап, сыпайы кірген мұны басынан аяғына дейін шапшаң шолып шыққан жасамыс, ақ сары әйел орнынан тұрып нақ алдын-

Тірек сөздер:

балалар үйі
іні
костюм
бокс
әскери ұшқыш

дағы орындықты нұсқады. Бұл кабинеттің табалдырығын аттаған жан, ең әуелі, ашық қабақ пен жылы сөзді аңсап келетінін жақсы біле ме, директор саулығын, жол машақатын тәптіштеп сұрады. Ақыры директорлық мінезге аумай көшті. «Бұйымтайыңыз?» деген сұрақты көлденең тартты. Манап шаруасын айтты. Дипломатының

тістей қатқан кере қарыс аузын ашып, неше күн бұрын қаттап-бүктеп, шекесін темірмен қыстырып қойған қағаздарын шығарды. Директор құжаттарды алдына жайып салып, қадағалап оқыды. Сонан соң бірнеше сұрақ қойды. Университетте оқиды, неше жылдан бері іздеу үстіне іздеу салып Қалидың бұл күндегі мекен-тұрағын – мына балалар үйін әрен тауыпты, анау жылдардан бері інісін көрген емес. Манаптың рет-ретімен қайтарған жауабы осы төңіректен шықты. Әр қайырма сайын басын бірде шайқап, кейде ізеп, жігітті жылы шырайда тындаған директор саусақтарының буынын сыртылдатып үзіп отырды да, сөзге көшті... Кібіртіктеп бастаған директордың тұяғы қыза келе жерге тимеді. Директор болғанына, міне, биыл табаны күректей он бес жыл. Одан бұрын оқу ісін басқарған. Былайша айтқанда, балалар үйі көз алдында қаз тұрды. Бірнеше жатақхана, спортзалы, әрқилы мамандыққа баулитын өндіріс шеберханалары, ну орманның ортасын ойған тынығу лагері – бәрі-бәрі балалар үйінің қазынасы. Ансамбль, драма, би тағы басқа үйірмелер бар. Мереке сайын балалар өз күшімен концерт қойып, спектакль көрсетеді. Балалар үйінің тарихы да көл-көсір. Ертерек есейіп, қанат қағып ұшқан тұлғалардың арасынан бұл күнде Еңбек Ері, академик, бірнеше докторлар шығып отыр. Әйгілі жазушы да осы тізбекте. Және де олар өскен ортасын ешқашан ұмытқан емес. Жылына кем дегенде бір рет балалар үйіне соғып, әңгіме, кездесулер өткізіп тұрады. Балалар үйі кімді болсын, үлкен өмір жолына аттандырып салғасын естен екі елі шығармайды. Хат жазысып, хабарласып тұрады. Келімді-кетімді хат-хабардың көптігі сонша – соларды сұрыптап жауап жазатын арнаулы топ құруға тура келді. Лекіп сөйлеген директор жол ортада бөгеліп, інісін іздеп келген жігітке қараса, үстел бетіне үніліп, жылтыр тактайды жанарымен сүртіп отыр екен. «Орынсыз мылжындап түн қатып, түсі қашып келген қонағымды шаршатып алдым ба?» деп ойлады ма, болмашы қызарып, күлімсіреді. Төмен қарап көзімен жер сүзу Манаптың, қала берді Төркекелді тұқымының маңдайына жазылған қасиет екенін бір көрген директор қайдан білсін?!

– Жә, оның бәрін бүгін-ертең көзбен көріп, қолмен ұстай жатарсыз. Жатақхана есебінен бөлінген шағын, шағын да болса жайлы қонақ-жай бөлмелер бар. Ініңізді қасыңызға алып жатыңыз да, шер тарқатып, емін-еркін әңгімелесіңіз, ағалық ақылыңызды аямаңыз. Болашақ философпын дедіңіз, оны да бір сынап көріңіз. Директор оң қолының астындағы қызыл түймені төбесінен басып қалды:

– Эльжбета Сергеевнаны шақыра койшы, Лидочка...

– Виктория Ивановна, мені шақырдыңыз ба? Есік көзінен отыздың жуан ортасындағы әдемі келіншек күлімсірейді...

– Құзырыңызға құлдыкпын... – Манап басын әнтек изеді. Іле бір аяулы сырын байқаусызда сыртқа шығарып, шашып алғандай-ақ беті ду етті...

– Інііздің аты-жөні кім? Есіме түсіріп жіберсеніз. Ойға шомған Манап басын көтерді.

– Төрекелдиев... Төрекелдиев Қали!

– А, Төрекелдиев Гали! Айып етпессіз... Элочка, бір минут кідірме, бұл кісіні Галиға бастап апара ғой. Тек байқа, Манап... е-е...

– Манап Симбатович...

– Рақмет. Иә, Манап Симбатович секілді ағам бар деген ой, әрине, Галидың үш ұйықтаса түсіне кірген емес. Өзіңіз де білесіз, балалар үйіне құртақандай кезінде, бар-жоғы төрт жасында қабылданыпты. Осыны ескерсеніз, – деді де, жігітке «Оқасы жоқ, абыржыманыз, бәрі орын-орнына келеді» деген райда карап қойды. Содан соң аға тәрбиешіге бұрылды. – Өсіп кеткен сойталдай бозбаланы Манап Симбатович те салған беттен тани қоймас. Осы екі арада қолайсыз жағдайлар туып кетіп жүрмесін. Манап Симбатович ренжімесе, сыртта қалдыра тұр да, Галиға өзін кіріп, бақайшағына дейін алдын ала жақсылап түсіндір. Адам жаны – мөлдір әйнек, шытынатып алсақ, қайта жамай алмаймыз.

Қалай ойлайсыңдар?

1. Шығарманың бұл бөлімін тағы қалай деп атауға болады?
2. Бауырын іздеп келген ағаның көңіл күйі қандай?
3. Балалар үйінің директоры інісін іздеп келген Манапқа не айтты?

КЕЗДЕСУ

Жалығынқырап қалды ма, қабақ астына көленке үйірген Эльжбета Сергеевна директордың алдын кесіп лыпылдай жөнелді.

– Еш қам жеменіз, Виктория Ивановна. Күнде көріп жүрген үйреншікті жағдай. Алайда Тургелдиев Гали деген фамилия қанша ойлансам да есіме түспей тұр. Сегізінші сыныпта Туркелдиев Гали деген спортсмен бала бар. Оны өзіңіз де білесіз. Ал Төрекелдиев, Төрекелдиев... білсем бұйырмасын.

– Балаларды сұрыптаған кезде ондай-ондай кателіктердің көкесі кетеді ғой, Эльжбета Сергеевна. Апаш-құпашта бір-екі әріп дұрыс-бұрыс жазылды ма деп кім шұқшып жатсын. Қалай естісе, солай жаза салады. Тургелдиев осылай Туркелдиевке айналды...

Эльжбета Сергеевна баспалдақтарды шеки басып төмен түсіп келе жатып:

– Өзі балалар үйі болса, шұрқыраған жеткіншектері қайда деп келесіз, ә? – деді бұрыла карап. – Жазғы демалыс әлі аяқталған жоқ. Төменгі

сын ыптар лагерде, жоғарғы сыныптын оқушылары қала іргесіндегі жеміс совхозында қияр, қызанақ теріп жүр. Қали секілді спортпен шұғылданатын балаларды алып қалғанбыз. Мереке қарсаңында қала мектептері спорттың әр түрінен дәстүрлі жарысқа шығады. Күні-түні аласұрып, соған ақ тер, қара тер дайындалып жатыр. Былтыр бірінші орын алғанбыз. Бныл да ешкімге бермейміз деген талабымыз таудай. Екеуі ағаштардың ұзын көлеңкелері сұлап-сұлап жатқан аллеяны қуалай келіп, бір қабатты қыш үйге маңдай тіреді.

– Ойнайтын да, қайнайтын да спортзалымыз – осы. Балалар қазір жаттығып жатыр. Орындыққа тізе бүгіп тоса тұрыңыз. Мен Қалиды ертіп шығайын. Кешіксек, кешірерсіз. Спортшылардың жаттығудан соң жуынып, тер басатынын өзіңіз де білесіз.

Тығыз қара шашы ұсақ-ұсақ бұйра, қол-аяғы таралып қалған, кен нықты болмаса да, ешкімнен қарызға жауырын сұрай қоймайтын кішірек көзді ақ сұр бала, дұрысы – бозбала, сыртқа серпіндей басып шыға келгенде, Манап орнынан ұшып тұрды. Сол, соның нақ өзі. Төрелелді тұяғының сынығы. Қол созып, мына баланың қай жерін ұстаныз – әкесі Сымбаттың өзімен бірге жер астына ала кеткен нышан белгілері. Жайшылықта қой аузынан шөп алмайтын жуас, момын, ал жиын-тойда шетінен түйе палуан атанған, додаға түссе, көкпардан көкпарды қоймайтын Төрелелдиевтер тұқымы... Кешегі қанды соғыста Сымбаттан өзгесі баудай түсіп, Манап пен мына қарақұлақ Қали баладан басқа тігерге тұяқ қалмаған Төрелелдиевтер үйірінің кенже құлыншағы. Адамның кенет не дұрысқа, не бұрысқа көнбейтін өліара сәті ғой, екі қолын қайда қоярын білмей абыржып қалмасы бар ма? Ақыры арқасына айқастырып салды да, бұтағын шауып, сыпырып алған сырғауылдай сідия қалды. Бозбала Манапқа самарқау, бей-жай көз салды да, аға тәрбиешіге бұрылды.



– Түү, Эльжбета Сергеевна, терді жа-на ғана үгіп, тырыс-бырысты жаза бас-тағанымыз сол еді. Басқа қолайлы уақыт табылмады ма? – деді қалыптасып қал-ған қоныр үнмен. Алақанына қыстыра шыққан тарағын дымқыл шашына көміп жіберіп, артқа қарай көтеріп-көтеріп тастады. «Маңдайына көлкітіп жіберсе ғой, тым жарасып кетер еді. Ересек адамша артқа қайырғанын қарашы. Тез ержете алмай, он бес жастың тар қауызына сыя алмай қыстығып жүрген қарағым-ай!» Манаптың ішінде оттай ыстық бірдене шыжылдамай да, көңірсімей де жайлап еріп барады.

– Сөзіне болайын, Гали. Жаттығу ағаннан қымбат болып па? Алыстағы аған жыл он екі айда бір рет келеді. Жаттығу қайда қашады, ертең-ақ сүмек боп терлеп, кеткен ақынды артығымен қайтарып аласың, – деді жымнған қалпын мысқал бұзбаған Эльжбета Сергеевна. «Алыстағы аған...» дегенде Қали бетін бермен бұрды...

...Манабың мұндай сын сәтте қайту керектігін білмейді екен, құшағын жайып жіберіп, «Ой, бауырымдап!» ентелей жүгірудің орнына қаққан қазықтай қышып тұра берді. Жымныс табын ерін ұшынан тез-тез жып алған Эльжбета Сергеевна Қалидың құлағына сыбырлап қалды: бойшан бозбала сонда ғана теңселіп кетті, баспалдақтарды санап басып төмен түсіп, бері беттеді.

Бұл кезде өзін-өзі камшылап үлгерген Манап та қорғасын аяғын әрең алып қарсы жүрген. Бой жағынан қарайлас бозбала төніп қалғанда:

– Бар екенсің, бауырым! – деп алға созған екі қолын айқара ашып, ыстық құшакқа айналдыра беріп еді, Қали:

– Здравствуйте, дяденька! Как живете? – демесі бар ма! Созған қолы сынғандай сылқ түсті...

Қалидың амандасу үшін соландатып ұсынған қолын ұстай алды да, сілкіп өзіне тартып төсіне төс тигізді, маңдайынан піскеді. Тіп-тік бозбала пілмеді, ағаштан шабылған жансыз мүсінді құшақтағандай болды. Шашынан шыққан арзан қолсабынның пісі кеңсірігін жарды. Эльжбета Сергеевнадан қысылды ма, Қали бетін алып қашып, құшағынан сытылып шыға берді.

– Да ну... Абырой болғанда, аға тәрбиеші қызық шыжыққа айнала бастағанын аңғарып қалды.

– Мен кетейін... Іздеі қалсаңыз, Виктория Ивановнаның қасынан табыламын...

Қали аяғына сұққан ала таспалы кроссовканың тұмсығымен көлденең жатқан кикым шөпті қуалай түрткілеп, бей-жай сылбыр тұр.

– Кел, отырайық! – деп Манап ағаш орындықтың шетіне отырды.

Шығармашылық талпыныс

1. Шығарманың осы бөліміндегі Қали қандай? Мәтін арқылы ойымызда қалыптасқан Қалидың бейнесін айтып берейік.
2. Шығармадағы Қали бейнесі мен өз ойымыздағы Қали бейнесін салыстырып, төмендегі сызбаға қарап сын көзқарас тұрғысынан баға берейік.



3. Автордың сипаттауы бойынша Қалидың суретін салайық.
4. Құлтума шешен мен Мұрат Мөнкеұлының нақыл сөздерін оқып, мағынасын ашып айтайық.

- | | |
|--|--|
| 1. Жаман болса туысын –
Аркалаған күммен тең.
Жаксылығың істеген –
Елекке күйған сумен тең. | 2. Атадан алтау тусан да,
Аузың бірге болмаса,
Дұшпанға қолдан ар кетер. |
|--|--|

БАУЫРЛАР ӘҢГІМЕСІ

– Халиң қалай, Қали?

Төрекелдиевтерге заман шекесінен караған жылы балалар үйіне өтіп кеткен төрт жасар баладан бұл күнде сойталдай бозбалаға айнала салған Қалиға: «Халиң қалай, інім?» деуге аузы бармады. Десе, Қали мұның аға екеніне сенбей қоятындай, құлағына ілмейтіндей жүрексінді.

– Спасибо. Так себе... Қалидың көзі батып бара жатқан күннің қалың жапырақ арасынан суырылып түскен алып-қашты сәулесіне шарпысып отыр. «Қайтсін, кіндігі бір болса да, өскен ортасы басқа. Адам жаңа қалпақ екеш қалпақты да байқап-байқап кнеді. Жер астынан шыққан Желім батырдай жабыса кеткен жаңа ағасын жатсынып отыр ғой. Өзіме де обал жоқ. Әуелі хат жазып, тіл алысып, ағайын, аға жайын құлағына жайлап сіңіріп алған жөн еді. Жиырманың төртеуіне келген мен бүйтіп берекем қашып, күлім шашылғанда бесіктен белі шықпай жатып туған жерден шығандап кеткен бұған не жорық!» деп ойлады. Қалидың дөнес мұрын, кесек пішінді бетіне іші езіле елжірей карап қалыпты.

– Оқуың қалай? Биылғы сыныбың сегізде ме?

– Сегіз... А... Иә... Қали басын әнтек ізеді.

– Жатар орын, кнер киім, ішер ас... таршылық көріп жүрген жоқсың ба?

Қали: «Осы не деп отыр?» дегендей бар денесімен бұрылып, жігітке тесіле карады. Орынсыз сұрақ қойғанын кеш білген Манаптың бетінен оты шықты. Аға болу кпын шаруа екен. Қалиды қайдам, ініге аға болып, еміренуден Манап қалыпты. Ойлап отырса, он бір жыл бұрын Қалиды балалар үйіне тапсырып тұрып, сорасы ағып үнсіз жылағанда ғана аға болыпты. Қазір ол ағалық сезім ұмып. Сүтпісірім бұрын Қалиды көргенде ғана кеудесіне нұр құйылды. Осы минутта оның орнына у құйылғандай. Әр нәрсенің басын бір шолып, уақыт молшылықта не жұмысы бар? Қали алда-жалда шамданып қалып: «Таршылық көретінімді білсендер, он жыл бұрын балалар үйіне қолдарыңнан берер ме едіңдер?» десе не бетін айтады? Әйтпесе: «Бөліп беретінііңіз бар ма?» деп төтеден салса ше... Қали айтса орынды, көтеріп аласың. Сымдай тартылып, серіппедей атылғалы отырған Қалидың, мемлекет қамқорлығындағы Қалидың халі өз халінен, жалаңаяқ студент жағдайынан көш ілгері. Оң-солын танып қалған бала оны білмейді дейсің бе?

Жалпы іштей қорқып отыр. Алматыдан аттанғалы іштей дайындап, неше қайтара пысықтап келген басты сауалын қабырғадан қойып, сөзді

ашыққа шығарудан тайқаксиды. Әйтпесе: «Халиң калай, жатар орын, киер киім, ішер ас...» деп күмілжу он бір жыл көрмеген ініге қояр сұрақ па? Кеше келіп, бүгін кетіп, күнде төс тигізіп жүрген жанның сөзі ғой бұл, әншейін. Өз-өзін әуелі осылайша іштей сөгіп, сонан соң қайрап алды да, бір деммен:

– Ауыл есінде ме? Көкем, мен... Қалғұты... тау, қалын орман есінде шығар? – деп салды.

Кроссовканың тұмсығымен тротуарды оңды-солды сызбалаған Қали басын немкетті изеді. Сасып қалған Манап жөткірінді. Ұмыт, тас ұмыт, ұмытып қалыпты... Әйтпесе екі қолын орындық арқалығына созып жіберіп, шалкалаған мына қалпын титтей болсын өзгертер еді. «Япырау, мынау сол Манап па? Бауыры жабысып бірге туған ағам ба?» деп басын көтеріп, бетіне көз салмас па? Шын туыс кешірімшіл. Қатты ренжісе де інісін жамандыққа қимады, дереу ақтап алатын дәлел іздеді. Қалидың мінез-құлқы өсе келе үстінен көш өтіп бара жатса, былқ етпейтін көкесіне тартуы кәдік... Солай, солай-ақ болар. Іске келгенде жаудай тиіп, апырып-жапырып жіберетін; ал сөз дегенде аузына маржан салып, томаға-тұйық тымпынып отырып алатын «ішімдегіні тап» қыңыр тұқым-ай! Шай қайнатымдай толғанып, ойын әбден пісіріп алды да, оқыс кимелеп үсті-үстіне төкпектете жөнелді...

Манап көзімен тротуар сүзіп отырып қалды. Қара жер қойнына өзіммен бірге ала кетермін-ау деп, талай жыл тұмшалап сақтаған сырының тиегін ағытса да, аяғына шыққанша асық болды. Туған інімен құрғақ құрайды қырт-қырт жегендей сөйлесермін деп ойламап еді.

Қали ше? Төмен салған кірпігі көзін көлегейлепті. Не ойлап отырғаны белгісіз. Қолдарын айқастырып салған күйі бауырына тығып, іші ауырғандай енкейіп отыр.

46-ӨЛШЕМДІ КОСТЮМ

Манап демін жұтып, ақырын күрсінді. Еңкейіп жерде тігінен тұрған дипломатын іліп алды да, алдына өңгеріп салып аузын сырт ашты. Жаздық жеңіл костюмнің қаттауын жазып бірер сілкіді де, орындық үстіне жалпағынан салды, саусағының ұшымен Қалиға сырғытты.

– Бныл құрылыс отрядына барып ем... Табыс тәуір болды. Қырық алтыншы... Дәл шығар. «Киіп, өлшеп көрсенші» деуге таңдайына жабысқан тұтқыр тілі күрмеуге келмеді. Қали костюмге көз қығын немқұрайды тастады да, мнығынан күлімсіреді. Сол мезет үстінгі ернінің сол жақ күйрығы дір етіп шапши қалды. Манаптың қолқасы суырылып кеткендей болды. Жан дүңбесі әлем-тапырық. Жасаурай қалған жанарын Қалидан аударып, күн сәулесіне шағылысқан терезелері жапырақтардың арасынан жылт-жылт сығалап тұрған оқу корпусына бағыттады. Аумап тартпағыр, тура көкесі! Әкесі күлмей ғұмыр кешті, қиратқанда күлімсірейтін, сонда ернінің сол жақ күйрығы өстіп жоғары шапшып қалушы еді.

– Кім жағы бар... Жыл сайын жаңалап тұрады. Қырық сегіз болмаса, қырық алты маған тар.

Жайбарақат үн құлағына жеткенде желіп келе жатып жарқабақ шетіне ойқастап шыға келген аттай желкесі тартып, негі көтеріле беріп, кегжиді де қалды. «Айдан-айға хабар-ошарсыз, ізсіз кеткен, жылдан-жылға құйрығын ұстатпаған, әрең табылған інісі осы Қали ма?» дегенді сағызша созып, бөліп-бөліп ойлады...

Көзінің құйрығымен Қалиды бакса, бей-жай, салғырт, самарқау. «Сөйлесең, ауыз өзіңдікі, сөйлемесең өзің біл, айттың сендім, рақмет!» кейіп. Астыңғы ерні жиналмай жатыр. Келесі сәтте тарағын қалың, қайратты шашына көміп жіберіп, тысыр-тысыр тарады. Қомпайған ұртына ауа жинап алды да, жүзін тәптіштеп тұрып үрледі. Манап ішін тартты, Қали көкесі қашан, қалай қайтыс болды, қаузап сұрамақ түгіл, тіс жармады. Ағасы Манап қалай күнелтті, қай институтқа түсті, оқуы, болашағы не, ләм-мим жоқ. Жарайды, Манапты қойшы, фамилиясына жазылған әке хақында тырнақтай бір ой, тебіреніс қайда? Көзден кеткесін, көңілден бұлбұл ұшқаны да...

Кімге кінә қоярсың? Ошақтың күлін аспанға шығарған соғысқа ма? Ол айып-айбанаң кімге дәрі? Кілең қамкөңіл. Сөз тізбегі көмейіне лықып келіп еді, Қалиға кенеттен тіл бітті. Аша берген аузын жаба қойды. «Сөйлесінші, іштегі шерін сыртқа шығарып, емін-еркін есіліп ағылсын бір, туған жердің алақандай қолатын алыстан аркалап жеткен аға алдынан бауыры жазыла өтсінші» деген ой ауыздан қакты.

– Мереке қарсаңында жасөспірім боксшылардың қалалық біріншілігі өтеді. Соған жатпай-тұрмай дайындалып жатырмыз. Былтыр финалда ұтылып қалғанмын. Бныл қайтсе де есе қайтару керек. Жасөспірімдер тобы бойынша бірінші разрядым бар. Бөсіңкіреп кеткенін кеш аңғарған бала бетін бұрып ала қойды. Манап сергіді. Аз-мұз мақтаныш аралас лебізді естігенде барып, жанында кәдімгі алаңғасар бала отырғанына сенді. Жора-жолдастарының үйіне барғанда ойыншықтарын жинап, қайта шашып, ойынға алданып жүретін көп қара домалаққа қара да, мына Қалиға қара, бәрібір. Дегенше және сезікті ой сұман қағып, маңдайы суып берді. Бауыры жабысып бірге туған дос-жарандарының інісіне тенеп, өзінен алыстата түсіп, құйрығын сыртқа салып отыр екен. Өз інім, қандас Қали інім дегенді санасына қалай сіңіргісі келсе де болатын емес. Жанбай жатып өшкен бұл неткен көңіл? Қалған көңіл де...

Қалың ой Манапты әбден меңдетіп, тұралатып тастады. «Боксынан бөтен ермегі бар ма өзі!» деген ойына ілесе:

– Басқа немен айналысасың, Қали? – деді. «Інім» деген жалғыз да жылы сөз аузына тағы түспеді.

Қалидың қабағы жазылып, жадырап жүре берді. Орындықтың көлденең ағашына алақан тіреп, көтеріліп-көтеріліп қойды. Әр сөзі қуанқы, жігерлі.

– О-о, табиғатты жақсы көремін! Әсіресе жан-жануар, жәндіктерді! Біздегі тірі табиғат мүйісі менің қарауымда. Жылан, бақа, шаян, қоңыз, құс – бәрі табылады. Түгел өзіміз бағып-қағамыз. Үйірмеге отызға жуық оқушылар мүше!..

Басын салбыратып отырып-отырып:

– Болашақта кім боласың? – дей салды ерін ұшымен. Қали іркілмеді:

– Ұшқыш... Әскери ұшқыш боламын. Балалар үйінен түлеген ұшқыш ағалар баршылық.

Манап мырс етті. «Аға» деген сөз көп күттіріп барып, аузынан ақыр сонында шықты-ау...

– Уақытыңыз қанша?

– Бес минутсыз бес.

– О! – Қали атып тұрды. – Отырып калыппын. Уақыттан ұтылсам, жарыстан ұтылғаным. Бес жарымда жаттығу бітеді. Тым болмаса, қалғанына қатысайын. Жаз бойы салмақ қосып, бұлшық етім босап кетіпті. Қош бол... – дей берді де, тілін тістеді.

– Сіз... қонасыз ба?

Манап төмен қараған күйі:

– Жок, кетемін. Кешкі алтыда пойыз бар, – деді.

– А-а... Сапарыңыз сәтті болсын! Серпіндей басып спортзалына қарай жөнеле берді. Орындық үстінде қырық алтыншы костюм келбеп жатыр.

– Бері кел, Қали! Бұрылды. Жақындады.

– Кешірініз... маған сыймайды. Артық та емес. Қатар жатқан Эльдар Физатулинге құйып қойғандай екен. Бірге оқимыз. Бойы тәштек. Соған сіздің атыңыздан сыйлайын. Ренжімейсіз бе?

– Түк ренжімеймін.

– Рақмет! Костюмді қолтығына қысып, жаңағы жолына түсті.

– Хат жазамын. Келер жылы жазда келемін... Келетін шығармын, – деді Манап ізінше. Естіді ме, Қали кете барды. Баспалдакка екі-ақ ырғып шығып, кілт бұрылды да, қолын бұлғады. Күлімсіреп еді, үстіңгі ернінің сол жақ құйрығы шапши қалды. Орындық қасында тұрған Манаптың тұла бойы дір етті. Көзін мұнар алды. Алға қарай емпендеп жөндей бергені есінде. «Қалқам-ай! Қанатым-ай!» деген сыбыр құлағында көшіп жүр. Есік сарт жабылғанда барып есін жиды. Биік баспа лдақ бос екен. ..



Эпитет (грек. *epitheton* – қосымша) – заттың яки құбылыстың ерекшелігін, сыр-сипатын бейнелі түрде танытатын айқындаушы сөз. Көбінесе сын есімдер арқылы жасалады. Мысалы, қазақ поэзиясында «алтын» сөзі эпитет ретінде көп қолданылады. Оның мағынасы да сан алуан: түсті (алтын күз), құтты мекенді (алтын бесік – туған жер, алтын аймақ), қазына-байлықты (алтын сандық), жаны таза, адамгершілігі мол кісіні (алтын адам) білдіреді.

Оқылым тапсырмалары

1. Шығарманың негізгі идеясын үш сөйлеммен айтып, ойымызды аға, іні туралы мақал-мәтелдермен түйіндейік.
2. *Көзбен көріп, қолмен ұстау, тамыр жаю, еті үйрену, қой аузынан шөп алмас, көлденең көк атты, бетінен оты шығу, тілі құрмеуге келмеді* сөздерін синонимдерімен алмастырып, сөйлем құрап жазайық.
3. Берілген кесте көмегімен өз ойымызды жұбымызға баяндайық, ұқсастығы мен айырмашылығын анықтайық. *Үлгі* :

Қалидың қызығушылықтары	Менің қызығушылығым
Қали ұшқыш болғысы келеді, себебі...	Мен ... болғым келеді, себебі...
Қали және оның достарының жазғы демалысы	Мен және менің достарымның жазғы демалысы

4. Әңгіменің бөлімдерін біз қалай атар едік? Неге олай атағанымызды түсіндірейік.
5. Берілген сызба негізінде әңгімеден мысалдар жинақтай отырып, негізгі кейіпкерлердің образын сипаттайық.



6. Аға мен інінің алғашқы кездесуінде Қали қалай сипатталады? Автор қандай көркемдегіш құралдарды пайдаланған? Мысалдармен дәлелдейік.

Сөз маржан

1. **Бұйымтай** – біреудің сұрамақшы нәрсесі, қалауы, қолқасы. *Бұл жерде:* арнайы келген шаруасы.
2. **Өліара** – *бұл жерде:* бір отбасының басына түскен қасіретті айтып тұр.
3. **Сырғауыл** – *бұл жерде:* сорайған, ұп-ұзын деген мағынада. Жіңішкелеу келген ұзын ағаш, сырық.
4. **Мысқал** – араб сөзі: салмақ өлшемі. *Бұл жерде:* ауыспалы мағынада мүлдем, аз да болса дегенді білдіреді.
5. **Қазық** – жерге қағып пайдаланатын ұшы үшкір кішкене ағаш немесе темір. *Бұл жерде:* қозғалмай қалды, яғни қазықтай болды деген мағынада.
6. **Кәдік** – күмән, күдік, шүбә. *Бұл жерде:* мүмкін деген мағынада.
7. **Қолатын** – тау беткейлеріндегі сай-жыралардың арасында жатқан ұзынша келген дөңестеу кең аңғар.
8. **Түлеген** – түлеу аң, құс, мал жүнінің көктемдегі түсуі. *Бұл жерде:* ауыспалы мағынада ұядан ұшқан, яғни оқу бітірген деген мағынада қолданылған.



Айтылым тапсырмалары

- Тобымыздағы оқушылармен ақылдасып, төмендегі сұрақтар төңірегінде өз көзқарасымызды білдірейік:
 - «Адам жаны – мөлдір әйнек, шытынатып алсақ, қайта жамай алмаймыз». Осы сөзбен келісеміз бе?
 - Қалшын жетімдер үйіне өтіп кетуіне не себеп? Соғыстың басқа да қандай зардаптары болды?
 - Қазіргі бейбіт заманда кейбір балалар неге жетімдер үйінде?
- «Бір-бірімізге не айтқымыз келеді?» Төмендегі сызбаны пайдаланып, өз ойымызды жаза йық.

а) Автор бізге

Біз авторға

ә) Соғыс уақытындағы бұқалар бізге

Біз оларға

- Өңгімені оқу, талдау арқылы алған мәліметтерімізді жинақтап, «Үш қадамды сұхбат» құрайық.
 - 1-оқушы. Өңгіменің сюжетін қысқаша баяндайды.
 - 2-оқушы. Өңгімеде көтерілген негізгі мәселелерді анықтайды.
 - 3-оқушы. Өңгімеге қатысты өз көзқарасын білдіріп, түйінді ойын айтады.
- Қалай ойлайсындар? Автор неліктен осы шығармасын жазды? Қазіргі таңда қандай тақыр ыптағы туындылар жазылуы керек деп ойлайсындар? Өз болжамдарымызды білдірейік.



Қазақ әдебиетінде жетім балалардың тағдыры туралы басқа қандай шығармалар бар? Қосымша ақпарат көздерін пайдалана отырып, осы сұраққа жауап іздейік.



Қалидың ағасы Манаптың сөзін мұқият тыңдайық (10-аудио).

Тыңдалым тапсырмалары

- Қалиды не себепті балалар үйіне өткізді?
- Манаптың күні бүгінге дейін көз алдында тұрған эпизодты баяндап берейік.
- Қалиды кім, қалай алдап кетті?
- Манап бір апта бойы қандай күйде жүрді? Не себепті?




Жазылым тапсырмалары

- Қалидың атынан ағасына жауап ретінде хат жазып көрейік. Аға,
- Қали өзін жетімдер үйіне іздеп келген ағасын бөтен адамдай суық қабылдады. Неге? Қалидың өмірін, мінез-құлқын, көңіл күйін талдай отырып, эссе жазайық.

3. Достар, «Бауырлар» атты сөзжұмбақты шешейік.

1. Қали қандай спорт түрімен айналысады?
2. Бауырлас, туысқан сөздерінің синонимі.
3. Қалдың балалар үйіндегі тегі –
4. Қали болашақта әскери болғысы келеді.
5. Ағасы Манап «Мандайына көлкітіп жіберсе ғой, тым жарасып кетер еді...» деп іштей ойлағанда Қали қолына не ұстап шығып еді?
6. Ағасы алып келген костюмді Қали кімге сыйлайтын болды?
7. Бауырлар Манап пен Қалдың әкесі –
8. Эльжбетаның тегі кім?



Қызық екен!



Ел аузындағы хикаяларда бауырдың жақындығын көрсететін үлгілер көп. Солардың бірінің мазмұнымына дай: «Ертеде Төлек атты батыр бір қақтығыс-та жеңіліске ұшырап, Төлек батыр ұлына ртына мінгестіріп қашып келе жатса, «Ағатай бізді қалдырма!» деп Есенбай Құлтан деген інілері алдынан шығыпты. Соңынан дұшпаны өкшелеп, алдынан екі інісі шырқырағанда Төлек батыр: «Көзімнен аққан қанды жас, Атаңды күнде жау қумас. Әйелдің ұлы аттан түс, құдайым ұлсыз қалдырмас. Бірге туған қос бауыр, Төлекке қайтып табылмас!» деп баласын жауға қалдырып, екі інісін құтқарып қалған деседі».

Кері байланыс: «Бес бармақ»

Ақ параққа алақаньмызды қойып, жиегін айналдырып бастырайық. Салынған саусақтарға төмендегі сұрақтар бойынша жауап жазайық:



Бас бармақ – басты мәселе. Тақырып бойынша ең құнды мәселе қандай болды?

Балаң үйрек – бірлесу. Мен топта, жұпта қалай жұмыс жасадым?

Орған терек – ойлану. Мен қандай білім мен тәжірибе алдым?


Шылдыр шүмек – шынайылық. Маған шығарма ұнады ма? Неліктен?

Кішкентай бөбек – көңіл күй ахуалы. Мен осы тақырыпты оқу барысында өзімді қалай сезіндім?



Ата-ананың қадірін
Балалы болғанда білерсің.
Ағайынның қадірін
Жалалы болғанда білерсің...

Шал ақын





ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

Достар, біз үшін отбасы құндылықтары деген не?

Бұл сұрақ бізді де, әдебиет әлемінде жүрген барлық қаламгерлерімізді де ойлантса керек.

Оқуға ұсынылған бұл тарауда біз:

Тынымбай Нұрмағамбетовтің «Анасын сағынған бала» әңгімесін оқи отырып, өмірде ана мен бала махаббатынан қымбат еш нәрсе жоқ шығар деген ой түйеміз. Кішкентай кейіпкеріміздің анасына деген сағынышқа толы көңіл күйін сезінеміз.

Нұрдәулет Ақыштың «Нағыз әже қайда?» әңгімесінің кейіпкерлері өз қиялдарындағы нағыз әжені іздейді. Нағыз әжені олар таба алар ма екен, таба алмас па екен? Ол әзірге күшпә!

Джек Лондонның «Мексика ұлы» шығармасын оқи отырып, өзімізді бокс алаңында жүргендей сезінеріміз сөзсіз!

Міне, достар, біз әдебиет пәні арқылы отбасымыздағы өзімізге аса қымбат жандардың қадірін біліп, оларды бағалауды үйренеміз.

Достар, отбасы құндылықтары тарауында ғалым Шеген Ахметов жазған қазақ отбасының бала тәрбиесіне арналған сегіз ұстанымын білгеніміз жөн деп ойлаймыз.

Ш.Ахметов: «Қазақ отбасында тәрбие ісі, негізінен, басты-басты сегіз түрлі мәселені қамтыған: 1) тәрбие басы алдымен әдептілікке үйретуді көздеген, әдепті бол дегенді басты міндет етіп қойған; 2) мейірімді болуға тәрбиелеген; 3) тілалғыш елгезек бол деп үйреткен, бұл еңбекке баулудың алғашқы көрінісі болатын; 4) адалдық пен шындыққа баулуды көздеген; 5) білгір бол, ұстаз бен ғалымның, көпті көрген қарияның сөзін тында, құймақұлақ бол дегенді бойларына сіңірген; 6) үлкенді, ата-ананы сыйлауды басты міндет етіп қойған; 7) кісі айыбын бетіне баспа, қаріп-қасерлердің табиғи кемістігін көрсетпе деген; 8) ел қорғаған батыр бол, бар өнерінді соған жұмса деген», – дейді¹.

¹ Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы (Құрастырғандар: Құбығұл Жарықбаев, Серғазы Қалиев). Алматы: Рауан, 1998.

ТЫНЫМБАЙ НҰРМАҒАМБЕТОВ

(1945 жылы туған)

Тынымбай Нұрмағамбетов 1945 жылы 10 маусымда Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Қосүйеңкі ауылында дүниеге келген. Жазушы, драматург.

Алғашқы әңгімелер жинағы 1971 жылы «Қауын пісі» деген атпен жарық көрген.

Жазушының «Қарлығаштың ұясы», «Қош бол, ата», «Кене», «Атақоныс», «Дарияның арғы беті», «Бөрібайдың тымағын ит алып кашқан қыс», «Айқай», «Келін» және т.б. әңгімелері мен повестері бар. Жазушы прозасында ауыл адамдарының мінез-құлқы, жан дүниесінің қыр-сырлары, олардың бойындағы заман тудырған өзгерістер терең суреттеледі.

Т.Нұрмағамбетов – жеңіл юмордың шебері. Бірнеше комедиялық шығармалары бар.

«Жоғалған кел», «Кемпірлер үкімі», «Табалдырығына табын» пьесаларын, «Тырналар ұшып барады» телефильмінің сценарийін жазды.

**«АНАСЫН САҒЫНҒАН БАЛА» ӘҢГІМЕСІ****Тақырыпашар тапсырмалар**

1. Достар, ана туралы қандай өлеңдер білеміз? Білетін өлеңдерімізді жатқа мәнерлеп оқып берейік.
2. «Ана туралы жыр» (сөзі Ғ.Қайырбековтікі, әні Ш.Қалдаяқовтікі) әнінің бір шумағы мен қайырмасын барлығымыз бірге орындайық.

Әлемнің жарығын
Сыйладың сен маған.
Даланың әр гүлін
Жінадың сен маған.

Қайырмасы:

Әлділеп, аялап,
Өсірген жемісін.
Самал жел, саябақ
Құшағын мен үшін.
Есейіп кетсем де,
Мен саған сәбимін.
Көңліңді көктемдей
Көзіңнен танимын.

Сен бердін құстардың
Қанатын самғаған.
Балалық құштарым
Өзіне арналған.





Т.Нұрмағамбетовтің «Анасын сағынған бала» әңгімесінен үзінді оқыық.

СЕРЖАННЫҢ СЫРЫ

Тірек сөздер:

сүйкімді бала
сағыныш
балмұздақ
футболка
уәде
пойыз
ата

Есмағамбеттің бұл сапары ауылына төрт жылдан кейінгі оралуы еді... Ұзаққа созылған абырдабырдан кейін жалғыз қалып, әртүрлі жеміс ағаштары мен көгеністер өскен аулада әрлі-берлі жүру де ол үшін айтарлықтай бір демалыс еді. Күн тал түс болып қалған екен. Ағаштардың әрқайсысына тоқтап қарап, сосын жонышқалықты аралап келіп, күннің қызуы қуырып бара жатқандықтан жүзімнің көлеңкесіне кіре бергені сол еді.

Мама-аа... мама-аа...
Сенсің ғой ең дана-а...
Мәңгі дос сен ғана-а... –

деп әңдеткен сүйкімді бала дауысын естіді. Бірақ Есмағамбет олай бір, былай бір бұрылып маңайынан бала көрмеді. Сөйтсе, үстіне су жана ақ футболка киген төрт жасар шамасындағы ер бала арнайы тіреу ағаштарымен керілген жүзім сабақтарының ұзына бойғы көлеңкесінің бір шетінде құммен ойнап отыр екен. Қолында ойыншық күрек... ойыншық шелек...

Балмағамбет ағасының ұзатылған қыздары болатын. Солардың бірінің баласы болар деп топшылаған Есмағамбет жүзім көлеңкесінде аяқтарын еңкейе басып балаға жақындады.

Жақынд ап келгенше бала мұны байқаған жоқ.

Мама-аа... мама-аа...
Сенсің ғой ең дана-а...
Мәңгі дос сен ғана-а...
Мама-а , мама-а-а-а...



Жанына келіп:

– Әй, балақай, сенің атың кім? – дегенде барып бала Есмағамбетке бұрылды. Бірақ ойыншық шелекке ойыншық күрекпен құм салу ісін доғарған жоқ.

– Атың кім дедім ғой? – деп қайта сұрағанда барып бала ұяң күлімсіреп:

- Сержан, – деді ақырын ғана.
- Кімнің баласысың?
- Күміскүлдің.
- Күміскүл кімнің қызы?

– Балмағамбеттің...

Есмағамбет енді енкедеп барып анадай жерден қолдан жасалған ағаш орындықты алып, баланың дәл жанына жайғасты...

Тіпті осы бала болмағанда қарындасының атының Күміскүл екенін де енді болмаса ұмытып қалғандай екен... Баланың бет әлпеті өте сүйкімді еді. Оның үстіне, мұның сұрақтарына жауап беруі де сүйсіндірді. Тілі тәтті екен. Алайда «Кімнің баласысын?» деген сұрағына баланың әкесінің атын айтпай, шешесінің атын айтуы Есмағамбетті қанағаттандырған жоқ-ты. Сондықтан баланы жанап отырысымен-ақ:

– Сен неге Күміскүлдің баласымын дейсін? Папаның атын неге айтпайсың? – деді.

– Папа-мның-н... – дей беріп бала аз-кем күмілжіп қалғанда барып Есмағамбеттің өзі бала үшін тым артық сұрақ қойып отырғанын аңдап, әңгіменің бетін аудара қойды.

– Футболқаң қандай ашпақ?

– Мамам әкеліп берген, – деді Сержан өз-өзіне қайта келгендей көңілденіп.

– Шортигің де тап-таза ғой.

– Танертең кидім ғой, – деді бала Есмағамбеттің сұрағына таңырқандай әрі: «Сол екі арада қалай бүлдіре қоямын» дегендей болып.

– Оны да мамам әкеліп берді ме?

– Иә деген... – деді бала сусылдаған құмды ойыншық шелекке салуын жалғастыра беріп.

Есмағамбет енді баланың басынан сипады. Сержанның жаңадан өсіп келе жатқан майда шаштары алақанына жұп-жұмсақ тиісі. Бала да енді өзін еркін сезініп, еркелегендей болып бұған денесін тиістіре беріп:

– Басымнан піскеші? – деді.

Есмағамбет сондайлық ықыласпен енкейіп, Сержанның басынан піскеді.

– Пісі бар ма? – деді бала енді оған күлімдей бұрылып.

– Пісі?... Иә, бар-р...

– Ненің пісі? – деді бала қуланғандай кейіпте.

– Сабын-н... Әтір сабынның...

– Иә, саған-н...

– Енді ненің пісі?

– Шампуньнің пісі ғой, – деді бала, «соны да білмедің бе?» дегендей сықылықтай күліп.

– Сонда сен басыңды күнде шампуньмен жуасың ба? – деді Есмағамбет баланың басын қайта сипап отырып...

– Мен емес, әжем-м...

– Әжен жуып берді ме?

– Иә, деген-н...

– Күнде ме?

– Жок, сіз келетін болған соң жуды ғой. Менің үстімдегі жаңа футболка мен шорт икті де сіз келетін болған соң кигізді... Есмағамбет шешіле сөйлеген баланың жүзіне карап отырып кенкілдеп күлді.

Қалай ойлайсыңдар?

1. Шығарма бөлімі мен төмендегі мақал-мәтелдің қандай байланысы бар? Өз ойымызды мысалдар арқылы дәлелдейік. Мәтел: *Балалы үйдің ұрлығы жатпас*.
2. Достар, нағашы жұрт деген кімдер? Ол туралы не білеміз? Нағашы туралы қандай мақал-мәтел, өлең, тақпақтар бар?
3. «Нағашым» өленін жаттап алайық.

Анамның анасы,
Әкесі, ағасы –
Ең жақын сүйікті
Жекжатым – нағашым.
Нағашым аташым,
Анашым, әкешім,

Мерейлі, мен келсем
Береді бағасын.
Береді бар асын –
Керегін аласын.
Аңыз қып ел айтқан
Нағыз жұрт – нағашым!

4. «Үйдің жақсы болмағы – ағашынан,
Жігіттің жақсы болмағы – нағашыдан» деген мақалды қалай түсінеміз?

...Түс кезінде болған әңгімеден кейін баланың бойы үйренгендігі болар, еркін. Әңгімені де өзі бастады:

– Сен Алматыдан келдің бе?

– Иә, Алматыдан келдім.

– Менің мамам да Алматыда, – деді бала еркінсініп, еркелегендей денесін Есмағамбеттің денесіне тигізіп тұрып.

– Білемін ғой...

– Менің мамамды танысың ба?

– Неге танымаймын... танимын. Мамаң біздің үйде әлденеше рет болды ғой.

«Е, сен менің мамамды білетін болдың ғой» дегендей баланың көздері күлімдеп тұрып, кішкентай саусақтарымен Есмағамбеттің білегінен ұстады. Шашынан сипады.

– Ал сен мені білмеуші ме едің? Мен де атаңмын ғой.

– Білмеймін, – деді бала бірден мұның білегінен өзінше қысып-қысып қойып.

– Мені көрген жоқсың ғой.

– Әжем айтқан... атам айтқан... мамам да айтқан.

Есмағамбет баланың басынан сипады.

– Тағы да піскеші, – деді бала осы сәтте сықылықтап күліп тұрып.

Есмағамбет баланың басынан құшырланып піскеді. Оның осы ықыласы да сезімін қозғағандай бала жайнап, қуанып кетті.

- Шампуньнің пісін енді білдің бе?
- Білдім. Бұрқырап тұр.
- Бұрқырап тұр ма? Әлі пісі кетпеп пе?..

Сөз маржан

1. **Жоңышқа** – біржылдық және көпжылдық екпе шөп. Бұл жерде: жоңышқа еккен жерді, яғни жоңышқалықты айтып тұр.
2. **Топшылау** – жорамалдау, соләй деп ойлау.
3. **Шіркеу** – 1) христиан дінін ұстанушыларға арналған ғимарат; 2) көне сөз: бетті қалқалап тұратын жапқыш, яғни бетперде. Бұл жерде: болған жайға байланысты ұялу мағынасында.
4. **Күмілжу** – ашық, айқын емес, күңгірт, белгісіздеу.
5. **Ұстара** – шаш алатын, сақал-мұрт қыратын өткір пышақ.

АЛМАТЫНЫ АРМАҢДАУ

Бала енді арман-мақсатына жеткендей елеуреп тұрып:

- Сосын екеуміз базарға барамыз ғой, – деді тағы да.
- Базарға неге барамыз?
- Онда мамам бар емес пе?
- Иә, мамана барады екенбіз ғой.

– Мамамды тауып алсақ... әр жағында папамды да іздейміз бе?

Олар базарда бір-бірінен адасып қалған ғой. Өйткені базар үлкен. Мама айтқан: «Алматының базарының мына шеті мен ана шетіне көз жетпейді деп... Құжынаған халық деп...»

Мамасы мен папасы жайлы баланың шабыттанып айтқаны сондай, осы қалпында пойызға қазір мініп кетердей алып-ұшқан екпін бар еді. Ол – ол ма, сәлден соң Сержанның көздерінде үлкендігі бұршақтай жас тамшыларының пайда болғанын кайтерсің...

– Мамам-м... сосын ол кетіп қалды. Өйткені мінетін пойызының уақыты болып қалған...

БАЛМУЗДАК

Мынадай әңгімеден кейін Есмағамбеттің өзі де толқып қалды. Бір жағынан, балаға осындай құпия сырын айтқызғаны үшін ыңғайсызданды да. Енді ол әңгімені мүлде басқа жаққа тезірек бұрып жіберуге асығып: «Алтыаяқ атанды білесің бе?», «Кертұмсық атанды білесің бе?» деп жақын туыстар жайын сұрап кетіп еді, бала бәрін де көріп жүрген, білетін болып шықты. Бірақ:

- Аязбай атамды жақсы көрем, – деп ерекше таңдау жасады.
- Неге? – деді Есмағамбет аз-кем таңырқап отырып.

– Өйткені ол балмұздақ сатып әперген. Мынша рет, – деп бала екі саусағын шошайтты.

– Өзгелері балмұздақ сатып әпермеді ме?

– Жоқ-қ, – деп бала басын шайқап кіржиді. Кіржиюі «олар балмұздақ сатып әперуді қайдан біле қойсын» дегендей менсінбеу еді.

– Балмағамбет атаң ше?

– Ол сатып әпермек түгілі... тамағың ауырады деп ұрсады... Бала «бұл атамды да қойшы» дегенді аңғартқандай тағы да кіржиді.

Ендігі жерде балмұздақ мәселесі Есмағамбеттің өзін де ойландырып тастады. Ол қозғалақтап, сипаланып, шалбарының екі қалтасын кезек тінтіп жатып:

– Сержан, бұл маңайда балмұздақ сататын дүкен бар ма? – деп қалды. Бала да Есмағамбеттің осылай деуін ғана күтіп тұрғандай:

– Анда бар-р... Мында бар-р... Сосын ана жақта тағы біреуі бар-р, – қолын үш тұсқа сілтеді.

– Бірақ ең жақсысы – «Шағала» ...ол ана жақта, – деп бала қолымен әуелгі сілтеген тұсты қайта мегзеді.

– Сонда оның несі жақсы... «Шағаланың?»

Бала тағы да мүдірген жоқ. Сабакқа зерек шәкірттей сартылдап тұр:

– Оның жақсысы... балмұздақтың әр түрі бар... Сосын ол дүкен жұрт ұйықтағанша істей береді...

– Онда сол «Шағалаңа» барайық, – деді ол орындықтан көтеріле беріп.

– Біздің үйге ол жақын, – деді бала мұны ынталандыра түскісі келгендей.

– Алыста болса да барамыз...

Есмағамбетті дүкенге қарай бастап келе жатқан Сержан өте көңілді еді. Ол аузы әңгімеден босамай сөйлеп келе жатып та аяқтарын билеп басып, кейде өз-өзінен секіріп, ішкі қуанышының әсерін де жасыра алмады...

Бұлар дүкенге кіріп келгенде, сатушы келіншек Сержанның тағы да балмұздақ сатып аларын білгендей тоназытқыштың маңына қарай жүрді.

– Неше балмұздақ керек?

Бала жауап орнына Есмағамбетке бұрылды.

Есмағамбет ойланбастан: «Қанша алғың келсе, сонша ал, балам...» деген кезде баланың жүзі жайраңдап, «атамның айтқанын естідіңіз ғой» дегендей сатушы келіншекке қарады. Сосын тоназытқыштың есігі мол ашылған сәтте сатушының бірдеңе деуін күтпестен-ақ, бала мұздап тұрған балмұздақтың ана түріне де, мына түріне де қолды салды дейсің... салды дейсің...

Баланың мына қылығына күлімсіреген күйі сатушы оның қос уысы тола әртүрлі балмұздақтардың бағасын әуелі есептеп, Есмағамбетке бұрылып:

– Үш жүз жпырма тенге, – деді де, баланың уысындағы балмұздақтарды пакетке сала бастады.

Сержанның қайтар жолдағы көңіл күйін тойға бара жатқандай әлде тойдан келе жатқандай десе де болар еді.

Қолында етегі жерге сүйретілген балмұздақ салынған көк пакет. Аузындағы сөзді біреу тартып әкетердей асығып-аптығып сөйлейді:

– Мен мұның қазір біреуін-ақ жеймін... онда да тәрелкеге салып ерітіп... Қалғанын тоназытқышқа саламын, – деді ол асып-тасып сөйлеп келе жатып. – Ертең таңертең тағы біреуін... Күн әбден ысыған кезде тағы біреуін... Сосын-н арғы күні-і... – дей беріп бала тоқтап, Есмағамбеттің бетіне қарады.

– Арғы күні-і... пойызға мінеді екенбіз ғой.

– Иә, ол күні Алматыға кетеміз ғой, – деді Есмағамбет те күндізгі айтқан уәдесі есіне түсіп. – Сонда сен балмұздақтардың қалғанын қайтпексің? Атаң мен әжене беріп кетесің бе?

– Жок. Олар балмұздақ жемейді ғой. Бұл жерде кәрі кісілер балмұздақты қолдарына ұстамайды да. Сондықтан мен қалған балмұздақтарды Сағынай деген досыма беріп кетемін. Әрі көрші, бір үйден кейін тұратын... оның балмұздақ сатып әперетін аталары да жок. Тіпті мен оған «Алматыдан келген атам сатып әперді» деп қазір-ақ біреуін берсем болады.

Дәл осы сәтте Сержан бақытты еді. Ол асып-тасып сөйлеп келе жатып та аяқтарын кейде билеп басып, кейде өз-өзінен секіріп, секектеп үнемі алда келе жатты. Баланың көңіл күйіне орай Есмағамбет те көңілді еді. Бір жағынан, сәбиді осынша қуандырғанына іштей риза. Осы көңіл күйінің әсері болар, бір кезде атақты мақтаншақтардай:

– Әй, Сержан, осы сен онашада шыныңды айтшы... Қай атаңды жақсы көресің? – деп еді.

Бала ойланған жок. Тіпті Есмағамбет атасының осы сұрақты бір қоятынын біліп, әзірленген жанша:

– Ең жақсы көретінім – Есмағамбет атам... Сосын Аязбай атам... ең сонынан Балмағамбет атам-м... – деді саңқылдай сөйлеп...



ОРЫНДАЛМАҒАН УӘДЕ

Кешкі шай кезінде Сержан Есмағамбеттің жанында болды. Кейде құшақтады. Мойнына асылды. Мұның тікелейрен мұрттарына бетін басып, ішек-сілесі катып күлді.

– Атанның мазасын алма. Баламыз тентек екен деп кетеді ғой, – деп Мейірқұл тоқтау айтқан болып еді, үйренісіп алған бала әжесінің айтқанын құлағына да ілген жоқ. Тіпті Есмағамбеттің нығына асылып тұрып, «түнде сенің жаныңа жатамын» дегенді де ескертіп қойды. Бірақ сөйтіп жүріп өзі дастарқан жиналып болмастан-ақ тырайып ұйықтап қалды да, ол ұйықтап қалған соң күндізгі уәдесі есіне түсіп, Есмағамбет:

– Өзін Алматыға ала кетсем қайтер еді? – деп еді, ағасы мен жеңгесі қабаттасып өре түрегелгені.

– Оны қайтесің, бейнет қылып? – деді Балмағамбет..

Ертеңгілікте ол кеш оянып, жуынып болған соң бірауық жеміс ағаштары арасында серуендеген. Ауа мөп-мөлдір. Және бұл жердің ауасы Алматынікіндей емес, жеңіл. Оның үстіне, терістіктен аздаған леп соғып тұр екен, сол леп біржола бойын сергітіп жіберген Есмағамбет күндегі әдетімен қол-аяқтарын кимылға келтіріп, өзінше шынығып жүріп, кенет тағы да Сержанның әдемі үнін естігені.

Мома-аа... мома-аа...

Сенсің ғой ең дана-аа...

Мома-аа... мо-ма-аа...

Дауысы сондайлық ерке. Тап бір мамасының алдында шолжаңдап отырған ерке тотаі бала секілді.

Есмағамбет бұл әнді бұрын да көп еститін. Бірақ баланың айтуында сондайлық әсем естілетіндігін аңдауы осы жолы еді...

Екеуі таңертеңгі шай үстінде тағы да қатар отырды...

Сөз
маржан

1. **Шүбәланған жоқ** – бұл жерде: күмәні болмады, сенді деген мағынада.
2. **Елеуреп** – бұл жерде: көңілі көтеріліп деген мағынада.
3. **Зерек** – ақылды, ұғымтал.
4. **Құжынаған** – бұл жерде: көп халық, яғни көп адам деген.
5. **Уыс** – қол саусақтарын жымдастыра бүктегенде шұқырайған алақан аясының іші, яғни шеңгел.
6. **Тырайып** – аяқ-қолын жіберіп серейіп жату.
7. **Дықшыл** – көңіліне қаяу алғыш.
8. **Кіржию** – ұнатпаған, жақтырмаған түр таныту.
9. **Қылықсыз** – ынтасыз, селсоқ.
10. **Шолжаңдап** – ерке болу. Бұл жерде: ерке бала сияқты деген мағынада.

Оқылым тапсырмалары

1. Шығарманың негізгі идеясын үш сөйлеммен айтып, ана туралы ойымызды мақал-мәтелдермен түйіндейік.
2. Тақымы жазылмастан отыру, дықшыл сөздерін синонимдерімен алмастырып, сөйлем құрап жазайық.
3. Шығарма оқиғаларын ретімен орналастырып, композициясын құрайық. Үлгі :



- Оқиғаның шешімі
- Оқиғаның шарықтау шегі
- Оқиғаның шиеленісуі
- Оқиғаның байланысуы
- Оқиғаның басталуы


4. Достар, төмендегі тапсырманы орындайық және үлгіні пайдаланып, өз жұбымызға әңгіме бойынша сұрақтар дайындайық.



5. Сержаның үнемі айтатын «Мама» әнін біз де орындап көрейік.



Достар, берілген үзінділерді мұқият тыңдайық. Екі эпизодта берілген Сержанның көңіл күйін салыстырып жазайық (11 және 11, а-аудиолар).



Повестің жалғасын оқиық.

«...Әй, Сержанжан... атаң жолдан шаршап келген екен. Демалсын. Сен көп мазасын алмай, далаға ойна» деген сөзі де баланың меселін қайтарып тастағандай. «Сөйтейін бе? Далаға ойнап кетейін бе? Менің ендігі жерде саған жақындауыма, еркелеуіме, кешегідей сөйлесуіме болмай ма?» Есмағамбеттің бетіне аз уақыт жапақтай қарап босағада тұрды-тұрды да, амалсыз сыртқа шығып бара жатты. Бірақ есікті жабарда ол Есмағамбет атасының есіне әлденені салғандай болып тағы бір рет қарады. Сол сәтте баланың көздеріндегі әлгінде ғана ұшқын шашқан қуаныш оп-онай күдік пен үмітсіздікке орын ауыстырғандай еді. Тіпті оның көздері енді болмаса жылап жіберердей боталап тұрды ма, немене...

– Пойызға ертелеу барғанымыз дұрыс, – деп қостады да, жұрт жаппай түрегеліп есік алдындағы қолжуғышқа қарай ұмтылды.

Асыққан Балмағамбет қайсыбірлерінің қолына құманмен-ақ су күйіп жатты. Дабырласқан жігіттерден соңырақ көтеріліп, қолжұғыш маңына енді бара бергенде, тағы да Есмағамбеттің жанына Сержан үйіріле кеткені.

– Сен бұл жолы мені Алматыға алып кетпей-ақ қой, – деді бала мұндайда құшақтай кетіп немесе қолынан ұстай қоятын әдетін де жасамай, томсырайып тұрып...

– Неге? А-аа? – деп, қолын жуып жатқан Есмағамбет балаға берген уәдесі енді есіне түскендей саскалақтап қалған.

– Кейін барасың ба? Тағы бір келгенімде-е...

Бала жауап берген жоқ. Ол тіпті мұның жүзіне де тура карамай, көздерін әлдеқайда алып-қашып тұрды.

Жұртпен дуылдаса коштасып, енді жеңіл мәшиненің алдына отыра бергенде барып Есмағамбеттің көзіне Сержанның түскені. Ол қолына ойыншық күрегін ұстаған күйі (шамасы, ол ойнап жүрген жерінен атып тұрып жұртқа ілесе кеткен сияқты) шығарып салушылардан бөлек тұр екен. Жүзі алабұртулы. Өткір көздеріне ыза мен мұң ұялағандай. Бірақ жанарын аудармай, Есмағамбетке тесірейе қалған. Сол қалпында ол «Ақыры мені ертпедің бе? Берген уәденде тұра алмадың ба?» деп тұрғандай еді...



Айтылым тапсырмалары

1. «Есмағамбет жеңіл мәшинеге мінер сәтте ғана ол аз уақыт атасының аяғына оратылған болып белінен құшақтады. Баланың бұл айласы да: «Мен туралы қайта ойлан. Уәдеңді ұмытпа» дегені сияқты еді». Осы үзіндінің алдындағы оқиғаны баяндайық. Сержанның көңіл күйі неге өзгерді?
2. Сержанды екі түрлі көзқарас тұрғысынан сипаттап көрейік.



3. Әңгіме мәтінінен негізгі кейіпкерлердің образына қатысты мысалдарды жинап, оларды өз сөзімізбен сипаттап, төмендегі үлгі-сызба бойынша айтып берейік.



4. Тобымызбен ақылдасып, мына сұрақтар төңірегінде өз көзқарасымызды білдірейік:
 - а) Баланың аяғы неге алыс Алматыда жүр?
 - ә) Автор бұл әңгімесі арқылы бізге (оқырманға) не айтқысы келді?

- б) Өңгімені оқығаннан кейін қандай сезімде болдыңдар?
 в) Сержан сияқты анасын сағынып жүрген балалар қазір бар ма? Біз оларға қалай көмектесе аламыз?




Өлем халықтарындағы аналар мерекесі туралы зерттеу жүргізейік. Қандай ерекшеліктері бар?



Жазылым тапсырмалары

- Сержан Есмағамбет атасымен бірге Алматыға бара алмады, бірақ хат жазып жіберетін болды. Ол хат не туралы деп ойлайсындар? Сержанның атынан анасына хат жазып көрейік.
- Өртүрлі тақырып қойып, ана туралы әңгіме жазайық. Мысалы:
 - «Асыл ана»;
 - «Менің анам»;
 - «Әлемдегі атақты адамдардың анасы»;
 - «Менің анамның анасы» және т.б.

- Компьютерлік бағдарламалардың көмегімен әңгімеде берілген Сержанның көңіл күйі дпна мш қасын жасап, сипаттап жазайық. *Үлгі:*



- Анасын сағынған күндері
- Қуанышты кездері
- Үміттенген уақыттары
- Жылаған, мұнайған сәттері

Қызық екен!



Ең бірінші балмұздақ Англияда пайда болған. Ағылшындық I Карл өзінің жақындары мен туыстарына дастарқан мәзірін ұйымдастырып, бас аспазшысына таңғалдырарлықтағамдайындауын бұйырады. Көп еңбектенген бас аспаз жаңа тағам ойлап табады. Ол жаңа жауған аппақ қарға ұқсағанмен, төтті болып шығады. Қонақтардың таңғалысында шек болмайды. Сол кезде I Карл бас аспазды шақырып, даярлау әдісін ешкімге айтпауын, тек патша дастарқанына ғана берілу керектігін ескертеді. Ақысына 500 фунт тағайындайды. Кейіннен, 1649 жылдары I Карл биліктен кеткен кезде ас өзірлеуші Де Марко балмұздақдайындау әдісін көпшілікке жариялайды.

Кері байланыс: «Бес бармақ»

Ақ параққа алақанымызды қойып, жиегін айналдырып бастырайық. Салынған саусақтарға төмендегі сұрақтар бойынша жауап жазайық:

Бас бармақ – басты мәселе. Тақырып бойынша ең құнды мәселе қандай болды?

Балаң үйрек – бірлесу. Мен топта/жұпта қалай жұмыс жасадым?

Орған терек – ойлану. Мен қандай білім мен тәжірибе алдым?

Шылдыр шүмек – шынайылық. Маған шығарма ұнады ма? Неліктен?

Кішкентай бөбек – көңіл күй ахуалы. Мен осы тақырыпты оқу барысында өзімді қалай сезіндім?



НҰРДӘУЛЕТ АҚЫШ

(1950 жылы туған)



Нұрдәулет Ақыш – жазушы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, әдебиеттанушы-ғалым.

1950 жылы Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай ауданы, Манырақ ауылында өмірге келген.

Автордың «Күрмеуі қатты түйіндер», «Үндемейтін ұл», «Таң алдындағы дабыл», «Ұлы ғарыштар ұрпағы», «Жатақхана қыздары», «Ұры қыздың тағдыры», «Қадірсіз коныр», «Нағыз әже қайда?», «Бұрынғы бастықтың әйелі», «Мұнды жанардың сәулесі», «Дон-Жуанның қалыңдығы», «Көнбіс бәй-

біше», «Жұмыс іздеген қыз» және басқа да көптеген әңгіме-повестері замандастар бейнесін әр қырынан аша білуімен қазақ прозасына белгілі бір үлес болып қосылды.

Н.Ақыш – «Құрмет» орденінің иегері, жастардың «Жігер» фестивалінің, Халықаралық «Жамбыл» сыйлығының жүлдегері, Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай ауданының құрметті азаматы.

«НАҒЫЗ ӘЖЕ ҚАЙДА?» ӘҢГІМЕСІ

Тақырыпашар тапсырмалар

1. Достар, сендердің ойларыңша, әже деген кім?
2. Нағыз әже қандай болуы керек?

Тірек сөздер:

қос тентек
елден келген
шешей
ертегі
дастарқан басы
қайтар жол
әже



Әңгімеден үзінді тыңдайық (12-аудио).

Тыңдалым тапсырмалары

1. Елден келген әже қандай деп ойлайсындар? Оқиға әрі қарай қалай жалғасты? Өзіміз болжам жасап көрейік.
2. «Әже іздеу» туралы ой Ая мен Райханның ойына қалай келді? Оларға әже не үшін керек болды?
3. Мәтін мазмұнын өз сөзімізбен баяндайық.



Әңгіменің жалғасын оқып, өз болжамдарымызбен салыстырып көрейік.

...Бір күні әйелім: «Азат, әлгі Жолдастың Ажарасы оқуға түсіпті. Конкурстан алдыңғылардың бірі болып өткен көрінеді. Соның қуанышына осы сенбіге бәрімізді шақырып отыр. Елден Жолдастың шешесі келіпті» деген хабар алып келді...

– Келсе қайтеді екен? Баласының танымайтын жолдасы келіп сәлем бермеді деп ренжімейтін шығар ол кісі.

– Азеке, жұмыс-жұмыс деп жүріп кішкентайларыңды да ұмыта бастағаның ба? «Нағыз әжені» көрсетем» дегенің қайда?

Сонда ғана барып есіме сарт ете түскені.

Бұл жолы шақырылған жерге желп етіп жетіп бара салмай, кәдімгідей мән беріп дайындалдық. Тіпті өз отбасымыздағы қуанышты қарсы алатындай-ақ карадай қарбалас жасап, әбігерге түсіп кеттік... Әсіресе қыздарымыз алабөтен қуанышты. «Әжеге барамыз, әжені көреміз» деп өздерінше мәз-мейрам...

Есіктен кірісімен кідірмей іздегенім – елден келген шешей. «Жанылыспай, дәл танитын шығармын» деп ойласам да, көзімді тиянақтата алмай, әуелі іркіліп қалдым. Дастарқан басына келіп жайғасқаннан кейін ғана байқадым ол кісіні. Өзінің сырт нұсқасы мен білетін ауыл кемпірлеріне онша келіп тұрған жоқ. Пығына көгілдір жемпір іліп, басына жаздық гүлді орамал салған егде кісіні ала шұбар топтың ішінен бірден ажырата алмауым онша әбестік бола қоймаса керек. Ауылдан келген шешей зиялы қауымның ортасына сіңісіп еркін отырсын деп келін-баласы әдейі осылай киіндірген болар...

– Ал, апа, ат-көлігіңіз аман, есен-сау жеттіңіз бе? Жаңа топты кісінің ішінде амандық та сұраса алмай жатырмыз. «Күйлі-қуатты барсыз ба?» деп ауылды жердің сөйлеу мәнерімен бастырмалата жөнелдім. Ондағы ойым: мүдіріп тұрмастан, ашық-жарқын аңқылдақ адамша бірден-ақ жұғысып әңгімелесіп кету. Денесімен бұрыла қараған шешейдің жүзінде «Бұл кім өзі?» дегендей таңдану нышанын таныдым.

– Е, шүкіршілік, жеттік қой. Ұшаққа жер алыстық етуші ме еді. Ұшаққа әлгі кіші ұлым өзі әкеліп отырғызып жіберген. Бұл жерде тік тұрып Жолдасжан қарсы алды. Бәрі осы жаман қараның арқасы емес пе, шайқақтап жүргеніміз. Ауылдың қай кемпірі Алматыға келіп мәшинелетіп қыдырып жүр, – деп шешей осы қалпына разы кейіппен сөзуарлық сездірді...

– Қазір енді ауылда немерелеріңізді бағып қана отырған шығарсыз? – дедім арынды ойдың жетегімен әңгімелесе бергім келіп...

– Менің «бағып көрейін» дегеніме көнбей, әлгі келін тілі шығысымен-ақ балабақшаға берген. Қазір сонда жүр. «Өкімет өзі бағады, керек өнерін үйретеді. Тамағы тоқ. Сізді әуре қылып қайтеміз» деп балам да көнбеді. Онысы бір жағы дұрыс та сияқты. Баладан шыққанымыз қашан. Қолымыз да қатып кетті ғой. Бір күні ауыртып алсам, жаласына қалмаймын ба?

Әлгі бір уақыттан бері іштей жақын тартып, өзімше пір тұтып отыр-



ған шеше й осыны айтуы-ақ мұн екен, біртүрлі жатырқап сала бергендей болды. Әлденеден бойым тітіркенген адамдай ішіме салқындық үйірлді.

Не үшін келгендерін ұмытып, ойынға айналып кеткен Ая мен Райханның қолдары босап, қасымызға жеткені осы кез.

– Міне, әже деген осындай болады, – деп оларға шешейді дереу таныстырып та үлгердім. Онсыз да іштері пысып отырған қыздар маған жымындай қарасты. Райхан тіпті жатырқауды білмейтін сәби еркелікпен үлкен кісінің тізесіне жайғасып та алған. Дастарқанды жаңартып жатқан Жолдастың жұбайы:

– Әй, Азаттың қыздары, өздерің Аликтің бабушқасын мүлде немденіп алыпсындар ғой. Түсіндер алдынан. Алік бұларыңды көрсе, сендермен төбелеседі, – деді өктемсіген дауыспен...

Шешеймен бір-екі ауыз сөз алмасып, бойы үйрене бастаған Райханның:

– Әже, осы сіз шын әжесіз бе? – дегені қарап отырмай.

– Өзі не деген сүйкімді бала, бәрін біліп тақылдап отыр. («Тіфа, жерге түкіріңіз» дей жаздап, ернімді қымқыра қойдым.) «Әже» дейді мені. Жас келіп, балалар өсіп жатқан соң қайтіп әже болмассың. Уақыт өзі соған әкеледі екен ғой.

– Әже, онда бізге ертегі айтып берші, – деді сөздің ретін бағып үндемей отырған Ая сабырлы қалпын сақтаған күйі. Осы кезде Жолдастың жұбайының санқылдаған өктем үні тағы естілді:

– Әй, мына Азаттың қыздары мүлдем басынайын деді ғой, ей! Біздің бабушка сендерге, немене, ойыншық па еді сонша? Жок, бұрынғының ертегіші кемпірі ғой деп пе едіңдер, өтірік-шынды қиыстырып соға беретін. Кісінің мазасын алмай, ойнаңдар ана балалармен...

Қайтар жолда көлікті ұзақ тостық. Әншейінде сартылдап жүріп тұратын трамвай сенбінің кешіне қарай сирексіп қалыпты. Райхан мен шешесі тым көңілді, қонақтан алған әсерлерін жарыса бөлісіп сөзден дес берер емес...

Біреуден ұрыс естіген адамдай болып тымырайып үнсіз тұрған – Ая екеуміз. Бір-екі рет өзара жасқана қарағанымыз болмаса, бір-бірімізбен жарытып сөйлескеніміз де жоқ. Екеуміз ізді мазалаған ойдың ортақтығын



содан-а қ сездім. Жанымды қинаған жайсыз сезімді ашып айта алмай, қуыстанатын секілдімін. «Сәбидің алдында өтірікші болдым-ау» деген өкініш те бір сәт өзегімді жалап өтеді...

– Папа, Аликтің әйбат кітабы көп екен. Бірақ бізге көрсеткен жоқ. «Жыртып тастайсындар, сосын мұғалім ұрсады» деп бермей қойды.

Мамасы сөзін жүре тындап, өзінше сөйлеп кеткен соң Райхан енді маған бұрылған. Сол-ақ екен, Балқыз да баласының сөзін өз ойымен ұштастырып ала қойды.

– Оқушы баланың кітабын қайтесің? Онан да іздеп келген әженді көргенінді айтсаншы. Жақсы әже емес пе, ә? Әне, жақсы кісіні бала да біледі. Неғып үндемей тұрсың, Азат? Мода мен эстрада туралы айтқанын естідің бе өзі?! Соның кейбірін қалада тұрған мен білмеймін. Өзі сендерге қандай ертегі айтты, ә, Аятай?

Әпкесі үшін жауап берген тағы да Райхан:

– Жок, айтпады. Ол кісі ертегі білмейді екен.

– Білмейді дейді? Қой, білмегені қалай? – деп Балқыз сұраулы көзін маған қадай берген еді, карап тұрмай Райхан тағы киіп кетті:

– Папа, айтшы. Ол өзі әже емес қой деймін, ә?

– Әже емесің не, кызым-ау. Енді кім екен, ә? Қой, олай деп айтпа, ұят болады.

– Жок, папа. Ол әже емес. Ол жай ғана бабушка. Мен білем, әже деген ондай болмайды. Өзің айтқансың.

Трамвайдан түсіп үйге келе жатқанда, кенеттен Аяның:

– Папа, шынында да, ол әже емес шығар? – дегені әлденеден көңілі қалған адамдай, басыңқы жуас дауыспен. – Айтшы, папа. Ол шын әже емес қой, ә?

Мен «әже» деген жанның жасы келген үлкен кісі екенін айтып бірдемені әлсіздеу түсіндірген болып едім, онша нанымды шыққан жок. Жауабыма Аяның қанағаттанбай қалғаны анық еді.

– Папа, сен бізге бәрібір нағыз әжені көрсетесің ғой. Айтшы, көрсетесің бе? – деді сосын ол жаңағыдан гөрі жадыранқырап. Аялы жанарларында тұтанған үміт ұшқынын жасырмай, сәбилік сеніммен бетіме тура қарайды.

Мен уәде еттім. Бірақ оны қалай орындайтыным туралы сол сәтте ойланған жоқ едім.

Сөз маржан

1. **Ұршық** – жүннен жіп иіруге арналған құрал.
2. **Мәсі** – былғарыдан, шегіреннен тігілетін аяқкиімнің бір түрі.
3. **Кимешек** – қазақ әйелдерінің дәстүрлі ұлттық баскиімі. Кимешек ақ матадан немесе ақ жібектен молдау пішіліп, адамның басын, иығын, кеудесі мен жауырынын жауып тұрады.
4. **Шылауыш** – кимешек үстінен байланатын үлкен ақ шаршы орамал; жаулық.
5. **Сөзуар** – шешен, тілмар, сөзшең.
6. **Бүйректен сирақ шығару** – болымсыз нәрседен шатақ шығару, орынсыз сөйлеу.
7. **Нанымды** – шынайы, шын, дұрыс деген. *Бұл жерде:* «шыққан жоқ» күрделі етістігі қосылып шынға, расқа ұқсамайды деген мағына білдіріп тұр.

Оқылым тапсырмалары

1. Әңгіменің негізгі идеясын үш сөйлеммен тұжырымдап, ойымызды мақал-мәтелдермен түйіндеік.
2. *Ұршық, мәсі, шылауыш, кимешек* сөздерін қатыстырып, сөйлем құрайық. Осы заттарды көргендерің бар ма?
3. Кейіпкерлердің қонаққа барғанға дейінгі көңіл күйлері мен қонақтан қайтқан кездегі көңіл күйлерінің өзгеру себептерін анықтайық.
4. Кейіпкерлердің ойындағы нағыз әженің бейнесі берілген үзіндіні тауып оқыық.
5. Әңгіме үзіндісінде берілген суреттеулерді пайдалана отырып, «Нағыз әженің» портретін жазайық.
6. Шығармадағы әже және Райхан мен Аяның ойындағы әжелердің бейнесін салыстыра сипаттайық.

Салыстыру аймағы	Сырт келбеті, киім-кешік мәнәрі	Мінезі	Іс-әрекеті
Балалардың қиялындағы әже			
Қонақта көрген әже			




Портрет (франц. *Portrait* – бейнеленген) – әдеби кейіпкердің сырт көрінісін, кескін-кейпін, бой тұлғасын суреттеу. Яғни, суреттеліп отырған тұлғаның сыртқы пішінін сөзбен суреттеп беруді *портрет* дейміз.

7. Өз жұбымызбен берілген сұрақтар төңірегінде сұхбат құрайық.
 - Әңгімені оқыған соң қандай сезімде болдыңдар?
 - Егер жазушы болсаңдар, әңгімені қалай аяқтайтын едіңдер?



Айтылым тапсырмалары

1. Әңгіме кейіпкерлері Ая мен Райханның шығарма барысындағы көңіл күйлерінің өзгеру динамикасын анықтайық.



2. Тобымызбен ақылдасып, қонаққа барған кездегі Ая мен Райханның іс-әрекеттерін бағалап, пікірімізді білдірейік.
3. Сендердің ойларыңша, нағыз қазақ әжесі қандай болу керек? Нағыз әже істеуге тиіс төрт нәрсені ұсынайық. *Үлгі* :
 - а) талапшыл, ;
 - ә) мейірімді, ;
 - б) жанашыр, ;
 - в) еңбекқор,

4. Әжең ертегі айта ма? Әжелерімізден естіген ертегілерімізді достарымызға баяндайық.
5. «Асыл әже» әнін тындайық. Өз әжеміз жайлы сыныптастарымызға айтып берейік.
6. Өзімізде бар және кітап, газет-журнал беттеріндегі әжелердің суреттерін жинап, «Әжелер» атты көркемсурет көрмесін өткізейік. *Үлгі:*



7. Суретте берілген әжелер не істеп отыр? Әрбір суретке ат қойып, сипаттама берейік.
8. Берілген торкөзге Шоқан Уәлиханов пен Абай Құнанбаев әжелерінің аттарын жазайық. Ұлы тұлғалардың әжелері туралы ой бөлісейік.

1						
---	--	--	--	--	--	--

2				
---	--	--	--	--

Қызық екен!



АбайдыңәжесіЗереніңазан шақырыпқойған аты– Тоқбала.Баршаауыл адамдары«көріәже»деп атаған. Кішкентай кезінде әжесінің ертегілерімен әңгімелерінтыңдағанбалаАбайдыңақылы биіктөйберді.

Балалық шағы соғыс жылдарындаөткен ақын Мұқағали Мақатаевтың ақ жаулықтыәжесініңаты Тиынболған. Ол кездеәжелераңыз-дастандарды, ертегі-қиссалардыжатқа айтып, баланыбесік жырымен тербеткенАқиық ақын әжесіне,оның ақ жаулығынаөлең шумақтарынарнаған.

«Алматыақшамы» газетінен



Жазылым тапсырмалары

1. Достар, әжелерімізге арнап өлең жазайық.
2. Берілген кестені толтыру арқылы әңгімедегі әже бейнесі туралы қорытынды пікірімізді білдіріп, сыни хабарлама жазайық.

Шығарма аты	Кейіпкерлер	Оқиға желісі	Не суреттелген?	Түйінді ой	Қазіргі заманмен салыстыру

3. Жазушы Нұрдаулет Ақыш дүниеге келген Шығыс Қазақстан облысын Қазақстан картасынан тауып көрсетейік. Шығыс Қазақстанда дүниеге келген қазақтың атақты ақын-жазушылары туралы мәлімет жинайық.



4. «Әжелер – отбасының берекесі» атты шағын әңгіме жазайық.

Кері байланыс: «Зерде»

Алған ақпараттарымызды тұжырымдап, өз жетістігімізге баға берейік.

Білім – тақырып бойынша алған ақпараттарым.

Эмоция – сабақтағы көңіл күйім.

Баға – жетістігіме беретін бағам.

Сын – өз бойымда нені дамытуым керек?

Идея – маған келген жаңа ой.



ДЖЕК ЛОНДОН

(1876–1916)

Джек Лондон (Джон Гриффит) – 1876 жылы 12 қаңтарда АҚШ-тың Сан-Франциско қаласындағы Глен-Эллен мекенінде дүниеге келген.

Лондон деген атты оған Джон Лондон деген өгей әкесі береді. Табиғатынан қайырымды бұл адам Джекке қамқор әке болғанмен, отбасы жағдайларын үнемі жақсы ұстауға мүмкіндігі бола бермейтін. Сол себепті Джек ерте есейіп, он жасқа жетер-жетпестен газет сатады. Одан соң қалбыр зауыдына қара жұмысшы болып жұмысқа тұрады. Қара жұмыстан қолы босай қалса, бірден кітапқа бас қояды. Сөйтіп, екі-үш жылдың аралығында жергілікті кітапханада ол оқымаған кітап қалмайды.

Әдеби шығармалар жазумен 17 жасынан шұғылдана бастаған. 1893 жылы «Сан-Франциско дауысы» газетінде тырнақалды туын-

дысы – «Жапон жағалауындағы Тайфун» атты очеркі басылды. Сонан кейін көптеген әңгімелері, повестері, романдары жарыққа шыға бастады. Ол – «Қасқырдың баласы», «Оның әкесінің құдайы», «Ақ азу» повестері, «Мартин Иден» романы және т.б. көптеген шығармалардың авторы.

Джек Лондонның есімі қазақ оқырмандарына өткен ғасырдың 30-жылдарынан бері жақсы таныс. Оның әйгілі «Белый клык» повесін М.Әуезов «Қасқыр» деген атпен аударып, 1936 жылы кітап етіп бастырып шығарған. Одан кейін «Мартин Иден», «Теңіз қорқауы», «Тектік сарын» романдары мен «Қиш туралы аңыз» әңгімесі қазақ тіліне аударылды¹.



«МЕКСИКА ҰЛЫ» ӘҢГІМЕСІ



«Мексика ұлы» әңгімесінен үзінді тыңдайық (13-аудио).

Тыңдалым тапсырмалары

1. «Осыдан кейін күтпеген керемет оқиға болды...» Ол қандай оқиға деп ойлайсындар? Өз болжамдарымызды білдірейік.



Джек Лондонның «Мексика ұлы» әңгімесінің жалғасын оқиық.

ЖЕКПЕ-ЖЕК

...Жұдырықтар дауылы күрт тынды да, Ривера рингте жалғыз қалды. Дэнни, қаһарлы да даңқты Дэнни шалқасынан түсіпті. Ол теңселіп барып немесе тізерлей барып жайлап жантая құламады, мұрттай ұшты. Оны Ривераның серпе ұрған сол қолы баудай түсірген екен.

Дэнни сәл есі кірген кезде барып кимылдады. Бокс жанкүйерлерінің мұндай нокаут кезінде құлатушыны қолпаштап дуылдасатыны бар ғой. Бұл жолы бәрі тілдерін жұтып қойғандай тым-тырыс. Олар істің бұлайша насырға шабатынын күтпеген еді. Зал секунд санаған төрешінің үнін іштен тына тындап отыр. Осы кезде масаттана сөйлеген Роберттің дауысы естілді.

– Ол екі қолымен бірдей ұра алады дегенім осы ғой сендерге.

Бесінші секундта Дэнни етпетінен аударылып түсті. Ал төреші жетіге дейін санағанда бір тізерлеп дем алып, «тоғыз» дегенде атып тұруға дайын тұрды. Егер төреші «он» деген кезде тізесі еденге тиіп

Тірек сөздер:

ринг
айқас
боксшылар
жанкүйер
төреші
жеңіс

¹ Лондон Д. Теңіз қорқауы. Роман. Повестер мен әңгімелер. Орыс тілінен аударған Д.Әшімханұлы. Алматы: Аударма, 2006.

тұрса, оны жеңілді деп санау керек. Мұндайда тізесі еденнен көтеріле бергенде-ақ оны тік тұрды деп санап, Ривераның тағы да ұрып жығуға еркі бар. Ривера асығыстық жасағысы келмеді. Ол тек Дэнни тізесін еденнен көтере бергенде ғана ұруға дайындалды. Ривера қарсыласын айналып өте бергенде, төреші екеуінің арасына киліге кетті. Ривера оның әр секундты барынша жай санап тұрғанын біліп тұр. Барлығы, тіпті мына төрешіге дейін бұған қарсы.

– Мексикандықтың соққысы неткен күшті еді? – деп сыбырлады жаттықтырушыға Дэнни. Секунданты кара борша болып жанталаса терін сүртіп, желпіп жатты.

Екінші, үшінші раундтарда көзге ұратын сәттер болмады. Айлакер, тәжірибелі ринг королі Дэнни әртүрлі айла-шарғымен уақыт оздырып, бірінші раундтағы қатты соққыдан есін әбден жнып алғысы келіп жүр. Бойына біткен айрықша кайрат пен мінезіндегі қажыр ғана төртінші раундта оны өзіне-өзін келтіргендей болды. Айла-шарғыны да ұмытты. Қарсыласының тартысуын қарашы! Дэнни жинақтаған тәжірибесіне жүгінді. Өзіне әлгідей қатты соққы дарытпас үшін бәсекелесін әбден шаршату тәсіліне көшті. Ривераның бір соққысына үш соққымен жауап беріп жүр. Бірақ бұл нокаутқа түсіруден гөрі кек алуға ұқсайтын еді. Қауіп талма тұстан тиетін жұдырықтың дәлдігі мен салмағында ғой. Екі қолымен де қапталдан қысқа соққымен сілейте алатын мына баладан Дэнни шынымен абайлау керектігін енді түсінгендей.

Қорғаныста Ривера шабуылды сол қолымен қағу әдісін қолдануда. Қайта-қайта өз нәтижесін берген осы әдіс Дэннидің басы үшін аса қауіпті еді. Бірақ Дэнни талай көксоқтаны көрген сарабдал боксшы ғой. Сондықтан да жұрт оны алдын ала чемпионға балап та қойған. Ол ұрыс әдісін де ойлама ған жерден өзгерте алатын.

Қалай ойлайсыңдар?

1. Бокс алғаш қай елде пайда болған?
2. Бокс ережесі қандай? Ойталқы өткізейік.
3. Сендерге спорттың қай түрі ұнайды? Неліктен?

БИІК МАҚСАТ

Жетінші раундта Дэнни де қатты соқты. Ривера сәл теңселіп барып құламай қалды. Есін жиғызбай Дэнни қайта ұрды. Ривера кермеден асып барып репортерлердің ортасына түсті. Олар оны рингке қайта итермеледі. Ривера бір тізерлей отырып ауыр дем алуда... Керменің ар жағында бәсекелесі күтіп тұр. Төреші ара түсуді де немесе Дэнниді тежеуді де ойлаған жоқ. Елеуреген жұртта ес қалмады.

Біреу өнешін жырта айғайлады:

– Саудасын бітір, Дэнни!

Жүздеген дауыс ұлардай шулап, костап кетті. Дэнни қолынан келгенін істеуге дайын тұр, бірақ төреші тоғыз емес, сегіз санағанда Ривера кенет кермеден аса секіріп барып бәсекелесін құшақтай алды.

Ривера буынын бекем ұстады, басының буалдырланғаны да сейілгендей. Солай болуға тиіс кой! Мыналардың бәрі арамзалар емес пе? Тағы да көз алдына манағы суреттер елес беріп өтті. Шөлге тартылған теміржол, жандармдар мен америкалық кәсіпкерлер, түрмелер мен полиция қапастары, құдық жанындағы қаңғыбастар... Мұның өзі де винтовка емес пе? Өзі – революция! Ол өзінің Мексикасы үшін соғысады!

Ривера қалайда жеңілмеуге бел буды. Сегізінші раундта оның қарсыласы әуелгі соққысын қайталағысы келіп әрекеттеніп бақты. Тоғызыншы раундта жұрт тағы да тосын жайға тап болды. Боксшылар бір-бірімен жақындаса бергенде, Ривера кілт кейін шегінді де, оң қолы найзағайша жарқ ете түсті. Дэнни құлап түсті. Жұрт сілтідей тынды. Дэнни өз әдісінің құрбандығына шалынған-ды. Оң қапталдан төменнен жұмсалатын оның атакты әдісі бұл жолы өзіне жай оғы болып қайтты. Төреші тоғыз санағанда көтеріле түскен Дэнниге ол қайыра шабуыл жасамады. Мексикандық қиын жағдайға тап болғанда тырп етпеген төреші бұл жолы айқасты жалғастыруға жіберер емес.

Оныншы раундта Ривера бәсекелесін неқ астынан екі рет ондырмай ұрды. Дэнни болса долырып¹ кетті. Езуінде кекті күлкі ойнап, ызалана төбелеседі. Ол темірдей тегеурінімен Ривераны бәрібір жасыта алмады. Дауылдай соққылардан жалтара жүріп бәсекелесін үш рет ондырмай отырғызды-ау. Енді Дэнни бәсенсіп, он бірінші раундта сыр бере бастады. Осы сәттен он төртінші раундқа дейін күшін үнемдеп, сак кимылдады. Кәнігі боксшылардың беделіне нұқсан келтіретін, рұқсат етілмеген құйтырқы тәсілдерді қолдануға да арланар емес. Шынтағымен бәсекелесінің қолғабын қысып та қалды, қолғабымен Ривераның аузы-мұрнын да басты, қапсыра құшақтап жатып дауыстап балағаттап та қояды.

Арамза қылықтарын көре тұра төрешіден бастап, көрермендер бәрі-бір Дэннидің жағында.

Күтпеген қарсылыққа кездескен Дэнни ақырғы бір жойқын соққыға үміт артты. Ашынды, жалтарды, бар күшін жиып, төпелей соққылап, тізгінді өз қолына алуға барын салды.

Білегінен әл кетпей тұрғанда Дэнниден оны күтуге де болатын еді.



¹ *Долырып* – қатты ашуланғаннан, іштен тынғаннан беттің ісініп-қабынуы.

Раундтар арасындағы үзілістерде Ривераның секунданттарының қамқорлығы да шамалы болды. Оның ендіккен кеудесін желпуге де селкос, самарқау қимылдады. Он төртінші раундта ол Дэнниді тағы да ұрып құлатып, төреші секундтарды санап жатқанда ауыр қолдарын салбырата төмен түсіріп, сәл болса да тыныстап алуға тырысты. Қарсы бұрышпан күдікті сыбыр да құлағына шалынды. Оның дыбыс түйсігі аса сезімтал еді. Әңгіме үздік-создық естілді. Сыбыр шыққан бұрышқа жақындады.

– Солай болары сөзсіз. – Ол Майкл Келлидің даусын естіді. Роберт мақұлдай бас изеді. – Дэннидің жеңуі тиіс... Мен көп ақша ұтқызамын...

Бала сені тыңдайды. Бір амалын жасау керек.

Осы сәттен кейін Ривераны еш нәрсе алаңдатпады. Дэнниді тағы ұрып құлатты. Буындарын босатып, ендіге дем алып тұр. Роберт орнынан тұрды.

– Бітті, – деді ол. – Өзіңнің бұрышына тарт, – ол жаттығу кезіндегідей бұйыра сөйледі. Ривера оған ызаға толы жанарымен жалт қарады да, еш нәрсе естімеген адамдай Дэннидің көтерілуін күтіп тұра берді. Келесі үзілісте Келли Ривераның бұрышына келді.

– Шайтан алғыр, мына қалжыңыңды доғар! Жеңіл, Ривера, болашағың үшін мені тыңда! Сені байлыққа кенелтемін... Келесі жолы Дэнниді жеңуіңе мүмкіншілік жасаймын. Бүгін сен жеңілуге тиістісің!

Ривера көзқарасымен оны естігенін танытты, бірақ келісімге де, қарсылыққа да белгі бермеді.

– Неге үндемейсің? – деп ызғарлана сұрады Келли.

– Бәрібір ұтыласың, – деп отка май құйды Спайдер Хочерти. – Төреші жеңісті саған бермейді. Одан да Келлидің ақылын ал – құла да, тұрма!

ЖЕҢІСТІ ЖУДЫРЫҚ

Шың еткен гонг дауысы Ривераның ашуын одан сайын қоздырып жіберді. Жұрт еш нәрсені байыптар емес. Өзі де бір қауіпті сезгендей, бірақ оның қайдан келгенін білмеді. Дэнниге баяғы кеудемсоқтығы қайта оралғандай.



Ол дауыстап балағаттап алды да, Ривераға ұмтылды. Ривера шегіншектей берді. «Рұқсат етілмеген әдіспен ұрдың» деп жала жабылмас үшін кеудеден төмен көздемеуге бел буды. Бұл жеңіске жеткізер жарты мүмкіншілікті жоғалту болса да, оның алыстан соғып қана таза жеңіске жететініне көзі жетті.

Ривера соккы үстіне соккы алды. Жұдырық жанбырша жауды, мейлі, тек кеуде түйістіріп жақын жібермесе болғаны. Дэннидің осы тегеуріні кезінде жұрт түгел аяғынан тік тұрды. Бәрінің көздері қарауытып, естері ауған. Ешкім ештеңе түсінбейді. Тек өздерінің сүйіктісінің мерейін көріп, бар дүниені ұмытқан.

– Айқастан қашпа! – деп аласұра айғайлайды олар Ривераға.

– Ашыл, күшік! Ашыл! Өлтір оны! Дэнни, сенің ісің ақ!

Бүкіл залда салқынқанды жалғыз Ривера ғана. Темпераментке келгенде Риверадан қызуқанды ешкім жоқ, бірақ ол тасқа ұрған теңіз толқынындай шапшыған мына тобырдың жалыны оған кешкі самалдың желпуіндегі ғана әсер ететін алапат дауылдарда шынықты емес пе!?

Он жетінші раундта Дэннидің ойлағаны іске асқандай болды. Оның ауыр сокқысы Ривераны екі бүктеді. Қолдары сылқ түсіп, тәлтіректеспегіне берді. Дэнни бақытты сәт туды деп есептеді. Бала қазір оның еркінде. Бірақ Ривера бұл айламен оны ашық қалдырып, жойқын күшпен нектің астынан ұрды. Дэнни мұрттай ұшты. Үш рет көтерілмек болды. Ривера да сокқысын үш рет қайталады. Төреші оның мұнысын ешқашан бұрыс деп айта алмайтын еді.

– Билл! Билл! – деп шыжбалақтады Келли төрешіге.

– Мен не істей аламын? – деп кейін жауап берді төреші. – Мен сылтаурататын еш нәрсе жоқ.

Сөз маржан

1. **Көксоқта** – қар еріп, жердің тоңы жібіп жатқан кез. *Бұл жерде:* ауыспалы мағынада көп нәрсені көрген, тәжірибелі дегенді білдіреді.
2. **Сарабал** – 1) байсалды, салмақты; 2) әбден ысылған, кәнігі.
3. **Ұлардай** – ұлар; тауды мекендейтін ірі құс. *Бұл жерде:* ұлап-шулап дүрлікті деген.
4. **Керме** – *бұл жерде:* бокс ойыны болатын жерді айнала қоршаған жіп, яғни арқан.
5. **Тегеурін** – екпін, қарқын, пәрмен, күш.
6. **Құйтырқы** – жабайылау мінез-құлықты, яғни қулығы басым, айлалы деген.
7. **Кеудемсоқтық** – есерсоқтық, ожарлық, яғни келеңсіз қылық.

Сұрақтарға жауап беріп, шығарманы әрі қарай оқиық.

1. Неліктен төреші жеңіске жеткен Ривераның қолын ықылассыз жоғары көтерді?
2. Ривера үшін бұл жеңістің құны қандай?
3. Ривераның көңіл күйін өз көзқарасымыз тұрғысынан сипаттап көрейік.



Төреші оның қолғапты қолын алып, ықылассыз жоғары көтерді. Ривераны құттықтаған ешкім болмады. Секунданттар орындық та қоймаған, өз бұдышына да жалғыз барды. Ол кермеге арқасын тіреп, кекті көзімен секунданттарға қарады, бара-бара жанары он мың жан-күйер отырған бүкіл залды шарасына сыйғызып алды. Тізелері дірілдеп, әбден қалжырағандықтан талмаусырап кетті.

Оқылым тапсырмалары

1. Шығарманы басқаша қалай атар едік? Өзіміз қойған тақырыптарымызды дәлелдейік.
2. Шығарманың негізгі идеясын үш сөйлеммен тұжырымдап, ойымызды мақал-мәтелмен түйіндейік.
3. *Вера-Крус, ринг, секундант, нокаут, раунд, винтовка* сөздерінің мағынасын ашып, сөйлемдер құрап жазайық.
4. Шығарманың композициясын құрайық. *Үлгі :*




- Оқиғаның шешімі
- Оқиғаның шарықтау шегі
- Оқиғаның шиеленісуі
- Оқиғаның байланысуы
- Оқиғаның басталуы

5. Жұбымызбен бірігіп, шығармадағы боксшыларды салыстырайық. Салыстыру кезінде олардың ішкі сезімі, іс-әрекеті, мәртебесі, мақсаты ескерілуі керек.



6. Әңгіме бөлімдері бойынша Ривераның көңіл күй динамикасын жасайық. *Үлгі :*



Айтылым тапсырмалары

1. Әңгімені өз көзқарасымыз тұрғысынан бағалап көрейік.

Әңгіменің негізгі идеясы	Кейіпкерлеріне тән құндылықтар		Өз өміріме қажетті қандай ой түйдім?
	Ривера	Дэнни	

2. Тобымызбен ақылдасып, мәтіннен мысалдар келтіре отырып төмендегі сұрақтар төңірегінде өз ойымызды білдірейік:

- а) Адамға жеңіске жету үшін не қажет?
 ә) Спорттың адам өміріндегі маңызы қандай?
 б) Қазақ елінің намысын қорғап жүрген боксшылар туралы не білеміз? Суреттер бойынша а әңгімелейік.



Бекзат Сағтарханов



Бахтияр Артаев



Серік Сәпшев



Геннадий Головкин



Бақыт Сәрсекбаев



Әділбек Нияымбетов

3. Достар, мына суреттерде кімдер берілген? Кім бірінші танды? Боксшылардың аты-жөнін берілген суреттермен сәйкестендірейік.

Назым Қызайбай – ... ; Болат Жұмаділов – ... ; Серік Қонақбаев – ... ;
 Мұхтархан Діллабеков – ... ; Василий Левит –



Қазақстанның тұңғыш олимпиада чемпионы болған боксшы туралы білеміз бе? Қосымша ақпарат көздерін пайдаланып, осы сұрақ төңірегінде ізіңізденіс жұмыстарыңызды жүргізейік.



4. «Не істер едім?» Төмендегі сұрақтарға жауап берейік:

- а) Егер мен автор болсам,
 ә) Егер мен рингте жанкүйер болсам,
 б) Егер мен боксшы болсам,



Жазылым тапсырмалары

1. Берілген сурет сұлбаларына қарап, спорт түрлеріне анықтама жазайық.
Үлгі : 1 – жеңіл атлетика, яғни жүгіру.



2. Ривераның немесе Дэннидің атынан монолог жазып көрейік.
3. Төмендегі суреттерді пайдаланып, «Ер намысы – ел намысы» тақырыбында әдеби эссе жазайық.



Ермахан
Ыбрайымов



Иван
Дычко



Данияр
Елеусинов



Дарига
Шәкімова

Қызық екен!



Бокс ертедегірекелі—Элладаменбайланысты. Аңыздарғасенсек, ол кезеңдегіең танымал «қолғап иесі»—Тезейболған. Бокстың алғашқы түрі Ежелгі Грекияда ұйымдастырылып, олимпиадалық ойындар қатарына енген. Ол кезде жекпе-жеккешыққандар қолдарын дөкемен, жұмсақ теріменорап айқасқан. Осы бокстың алғашқы белгілерінқиш құмыралардасалынған боксшылардыңбейнесі де дәлелдейді.



Кері байланыс: «Жетістік ағашы»

«Мексика ұлы» әңгімесі тақырыбы бойынша алған біліміміз бен іс-әрекетімізді қалай бағалаймыз? Жетістік ағашынан өзімізді тауып, бояп, қорытынды тұжырымдарымызды жазайық.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. *Аттыңсарин Ы.* Таза бұлақ. Өлеңдер, әңгімелер, хаттар. Алматы: Жазушы, 1988.
2. Асанқайғы туралы аңыздар. Кітапта: Ежелгі Қазақстан аңыздары. Қазақстан балалар энциклопедиясы. Алматы: Аруна, 2007.
3. *Бабатайұлы Д.* Өсиетнама. Өлеңдер мен дастандар (Құраст. Раев Қ.). Алматы: Ғылым, 2001.
4. *Байтұрсынұлы А.* Бес томдық шығармалар жинағы. 1-том. Алматы: Алаш, 2003.
5. Балалар энциклопедиясы. 3-том. Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2008.
6. *Ғабдуллин М.* Қазақ халқының ауыз әдебиеті. Алматы: Рауан, 2013.
7. Қобыланды батыр. Кітапта: Батырлар жыры (Құраст. Е.Дүйсенбайұлы). Алматы: Жазушы, 2009.
8. *Қабанбай М.* «Бауыр» әңгімесі. BilimLand.kz және kitar.kz сайттары.
9. *Қасқабасов С.* Таңдамалы. Астана: Фолиант, 2014.
10. Қазақ ертегілері. Батырлық, тапқырлық жайлы ертегілер. Алматы: Жазушы, 2000.
11. *Нұрмағамбетов Т.* Ауғандық құстар: әңгімелер. Алматы: Жазушы, 2008.
12. *Соктақбаев Б.* Балалық шаққа саяхат: хикаяттар. Алматы: Раритет, 2005.
13. *Ақыш Н.* Үндемейтін ұл: әңгімелер мен повесть. Алматы: Жалын, 1982.
14. Қазақстан ұлттық энциклопедиясы. Алматы: Қазақ энциклопедиясының Бас редакциясы, 2005.
15. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес том. Алматы: Арыс, 2006–2011.
16. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі (Құраст.: З.Ахметов, Т.Шаңбаев). Алматы: Ана тілі, 1996.
17. Орфографиялық сөздік (Құраст.: Н.Уәли, Қ.Күдерінова, А.Фазылжанова т.б.). Алматы: Дәуір, 2013.

ТАҚЫРЫПТАР БОЙЫНША ҚОСЫМША ДЕРЕККӨЗДЕР

№	Тақырып	Дереккөздер
1	2	3
1	«Керқұла атты Кендебай» ертегісі	http://aldiyar.kz/index http://ikitar.kz/audiobook/5189-kerqula_atty_kendebaj https://youtu.be/JXhcd9gV_ug http://bilimland.kz/index.php/kz/catalog/lesson/7485 http://www.jobjk.kz/index.php/kz/novye-knigi-2/elektrondy-kitaptar/482-elektronnye-knigi-
2	Фабула мен сюжет	http://www.iref.kz/ltyi-debiettanu-yilyimyinda-yi-syuzhet-m-selesi/ http://zheruiyq.kz/2016/11/04/
3	Эссе	https://newskz.wordpress.com/2010/04/16 http://bilimdinews.kz/index.php/vysshee-obrazovanie/item/2785-esse-zhazu-disteri
4	Тақырып пен идея	http://infoportal.kz/ru/content/takyryp-zhne-ideya http://agartu.com/index.php?newsid=379
5	Көркем шығармадағы образ	http://www.mgtk.kz/dist_zaoch/3kurs/3kta-1z/adebkeres/k-rkem_obraz.pdf http://massaget.kz/forum/viewtopic.php?f=109&t=19867 http://www.ped.kz/ http://www.academia.edu/5367701/

1	2	3
6	«Қобыланды батыр» жыры	<p>https://youtu.be/_pOgd96qfpc https://ushkin1.wordpress.com/2010/11/26/ http://www.ikitap.kz/audiobook/5135-qobylandy_batyr/5135-qobylandy_batyr https://youtu.be/cDQeHUO_ReQ http://www.ardaktylar.kz/tarikhi-t-l-alar/item/192-obylandy-batyr http://adebiportal.kz/kz/characters/view/205 http://anatili.kazgazeta.kz/?p=3738 http://www.madenimura.kz/kk/materials/publications/archaeological-monuments/</p>
7	Көркем шығарманың тілі	<p>https://www.tarbie.kz/25362 http://kazorta.org/k-rkem-prozada-y-epitetterdi-stildik-yzmeti/</p>
8	Әдеби сын	<p>https://szh.kz/student/936/syn-zhanlary-baspasoezdegi-adebi-syn/ http://old.el.kz/m/articles/view/content-1273 http://www.ikitap.kz/book/1473-adebi_syn_oner_turaly_maqalalar/1473-adebi_syn_oner_turaly_maqalalar</p>
9	«Асанқайғының жерге айтқан сыны» анызы	<p>http://koshpendi.kz/index.php/sheshendiksozder/ http://www.inform.kz/kz/babalar-sozi-asan-kaygynyn-aytkandary_a2765966 https://youtu.be/NnCPbTjCWKQ http://alashainasy.kz/politic/ulttyik-ideyanyin-uyyitkyisyi--asan-kaygyi-65619/ http://bilimland.kz/kk/content/lesson/7984 http://e-history.kz/kz/contents/view/2416 http://www.danakaz.kz/content/асан-қайғы-аныз-бен-ақиқат</p>
10	Автор бейнесі	<p>http://webcache.googleusercontent.com/search?q=cache:IMZPupmWuToJ:repository.enu.kz/bitstream/handle/123456789/7288/Avtor-beinesi.pdf+&cd=3&hl=ru&ct=clnk&gl=kz http://group-global.org/ru/publication/44353-korkem-shygarmada-avtor-beynesinin-berilui</p>
11	Дулат Бабатайұлы. «О, Ақтан жас, Ақтан жас!» өлеңі	<p>http://www.bilimland.kz/kk/content/lesson/7616 https://www.youtube.com/watch?v=w-y1tud3I54 http://kazradio.kaztrk.kz/kz/programs/atadan-kalghan-asyl-soz/archive http://www.ikitap.kz/index.php/catalog/ http://kitaphana.kz/ka/downloads/referatu-na-kazakskom/231-kazak-adebieti/2577-d-babataiyli.html http://bilimall.kz/tag/olen?tag</p>
12	Ыбырай Алтынсарин. «Қыпшақ Сейітқұл», «Атымтай жомарт», «Дүние қалай етсең табылады?» әңгімелері	<p>http://oilar.kz/author/146/ybyraj-altynsarin https://www.zharar.com/kz/biography/1292-altynsarin.html http://kitap.kz/book/1150-anggimeler_ertegiler/1150-anggimeler_ertegiler http://ikitap.kz/audiobook/1526-anggimeleri_men_ertegileri/1526-anggimeleri_men_ertegileri http://gibrat.kz/gibratnama/besparyz/zeket/17-atymtai-jomart.html http://adebiportal.kz/kz/books/view/2248 http://bilimland.kz/kk/content/lesson/7527</p>

1	2	3
13	А.Байтұрсынұлы «Егіннің бастары» мысал өлеңі, «Адамдық диканшысы» өлеңі	https://www.zharar.com/tags/axmet+байтұрсынұлы+өлеңдері http://bilimland.kz/kk/content/lesson/74952_axmet_bai_tursynuly_eginning_bastary https://kaztube.kz/video/35391 https://youtu.be/b0Sen_y76yM https://youtu.be/9OzqDCYv3hY http://www.kultegin.kz/#!5_1_326
14	Бердібек Соқпақбаев, «Менің атым – Қожа» хикаяты	http://www.tarih-begalinka.kz/kk/history/postwar/figures/page1088/ http://kitap.kz/book/1979-menn_atim_koj/1979-menn_atim_koj http://ikitap.kz/index.php/catalog/audiobook/2230-menin_atim_koja_povr https://youtu.be/y-RLgI-uuDY https://youtu.be/JQz1_Zi3JO0 http://massaget.kz/mangilik_el/kazakfilm/27961/ http://mp3.cc/m/227889-zh-g-tter-kv/47616574-b-z-otanny-lanymyz/
15	Әңгіме және повесть	https://kk.wikipedia.org/wiki/%D3%98%D2%A3%D0%B3%D1%96%D0%BC%D0%B5 https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%9F%D0%BE%D0%B2%D0%B5%D1%81%D1%82%D1%8C
16	Марат Қабанбай, «Бауыр» әңгімесі	http://ebooks.semgu.kz/ebook/8/content.php?cont=d;537 http://kitap.kz/index.php/catalog/author/1773-marat_qabanbaev http://kitap.kz/audiobook/2302-bauyr_audiobook_marat_k/2302-bauyr_audiobook_marat_k http://kitap.kz/book/2128-bauyr_marat_k/2128-bauyr_marat_k
17	Тынымбай Нұрмағамбетов, «Анасын сағынған бала» әңгімесі	http://www.writers.kz/journals/?ID=10&NUM=380&CURRENT=&ARTICLE=10155 https://youtu.be/ner17FXijdA http://kitapkhana.kz/472-nrmaanbetov-tynymbay.html http://zhasorken.kz/ http://akikat.kazgazeta.kz/?p=256
18	Нұрдаулет Ақыш, «Нағыз әже қайда?» әңгімесі	http://ikitap.kz/index.php/catalog/author/3343-nurdaulet_aqysh http://adebiportal.kz/kz/authors/view/1284 http://alashainasy.kz/omir/nurdaulet-babihanulyi-akyish--51635/ http://kitap.kz/book/3425-bota_nagiz/3425-bota_nagiz https://bookmate.com/books/FJX9JccP http://anatili.kazgazeta.kz/?p=4377 https://youtu.be/QnYrVp76MtE
19	Джек Лондон, «Мексика ұлы» әңгімесі	http://kitap.kz/audiobook/5248-meksika_uly/5248-meksika_uly https://youtu.be/ZdRXI5B5haY http://alashainasy.kz/sport/kazakhstan-sportshyilaryinyin-olimpiada-oyyndaryinan-algan-medaldaryi-62791/

Учебное издание

**Керимбекова Баян Даулеткановна
Қуанышбаева Айгерим Нургазықызы**

ҚАЗАҚ ӨДЕБИЕТІ

Учебник для 5-классов общеобразовательных школ
(на казахском языке)

Оқулықты безендіруге суретшілер *Б.Маурапов, К.Төрешұлов,
К.Қаметов, Б.Оспан, Е.Бағатхан, Қ.Омархан, К.Үмбетова,
Б.Дәлетқандардың* еңбектері пайдаланылды

Редакторы *Ж.Досбай*
Көркемдеуші редакторы *А.Ақыл*
Техникалық редакторы *Л.Садықова*
Корректоры *Г.Турмағанбетова*
Компьютерде беттеген *Н.Сейдахметова*

Баспаға Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің
№ 0000001 мемлекеттік лицензиясы
2003 жылы 7 шілдеде берілген

ИБ № 5610

Басуға 02.06.17 қол қойылды. Пішімі 60-84^{1/4}.
Офсеттік қағаз. Қаріп түрі «SchoolBook Kza». Офсеттік басылым.
Шартты баспа табағы 13,95+0,46 қосарбет. Шартты бояулы бет таңбасы 58,56.
Есептік баспа табағы 8,55+0,79 қосарбет. Таратымы 50 000 дана. Тапсырыс №

**«Мектеп» баспасы, 050009, Алматы қаласы,
Абай даңғылы, 143-үй
Факс: 8(727) 394-37-58, 394-42-30
Тел.: 8(727) 394-41-76, 394-42-34
E-mail: mektep@mail.ru
Web-site: www.mektep.kz**